Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

ӘОЖ 821.512.122:371.3 Қолжазба құқығында

КАРИНОВ АБЫЛАЙ КАНАТОВИЧ

Қазақ әдебиетіндегі коучингтің әдіснамасы

8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
Филология ғылымдарының кандидаты
Такиров С.У.

Шетелдік ғылыми кеңесші
доктор PhD,
профессор
Сойлемез О.
(Кастамону университеті)

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР…… 3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР……. 4
КІРІСПЕ…… 5
1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ӘДІСНАМАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ…… 12
1.1 Қазақ әдебиеті әдіснамасы және әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми тұғырлары……... 12
1.2 Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен дамуы…… 18
1.3 Қазақ әдебиетінде инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылуы…… 27
Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар…….. 33
2 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА КОУЧИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ…… 35
2.1 Білім беру үдерісінде коучингтік технологияларды қолданудың теориясы және тәжірибесі……. 35
2.2 Қазақ әдебиетін коучингтік технологиялар арқылы оқытудың әдістемелік картасы…… 51
Екінші бөлім бойынша тұжырымдар…… 72
3 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН КОУЧИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУ БОЙЫНША ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ… 74
3.1 Эксперименттік-зерттеудің әдіснамасы……. 74
3.2 Анықтаушы эксперимент нәтижелері…… 76
3.3 Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері…….. 83
3.3.1 Оқушылардың перспективасы……. 83
3.3.2 Мұғалімдердің перспективасы…… 94
3.4 Бақылаушы эксперимент нәтижелері және талқылау…….. 102
Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар……. 109
ҚОРЫТЫНДЫ……. 111
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ…… 114
ҚОСЫМША А – Коучингтік әдістер және олардың әдебиет пәнімен сәйкестігі……. 125
ҚОСЫМША Ә – 10-сыныптың қазақ әдебиеті пәні тақырыптарына арналған қысқа мерзімдік жоспарлар……... 128
ҚОСЫМША Б – Әдеби шығармалар және коучингтік технологиялар негізіндегі Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық жоспары…… 141

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Білім беру саясаты – әлемдік білім беру тенденцияларына негізделген түрлі мемлекеттердің білім беруді жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттері мен жұмыс жоспарларының жиынтығы.

Әдебиет – көркем сөз өнері, адамзаттың өмірі мен сезімін, ойы мен арманын бейнелейтін, тіл арқылы көркем түрде жеткізілетін шығармашылық туындылар жиынтығы. Әдебиет поэзия, проза, драматургия сияқты жанрлар арқылы қоғам мен тұлғаның ішкі әлемін суреттейді.

Әдіснама – белгілі бір ғылым саласында зерттеу жүргізудің теориялық негіздері мен тәсілдерін, принциптері мен жолдарын жүйелі түрде қарастыратын ілім. Бұл ұғым ғылыми білім алуда қолданылатын әдістер жиынтығын ғана емес, сол әдістердің қолданылу логикасын, мақсаттарын, тиімділігін де талдайды.

Әдістеме – белгілі бір пәнді оқыту немесе зерттеу жүргізу жолдарын, тәсілдері мен амалдарын нақтылайтын практикалық құралдар мен нұсқаулар жүйесі. Ол әдіснаманың негізінде құрылады және білім беру немесе ғылыми-зерттеу үдерісінде нақты қалай әрекет ету керектігін көрсетеді.

Дағды – адамның белгілі бір әрекетті көп рет қайталау нәтижесінде автоматты түрде орындауға икемделген тұрақты іс-әрекет тәсілі. Дағды жаттығу арқылы қалыптасады және білім мен шеберліктің негізінде дамып, күнделікті өмірде немесе кәсіби қызметте тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Коучингтік технология – білім беру үдерісінде оқушылардың әлеуетін ашуға, өзіндік ойлауын дамытуға, мақсат қою мен шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге бағытталған, арнайы әдістер мен стратегияларға негізделген педагогикалық технология. Бұл технология оқыту мен тәрбиелеу барысында мұғалім мен оқушы арасында серіктестік, диалог және рефлексиялық әрекет арқылы жүзеге асады.

Қазақ әдебиеті пәні – мектепте оқытылатын оқу пәні, оның негізгі мақсаты – қазақ халқының әдеби мұрасын оқыту арқылы оқушылардың ұлттық рухани санасын қалыптастыру, әдеби шығармаларды талдау арқылы тілдік, эстетикалық, адамгершілік және мәдени құндылықтарды меңгерту.

Оқу үдерісі – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

Эмоционалды интеллект – адамның өз эмоцияларын, сезімдерін, көңіл күйін түсіне білуі, оларды басқара алуы, сондай-ақ басқа адамдардың да эмоцияларын танып, солармен тиімді қарым-қатынас орната білу қабілеті.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖОО	– Жоғары оқу орны
ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК	– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
PISA	– Programme for International Student Assessment: әлемнің әртүрлі елдеріндегі оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін халықаралық зерттеу
ЖББМ	– Жаңартылған білім беру мазмұны
ҚМЖ	– Қысқа мерзімдік жоспар
ҰБА	– Ұлттық білім академиясы
ЭИ	– Эмоционалды интеллект
ҰБТ	– Ұлттық бірыңғай тестілеу

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысы қазақ әдебиеті пәнін оқытуда коучингтік технологияларды қолданудың теориялық-әдіснамалық және практикалық негіздерін XXI ғасырдағы білім берудің өзекті мәселелері мен құндылықтық өзгерістер аясында қарастырады. Зерттеу жұмысы орта мектептегі білім беру үдерісінде оқушының әлеуетін ашу, өзін-өзі тануын, эмоционалды интеллектісін дамыту, шығармашылық ойлау, сыни ойлау, икемділік дағдыларын қалыптастыруда өзекті әдіс ретінде коучингтік технологияларды қолдану тәжірибесін зерттеуге бағытталған. Осы мақсатта коучингтің педагогикалық-психологиялық негіздерін талдау, оны қазақ әдебиеті пәніне бейімдеу жолдарын нақты ғылыми және практикалық тұрғыда ұсынылады.

Коучинг («Coaching» ағылшын тілінен аударғанда нұсқау, шабыттандыру, жаттықтыру) ғылымының қалыптасуы өткен ғасырдың соңына тиесілі болып, ол өте қысқа уақытта спорт, мәдениет, кәсіпкерлік, білім беру және тұлғалық даму бағыттарында кеңінен қолданыс тапты. Аталмыш технологияның практикалық тиімділігі мен нәтижелілігі ғылыми қауымдастықтың назарын аудартып, оның философиялық алғышарттары, теориялық негіздемелері, әдіснамалық бағыттары мен қолданбалы маңыздылығы жүйелі түрде зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілуіне жол ашты. Бүгінгі таңда коучинг ұғымы мен оның мазмұны әртүрлі ғылыми дискурстарда талданып, салааралық контексте кеңінен зерделеніп келеді, бұл салада бірқатар ғылыми еңбектер, оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтар жарық көруде.

Жұмыста аралас зерттеу дизайны қолданылып, анықтау, қалыптастыру және қорытынды эксперимент кезеңдерінде мектеп оқушыларынан сауалнама, фокус-топтық сұхбаттар алынып, практикалық жаттығулар жүргізілді. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдерінен алынған сұхбаттар зерттеу нәтижелерін толықтыруға және теориялық қорытындыларды басқа перспективадан негіздеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері коучингтік технологияларды қазақ әдебиетін оқытуда қолдану оқушылардың әдебиетке қызығушылығының артуына, эмоционалды интеллектісінің дамуына, өзін-өзі тану және рефлексия дағдыларының нығаюына, сыни ойлау және шешім қабылдау қабілеттерінің жетілуіне, жауапкершілік пен ішкі мотивация деңгейінің жоғарылауына, коммуникативтік және ұжымда жұмыс істеу машықтарының жақсаруына ықпал еткендігін көрсетті. Коучингтік әдістер әдеби шығармаларды өмірмен байланыстыра отырып талдауға, жеке мақсаттар қою мен өзіндік дамуға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Бүгінгі жаһандық тұрақсыздық дәуірінде елдің ұзақ мерзімді өркендеуінің басты кепілі – табиғи ресурстар ғана емес, сонымен қатар азаматтардың білім деңгейі мен заманауи құзыреттер жиынтығы. Әлемдік еңбек нарығының жылдам өзгеруі және кәсіби дағдылардың өзектілігінің қысқаруы мемлекеттерге білім беру жүйесін икемді, қолжетімді әрі өмір бойы

үйренуге бейім ету қажеттілігін туындатып отыр. Бұл тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын стратегиялық факторға айналды.

«Төртінші өнеркәсіптік революция» (Industry 4.0) кезеңінде цифрландыру, жасанды интеллект, роботтандыру және «үлкен деректерді» талдау арқылы экономикалық-әлеуметтік құрылым түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Автоматтандырылған өндірістер мен цифрлық платформалардың кең таралуы жаңа кәсіптердің пайда болуына, ал бар кәсіптердің мазмұнының түбегейлі өзгеруіне алып келуде. Бұл өзгерістер трансдисциплинарлық құзыреттерге, STEAM бағытында білім алуға, креативті ойлауға және деректер сауаттылығын дамытуға сұранысты арттырады.

Сонымен қатар, Industry 4.0 дәуіріндегі экономикалық жаңғыру адамдар арасындағы сенімді коммуникацияға, эмоционалды интеллект пен ынтымақтастық дағдыларына тәуелді. Цифрлық технологиялар дамығанымен, адами капиталдың толық ашылуы үшін әл-ауқат (well-being), мәдени әртүрлілік пен инклюзивтілікке құрметтің арта түсуі қажет. Осыған сәйкес, қазіргі білім беру саясаты тек технологиялық құзыреттерді емес, әлеуметтік-гуманитарлық қабілеттерді де тең дәрежеде дамытуға бағытталуы керек [1].

Бүгінгі жаһандық пікірталастарда білім берудің негізгі мақсаты – адамзаттың өзара түсіністігі мен табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасын дамытуы деген көзқарас басым. ЮНЕСКО-ның «Болашағымызды бірге қайта ойлау: Білім беру үшін жаңа әлеуметтік келісім (Reimagining Our Futures Together: A New Social Contract for Education)» (2021) баяндамасы білімді жаңа әлеуметтік келісім негізінде қайта қарастыруды ұсынады [2]. Ал Экономикалық Ынтымақтастық пен Даму Ұйымы әзірлеген «ЭЫДҰ Оқу Компасы 2030 (OECD Learning Compass 2030)» моделі оқушыны белсенді субъект, қоғамның дамуына ықпал ететін агент ретінде қарастырады [3, б. 8]. Бұл құжаттар өмір бойы оқу, тұрақты даму, әділеттілік пен бейбітшілік орнату бағыттарын қоғамның басты бағдары ретінде айқындайды.

Қазақстан да осы жаһандық тенденцияларды ұстана отырып, білім беру жүйесінің түбегейлі мақсатын – өмірге қажетті дағдыларды игерген және ұлттық қасиеттерді бойына сіңірген тұлғаны қалыптастыру деп айқындады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Адал азамат» тұжырымдамасын ұсына отырып, білім беру мазмұнын құндылықтық негізде жаңғырту міндетін алға тартты. «Адал азамат» ұғымы адал еңбек, әділдік, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыруды көздейді және оны өмірлік ұстаным ретінде қабылдауды талап етеді [4].

Мемлекет басышысның айтуынша, «Адал азамат – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам» [4]. Бұл идея «Адал адам → Адал еңбек → Адал табыс» формуласы арқылы нақты көрсетіліп, әділетті қоғам орнатудың іргетасы ретінде ұсынылды. Осылайша, білім беру жүйесі тұлғаны тек білімді емес, сонымен бірге әділдік пен жауапкершілікті жоғары қоятын жан-жақты дамыған азамат ретінде тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Осы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін мектептегі оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Біріншіден, Industry 4.0 дәуіріндегі құзыреттерді (сыни ойлау, цифрлық сауаттылық, ұжымдық жауапкершілік) қалыптастыру үшін дәстүрлі мазмұн мен педагогикалық тәсілдерді қайта қарау керек. Екіншіден, академиялық адалдық пен құндылықтық тәрбиені тиімді жүзеге асыру үшін жаңа бағалау модельдері қажет. Үшіншіден, ауыл мен қала мектептері арасындағы ресурстық теңсіздікті еңсеру арқылы білімнің әділеттілігін қамтамасыз ету маңызды.

Осы үдерісте қазақ әдебиеті пәнінің рөлі айрықша. Қазақ әдебиеті – ұлттық рухани-мәдени кодты сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші негізгі пәндердің бірі. Әдеби шығармалардағы адалдық, әділдік, еңбекқорлық, отансүйгіштік сынды ұғымдар оқушыларға нақты мінез үлгісін көрсетеді. Әдеби талдау арқылы оқушы мәтіндегі моральдық дилеммаларды шешуге машықтанып, сыни ойлау дағдыларын дамытады. Дебат, сахналық қойылым, эссе жазу белсенді әдістері оқушылардың коммуникативтік қабілеттері мен топта жұмыс істеу дағдыларын нығайтады. Сонымен қатар, әдеби шығармалардағы туған жерге деген махаббат, отансүйгіштік, және табиғатты қадірлеу мотивтері экологиялық сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Дегенмен қазіргі уақытта оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығының төмендеуі, мәтінді механикалық түрде қабылдау үрдісі байқалады [5]. Бұл жағдай әдебиет сабағын жаңаша ұйымдастыруды, тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді көбірек қолдануды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда коучингтік технологияларды қолдану өзекті болып отыр.

Коучингтік технологиялар оқушылардың өзіндік рефлексиясын дамытып, эмоцияларын тануға, өмірлік мақсаттарын қалыптастыруға, сыни ойлау және шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. Әдеби шығармаларды коучинг арқылы оқу – оқушының ішкі әлеміне терең үңілуге, кейіпкерлер тағдыры арқылы өз өмірін түсінуге және өзінің құндылықтар жүйесін саралауға мүмкіндік береді.

Осылайша, қазақ әдебиеті сабағында коучингтік технологияларды қолдану мәселені ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеудің өзектілігін анықтап отыр.

Зерттеудің мақсаты. Білім беру процесін ұйымдастыруда коучингтік технологияларды қолданудың ғылыми-теориялық негіздерін анықтай отырып, қазақ әдебиетін оқытудағы дидактикалық мүмкіндіктерін талдап, ғылыми-әдіснамалық негіздерін жасау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тиімді әдістемесін ұсыну. Осы мақсатты айқындау үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- білім беру процесін ұйымдастыруда коучингтік технологияларды қолдану аясын анықтап, тұжырымдау;

- қазақ әдебиеті пәнін инновациялық технологиялармен оқытуды ғылыми-теориялық тұжырымдар мен әдіснамалық көзқарастарға негіздей отырып, пәнді

ұйымдастыру барысында коучингтік технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін анықтау;

- қазақ әдебиетін оқытуда коучингтік технологияларды тиімді интеграциялау бойынша ұсыныстарға негізделген әдістемелік модель жасау;

- қазақ әдебиетін оқытуды ұйымдастыруда коучингтік технологиялардың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу.

Зерттеу нысаны. Зерттеу нысаны – 10-сынып оқушыларына қазақ әдебиеті пәні бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыру, оқыту мазмұны мен әдістерін тиімді қолдану, сондай-ақ оқушылардың әдеби-көркем шығармаларды қабылдау, түсіну және олардың тұлғалық дамуына ықпал ету мақсатында жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының жиынтығы.

Зерттеу пәні. Зерттеу пәні орта мектепте қазақ әдебиеті сабақтарында коучингтік технологияларды қолдану ерекшеліктері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

- білім беру процесін ұйымдастыруда коучингтік технологияларды қолданудың ғылыми-әдіснамалық негізі жүйеленді;

- коучингтік технологиялардың қазақ әдебиеті пәніндегі дидактикалық мүмкіндіктері нақтыланды;

- қазақ әдебиетін оқытуда қолдануға болатын коучингтік технологиялардың түрлері анықталды;

- коучингтік технологияларға негізделген қазақ әдебиетін оқытуға арналған әдістемелік моделі әзірленді;

- коучингтік технологиялардың оқушылардың танымдық, тәрбиелік және дамытушылық қасиеттеріне ықпалы эмпирикалық зерттеу арқылы дәлелденді.

Зерттеудің ғылыми болжамы. *Егер* ғылыми зерттеулерге негізделе отырып қазақ әдебиетін оқытуда коучингтік технологияларды жүйелі түрде қолданудың мүмкіндіктері анықталса, *онда* қазақ әдебиетін оқытудың тиімділігі артады, *өйткені* бұл мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген қазақ әдебиеті пәнінің оқу мақсаттарымен және бүгінгі оқушылардың сұранысымен сәйкес келеді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

- бұған дейінгі әлемдік ғылыми басылымдарда білім берудегі коучинг тақырыбында жарық көрген ғылыми еңбектерге шолу жасалынып, коучингтік технологиялар жіктелді;

- бұған дейін әдеби шығармаларды психологиялық коучингтік сессия жүргізуде көмекші құрал ретінде пайдалану түсінігі болды. Бұл зерттеу керісінше әдеби шығармаларды оқытуда коучингтік технологияларды пайдалану перспективаларын көрсетті;

- коучингтік технологиялар – қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістері аясын кеңейтіп, практикалық тұрғыдан маңыздылығын арттырды;

- коучингтік технологияларды қазақ әдебиетін оқытуда қолданудың әдістемелік картасы әзірленді;

- білім беру процесін ұйымдастыруда коучингтік технологиялар бұған дейін «педагог-педагог», «директор-педагог», «директор-мектеп әкімшілігі» жүйесінде қолданылып келді. Коучингтік технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін анықтау арқылы білім беру процесінде «педагог-оқушы» жүйесі қалыптасты;

- оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытуға, өзін-өзі тануына, эмоционалдық интеллектісін қалыптастыруға коучингтік технологиялар айтарлықтай әсер етеді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеуде пәнді оқытудағы коучингтік технологиялардың әдіснамасы талданып, қазақстандық контекстегі коучингтің теориялық негіздері айқындалды. Зерттеу нәтижелерін қазақ әдебиеті әдіснамасын, әдебиетті оқыту әдістемесін жаңартуда, коучингтік технологияларды оқыту процесіне интеграциялауда және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік береді. Жұмыста ұсынылған әдістемелік модельдер оқушылардың өзіндік рефлексиясын дамытып, әдеби шығармаларды өмірлік құндылықтармен байланыстыра отырып меңгеруге ықпал етеді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысы прагматизм парадигмасы мен аралас әдіснамаға (mixed methods) сүйене отырып жүзеге асырылды. Прагматизм шынайы нәтижеге жетуді, практикалық шешімдерді іздеуді басшылыққа алатындықтан, зерттеудің теория мен тәжірибені байланыстыру мақсатына толық сай келеді. Аралас әдістер парадигмасы сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) тәсілдерді біріктіріп, зерттеу объектісін кешенді әрі жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді. Осы негізде зерттеу барысында келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- әдеби-теориялық талдау – қазақ әдебиетінде коучингтік технологияларды қолданудың ғылыми негізін сипаттау үшін;

- ашық және нұсқалы сұрақтар негізіндегі сауалнама – оқушылардың коучингтік технологиялар арқылы оқудағы тәжірибесін зерделеу үшін;

- фокус-топтық сұхбат – оқушылардың коучингтік технологияларды қолдану арқылы жүргізілген сабақтар мен эксперимент жұмысына байланысты контекстік субъективті түсінігін анықтау үшін;

- жартылай құрылымдалған сұхбат – мұғалімдердің коучингтік технологияларға қатысты кәсіби көзқарастары мен тәжірибелерін анықтау, жаңа технологиялардың педагогикалық процестегі практикалық қолданылу мүмкіндіктерін саралау үшін;

- сапалық және диаграммалық нәтижелерді сараптау – алынған мәліметтерді визуализациялау және талдау үшін;

- педагогикалық эксперимент және статистикалық өңдеу – коучингтік технологияларды қазақ әдебиетін оқытуда қолданудың тиімділігін дәлелдеу үшін.

Аралас әдістер дизайны арқылы алынған деректерді салыстыру, толықтыру және растау мүмкіндігі туды. Бұл тәсіл зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәйектілігін арттыруға ықпал етті.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік базасы. Эксперименттік жұмыс Ақтөбе қаласындағы жалпы білім беретін №10 орта мектептің 10-сынып оқушыларымен және төрт мектептің қазақ әдебиеті пәні мұғалімдерімен жүргізілді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері мен ғылыми дереккөздері. Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік, аксиологиялық және мәдениеттанымдық тұрғылар құрайды. Қазақ әдебиеті әдіснамасының, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы отандық және шетелдік авторлардың іргелі еңбектері басшылыққа алынды. Бірінші кезекте қазақ жерінде алғаш мектептер пайда болған кезеңдегі жалпылай білім беру әдістемесіне қатысты авторларға тоқталатын болсақ, К. Ушинский, Л. Толстой, Ы. Алтынсарин, А. Васильев, А. Алекторов, М. Нұрбайұлы, Е. Закариянұлы, М. Малдыбаев, Қ. Қожықов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Т. Шонанұлы, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Б.Майлин, Қ. Жұбанов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Үсенов. Келесі кезеңде оқыту әдістемесі әр пән бойынша көбірек жіктеле бастады, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, әдебиеттің әдіснамасы жайында көптеген авторлар зерттеу жүргізіп, оқу құралдарын жазды. Бұл диссертациялық жұмысты жазу барысында осы кезеңдегі авторлардан, Р. Уоллек, О. Уорен, Ш. Кәрібаев, А. Көшімбаев, Т. Ақшолақов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмайылов, С. Тілешованың, Ә. Дайырова, Р. Құтхожина, М. Мырзахметов, С. Қирабаев, Г. Құрманбаева, С. Мақпырұлы, Т. Жұмажанова, С. Дүйсебаева, Б. Әрінова, Н. Әбдіғаппарова, Қ. Бітібаева, Қ. Алпысбаев, Б. Сманов, Б. Жұмақаева, М. Келади, Д. Айтенова, С.Балтабаева, Б. Панзабек, К. Пушпа және С. Юсеф, Д.Айтенова, т.б жұмыстары қаралды. Коучинг ғылымы жайында теориялық және әдіснамалық еңбектерден келесі тізімдегі шетелдік авторлардың жұмыстары басшылыққа алынды: Т. Голви, С. Флетчер, С. Муллен, С. Ван Ньюуербург, Р. Лофтус, Дж. Хей, М. Ландсберг, М. Коннор, Дж. Покора, Д. Гоулман, Л. Голденсон, С. Фейман-Немсер, Дж. Уанг, С. Одел, К. Дикилитас, М. Уатт, Д. Йайлы, Дж. Харрисон, С. Димок, Т. Пелл, Р. Хейл, Е. Хатчинсон, Г. Ван Гинкел, Н. Верлуп, Е. Денессен, Л. Лангелотз, Д. Колб, М. Крафт, Д. Блазар, Д. Хоган, Л. Шидлер, А. Бек, Р. Джонс, С. Вудс, И. Гийом. Сонымен қатар, қазақстандық контекстегі коучинг жайлы соңғы 10 жылда жарық көрген барлық ғылыми еңбектер негізге алынды. Авторларға тоқталатын болсақ, С. Қадырова, Г. Қайрат, Қ. Молдасан, Ұ. Төлешова, Ф. Шуллеридің, А. Орақова, Г. Сәрсенбаева, А. Жұмабаева, К. Есенова, Ф. Исмаилова, Д. Малғаждарова, М. Миричи, С. Алтун, А. Жолдасбеков, Г. Күзембаева, Ж. Смағұлов, С. Такиров, А. Жұмағұлов, О. Сөйлемез, Р. Сағадатов, Р. Аекенова. Қазақ әдебиетін оқытуда коучингтік технологияларды қолданудың теориялық-әдіснамалық базасы ретінде заманауи білім беру парадигмалары, тұлғаның өзін-өзі дамыту теориялары, эмоционалды интеллект модельдері, рефлексиялық оқыту технологиялары пайдаланылды.

Ғылыми дереккөздер ретінде әдебиеттану, педагогика, психология, білім берудегі инновациялық технологиялар саласындағы ғылыми жұмыстармен қоса Қазақстан Республикасының білім беру саясатына қатысты ресми құжаттар,

стратегиялық бағдарламалар, зерттеулер мен есептер, әдебиет пәні бойынша оқу бағдарламалары мен әдістемелік нұсқаулықтар зерттеудің дереккөздік базасын құрады.

Зерттеудің құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарауда білім беру процесін ұйымдастыруда коучингтік технологияларды қолданудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалды. Екінші тарауда коучингтік технологиялардың теориялық негіздері талданып, оны қазақ әдебиеті сабағында қолданудың моделі жасалды. Үшінші тарауда тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері мен практикалық ұсыныстар берілді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда төрт мақала жарық көрді. Оның ішінде Web of Science компаниясының Clarivate Analytics деректер базасында, Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентилі бар халықаралық басылымда бір мақала және Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда үш мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми басылымға жарияланған мақалаға осы күнге дейін түрлі зерттеулерде төрт рет сілтеме жасалды. Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар:

1. Karinov A., Smagulov Z., Takirov S. & Zhumagulov A. (2023) Implementation of coaching and mentoring methods in teaching Kazakh literature to the secondary school students. Front. Educ. 8:1279524. DOI https://doi.org/10.3389/feduc.2023.1279524
2. Каринов А.К., Сөйлемез О., Коучинг пен менторингтің әдебиетті оқытуда қалыптасуы мен дамуы. // ҚарУ Хабаршысы, Филология сериясы. - №3 (111) 2023. - Б. 101-113. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI https://doi.org/10.31489/2023ph3/101-113
3. Каринов А.К., Смағұлов Ж.Қ., Сағадатов Р.Т., Қазақ әдебиетін оқытудағы коучинг және менторинг әдістерін қолданудың ғылыми-практикалық ерекшеліктері. // ҚарУ Хабаршысы, Филология сериясы. - №1 (113) 2024. - Б. 152-161. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI https://doi.org/10.31489/2024ph1/152-161
4. Karinov A.K., Takirov S.U., Ayekenova R.M. The perceptions of secondary school teachers regarding the utilization of coaching and mentoring approaches in teaching literature. // Bulletin of the Karaganda University, Philology Series. - №4 (116) 2024. - P.109-117. (ISSN 2518-198X (Print), ISSN 2663-5127 (Online). DOI https://doi.org/10.31489/2024ph4/109-117

1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ӘДІСНАМАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақ әдебиеті әдіснамасы және әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми тұғырлары

Әлемдік білім философиясының негізін қалаушы антикалық ойшылдар (Сократ, Платон, Аристотель) білімді бірінші кезекте адамның өзін тануы мен ізгілікке жету жолы деп қарастырды [6, б. 101-155], [7, б. 335-360]. Орта ғасырларда Я.А. Коменский мен Ж.Ж. Руссо білімнің табиғи, сатылы және тұлғаның еркін дамуына негізделуі қажет екенін дәлелдесе [8, б. 63-64, 217-218], Э. Кант оны этикалық сана мен еркіндікпен байланыстырды [6, б. 441-442]. XX ғасырда Д. Дьюи білім беруді тәжірибеге сүйенген, әлеуметтік тұрғыдан белсенді үдеріс ретінде қарастырды [9, б. 205-213]. К. Роджерс тұлғаға бағытталған оқытудың негізінде оқушының еркіндігі, таңдауы және өзін-өзі дамыту мүмкіндігі тұруы керек екенін айтады [10, б. 43-47]. Ал П. Фрейре диалогтік білім беру әлеуметтік әділеттілікке жетудің жолы екенін дәлелдеп, оқушыны пассивті объект емес, белсенді субъект ретінде тануға шақырды [11, б. 87]. Бұл ойлар білімнің тек ақпарат беру ғана емес, тұлғаның өмірлік дағдыларын қалыптастырудағы маңызды рөлін айқындайды.

Түркілік және ислам дүниетанымында да білімге ерекше мән берілді. Әл-Фараби мен Ибн Сина адамның кемелдікке жету жолында білім мен тәрбиені үйлестіру қажеттігін айтса [12, б. 158; 243], Ж. Баласағұни мен Қ.А. Ясауи білімді рухани тазару мен әділдікке жетудің жолы деп қарастырды [12, б. 187-188]. Ал Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынов секілді қазақ ағартушылары білімді ұлттық дүниетаныммен, адамгершілікпен және рухани тәрбиемен ұштастыра отырып, қазақ қоғамын өркениетке бағыттауға күш салғаны белгілі. Осы озық идеялар қазіргі қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздеріне арқау бола отырып, білімнің гуманистік, тұлғалық-аксиологиялық сипатын айқындады.

Әдіснама мен әдістеме ұғымдарының теориялық шекараларын ажырату ғылыми зерттеудің тұғырын айқындауда маңызды. Философиялық және педагогикалық әдебиеттерде бұл екі ұғым өзара байланысты болғанымен, мазмұндық жағынан ерекшеленеді. Б.М. Бим-Бад әдіснаманы ғылымның логикасы мен құрылымын, теориялық және дүниетанымдық негіздерін айқындайтын деңгей деп қарастырады, ал әдістемені осы негіздерге сүйене отырып нақты педагогикалық үдерістерді жүзеге асыру жолдарының жүйесі ретінде сипаттайды [13]. В.А. Сластенин әдіснаманы білім беру теориясының құрылымын анықтайтын жоғары деңгейдегі теориялық ұстанымдар жиынтығы ретінде қарастыра отырып, әдістемені сол ұстанымдардың тәжірибеде қолданылуын қамтамасыз ететін құрал ретінде сипаттаса [14], В.Д. Шадриков әдістемені білім беру мазмұнын меңгерту технологиясымен тікелей байланыстырып, оны оқыту сапасына әсер ететін практикалық амалдар жүйесі ретінде түсіндіреді [15].

«Әдіснама» термині грек тілінде «әдіс жөніндегі ілім» немесе «әдістер теориясы» деген мағынаны білдіреді және ғылымда білімді практикадан, реалды өмірден жоғары, философияның абстрактілі аймағы ретінде түсініледі...» [16, б. 5-7]. Қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту барысында адамның әлеуметтік-жүйелілік, құндылық-дүниетанымдық, рухани-адамгершілік, психологиялық-мотивациялық, интеллектуалдық даму сапаларын дамыту мақсаты көзделеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі А. Байтұрсынов: «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім», – деген пікір білдірген болатын. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – қазақ әдебиетінің барлық салаларын терең меңгерудің мазмұны мен әдіс-тәсілдері туралы педагогикамен байланысты ғылымның арнайы саласы. Оның негізгі компоненттеріне оқытудың мақсат-міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралдары, оқыту нәтижесін бағалау өлшемдері, т.б. жатады. Сондай-ақ әдістеме әдебиетті қалай оқыту мәселесін қарастырып зерттейді [17, б. 12]. Әдебиетті оқыту әдістемесі әдебиеттің құрылымы мен қызметін, әдебиеттің ғылыми және педагогикалық принциптерін, педагогикалық зерттеулерді оқыту әдістемесін қамтиды [18, б. 61-62].

Әдебиетті оқыту әдістемесінің зерттеу объектісі – мұғалім мен білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас. Бұл сала педагогикалық ғылымның жалпы теориялық қағидаларына сүйене отырып, оқу үдерісінің мазмұны мен құрылымын талдайды. Әдістеме халықаралық терминологиялық айналымда «методика» (гр. «methodike») деп аталады, ежелгі грек тілінде «таным тәсілі», «зерттеу жолы» деген ұғымдарды білдіреді [19, б. 18]. Ал «Педагогика» грек тілінен аударғанда «баланы жетектеу» («paida gogos», «paida» – бала, «gogos» – жетектеу) түсінігін береді. Ежелгі Грекияда ақсүйектердің баласының эмоционалдық күйін бақылап, мүмкін болар қауіптерден қорғайтын, және мектепке апарып-алып кететін құлдарды «педагог» деп атаған. Кейіннен арнайы дайындықтан өткен, балаларға білім беретін, тәрбиелейтін, педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын адамдар педагогтар деп аталды [20, б. 119]. Педагогиканың зерттейтін объектісі – бала, адам, жеке тұлға [20, б. 123]. Ал педагогика ғылымының негізгі категориялары: тәрбие, оқыту және білім беру [20, б. 135].

Педагогикалық әдіснама – педагогикалық білімдер және оны іздеп табу үдерісі жайлы ілім. Оның құрамына: 1) педагогикалық білімнің құрылымы мен қызметі, оның ішіндегі педагогикалық мәселе турасындағы ілім; 2) әдіснамалық мәні бар бастапқы, іргелі, философиялық ілімдер, тұжырымдамалар, болжамдар; 3) педагогикалық таным әдістері туралы ілімдер кіреді [20, б. 137].

Әдістеме ғылымы әрбір пәнді оқытудың ерекшеліктерін өз зерттеу нысанына сай жеке қарастырады, ал педагогика ғылымындағы дидактика саласы жалпы пәндерді оқыту үдерісін қамтиды. Дидактика – түрлі пәндерді оқытуға ортақ принциптер мен заңдылықтарды айқындайтын ғылыми негіз болып табылады. Дидактика – грек тілінде «didasko», ол оқыту, үйрету, түсіндіру, дәлелдеу, білім беру деген мағына береді [21, б. 4]. Дидактика оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру

түрлерін, заңдылықтарын, принциптерін, оқытудағы басты ұстанымдар мен әдіс-амалдарды қарастырады. Жекелеген пәндерді оқыту жолдары дидактикалық негіздер мен ұстанымдарға сүйенеді [22, б. 17]. Я. Коменский дидактика оқушыларға «нені оқыту керек?», «не үшін оқыту керек?» және «қалай оқыту керек?» сұрақтарына жауап іздейтін ғылыми білім жүйесі деп анықтама береді [21, б. 5].

Оқыту – дидактиканың негізгі категориясы ретінде педагогтың оқыту мақсатын (білім беру міндетін) жүзеге асырудағы іс-әрекеті, ақпаратпен қамтамасыз етуі, тәрбиелеуі, білімді сезінуі мен тәжірибеде қолдануы. Ерте және орта ғасыр ойшылдары «оқыту» мен «оқу үдерісін» сабақ беру деп түсіндіреді [21, б. 5-6]. Оқыту үдерісінің функциялары білім берушілік, тәрбиелік, дамытушылық болып жіктеледі [21, б. 9]. Білім беру функциялары: білім берушілік, гумандық, тұлға қалыптастырушы, әлеуметтендіруші, мазмұндық, технологиялық деп жіктеледі [21, б. 31].

Кесте 1– Білім парадигмасының өзгеруі [21, б. 35-36]

Парадигма компоненттері	**Индустриалды қоғам**	**Постиндустриалды қоғам**
Құндылықтар	Қоғамдық өндіріс үшін оқу	Адамның өз өмірі мен мансабы үшін өзін-өзі реттеуі
Мотив	Оқу білім алушының міндеті Мұғалімнің қызметі кәсіби міндеті ретінде	Білім алушының білімді қажетсінуі Білім алушының білім нәтижесіне қанағаттануы
Нормалар	Оқуда білім алушы үшін жауапкершілік педагогқа жүктеледі Білім алушыдан тәртіпті талап етуге байланысты туындайтын мұғалім беделі	Білім алушы білім алуына өзі жауапты Мұғалім беделі өзінің жеке қасиетіне байланысты
Мақсаты	Оқу ғылыми білімдерді меңгеруге бағытталған Жастық шақтағы алған білім – өмір бойғы азық	Оқу арқылы адамзат мәдениетінің негіздері мен құзырлығын меңгеру Өмір бойғы оқу
Оқу үдерісіне қатысушылар-дың позициясы	Мұғалім білімді тасымалдаушы Мұғалім білім алушыларды бағыттаушы	Мұғалім өз бетінше білім алуға жағдай жасаушы Мұғалім білім алушылармен бірге, өзара серіктестікте
Формалар мен әдістер	Иерархиялық және авторитарлық әдіс Оқу пәндерінің тұрақты болуы Оқу үдерісін ұйымдастырудың тұрақтылығы	Демократиялық және элиталық әдіс Оқу пәндерінің динамикалық құрылысы Оқу үдерісінің динамикалық формалары Білім алушылардың өздік жұмысына басты назардың аударылуы

	Мұғалімге жүктелген аудиториялық сағаттардың басымдылығы	
Құралдар	Оқытудың негізгі көзі – оқу кітабы	Оқу кітабының ақпараттық-коммуникациялық және БАҚ құралдарымен толықтырылуы
Бақылау және бағалау	Бақылау мен бағалаудың пәнге қатысты жүргізілуі	Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мен бақылауына басты назардың аударылуы

Педагогика ғылымында жаңаша даму бағыттарын сипаттайтын ұғым ретінде «парадигма» термині қолданылады. Бұл терминді ғылымға алғаш рет ХХ ғасырдың 60-жылдары американдық философ Томас Кун енгізген. Т. Кун парадигма ұғымын түсіндіруде оны «қалыпты ғылым» терминімен салыстырып, олардың арасындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды нақты мысалдармен, дәлелдермен талдайды. Оның айтуынша, парадигма – ғылыми зерттеулердің өзіндік дәстүрлерін қалыптастыратын жалпы қабылданған үлгілерді, заңдарды, теорияларды және оларды практикада қолдануға қажетті құралдарды біріктіретін модельдер жиынтығы. Т. Кун жаңа модельдің даму кезеңдерін үш негізгі сатыға бөлді: 1) Парадигманың орнығуына дейінгі кезең; 2) Парадигманың қалыптасуы және орнығуы; 3) Ғылыми дағдарыс және парадигмалардың ауысуы [23, б. 37]. Ал С. Кови парадигма ұғымын түсіндіруде оны «теория», «модель», «ұғым», «түсінік» немесе «көзқарастар жүйесі» ретінде қарастырып, «біздің дүниені қалай көретініміз» деген мағынада қолдануды ұсынады. Оның пікірінше, бұл көзбен көру емес, керісінше, өмірді қабылдау, ұғыну, түйсіну және түсініктеме беру тәсілін білдіреді. С. Кови парадигманы «жергілікті карта» ретінде түсінуді ұсынады. Бұл карта белгілі бір аймақтың сипаттамасын білдіреді және екі санатқа бөлінеді: 1) Қолда бар немесе болуы тиіс нәрселердің картасы; 2) Құндылықтар картасы [24, б. 36-37].

Білім берудің гуманистік (феноменологиялық) парадигмасына сәйкес басты назарда оқушының дамуы, оның жеке мұқтаждықтары, тұлғааралық қарым-қатынастары болады. Түйіні: ізгілікті амал, тұлғалық өсуге көмек беру, өмірге дайындығына назар аудару. Бұл амалдың негізінде даму, өзіндік даму, өзін-өзі көрсету, шығармашылықты шыңдау жатыр. Дамудың ең жоғары деңгейі – өзіндік даму. Л. Выготский бойынша даму аймақтары: өзекті даму аймағы, білімді, икемділікті, дағдыны меңгеріп, оны өздігінен пайдалану аймағы. Жақын аралық даму аймағы, баланың білімді игеруі үшін ересектер көмегін пайдалану аймағы [21, б. 40]. Ал білім беру үрдісінде «гуманистік» парадигманың мақсаты – жаны ізгілікке толы тұлғалар тәрбиелеу, рухани тұрғыда өзін-өзі үздіксіз жетілдіре алатын, заман талабына сай білімді адамдар тәрбиелеуде қолжеткізетін нәтижелерді ізгілікке бағыттау. Сондай-ақ, ізгілікке бағытталған рухани байлықты

бойына тереңінен сіңірген, қандай да бір істе жаңаша ойлап, өз бетінше шешім қабылдай алатын тұлғаларды қалыптастыру [25, б. 87].

XXI ғасырдағы жаһандық даму, қоғамдық сананың өзгеруі және уақыт талаптары білім беру мақсаттарын түбегейлі жаңа бағытқа өзгертті. Әлеуметтік өзгерістерге бейімделе алатын, білімін, қабілеті мен дарынын тиімді пайдалана білетін жеке тұлғаны қалыптастыру мен оның әлеуетін ашу басты орынға шықты. Білім беру парадигмасы жаңарып, білім философиясында антропоөзектілік парадигмасы, яғни жеке тұлғаға бағытталған ұстаным алдыңғы қатарға шықты. Гуманитарлық білімнің маңызы да анықталды: «адамның әлеуметтік-мәдени болмысын қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады, өйткені ол жеке тұлғаның дамуындағы біржақтылық пен шектеулерді жеңуге көмектесіп, оның ішкі мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасайды» деген түсінік бекітілді. Бұл көзқарас адамның дүниетанымы мен танымдық қабілеттерін түсінуге және олармен жұмыс жүргізу бағыттарын айқындауға негіз болды [18, б. 50].

Әдебиет – гуманитарлық ғылымдардың ішінде өнердің бір саласы саналады. Оған танымал әдіскер-ғалым Қ. Бітібаева «адамды тану құралы» деп анықтама береді [26, б. 9-10]. Әдебиет пәні арқылы оқушы адам болмысын тануды үйренеді, қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейтеді, рухани дүниесі байиды, туған тілі мен еліне деген құрмет сезімі қалыптасады [19, б. 11]. Басқа мектеп пәндерімен салыстырғанда әдебиетте сезім, эмоция, әсер, шабыт, қиялдау, армандау, еліктеу секілді әртүрлі психологиялық күй көрініс жиі ұшырасады [17, б. 8]. Оқушының осы сезімдерін оята отырып әдеби шығармалар арқылы бүгінгі қоғамдағы жайттарды түсінетін, уақыт өзгерісіне бейім, қоғам дамуына үлес қоса алатын тұлғаны қалыптастыруға болады деген пікірді айтады Д. Айтенова [18, б. 88]. С. Балтабаева және Б. Панзабек әдебиет пәні әр білім алушының дамуына, көшбасшылық қабілеттерді арттыруына қызмет етуі керек дейді [27, б. 101-102]. К. Пушпа және С. Юсеф өз зерттеуінде әдебиет адамның шығармашылық (креативті) ойлауын дамытады және тіл үйренуіне, сөздік қорының артуына, мәдени танымының кеңеюіне әсер етеді деген қорытындыға келеді [28, б. 1921].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Орта білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері» атты нұсқаулығында мектепте қазақ әдебиетін оқытудың мақсат-міндеттері айқын көрсетілген. Қазақ әдебиетін оқыту өз алдына *танымдық, тәрбиелік, дамытушылық* мақсат қояды. Яғни, білім алушылардың таным көкжиегін кеңейту, шығармадағы персонаждардың мінез-құлқының мотивтерін көрсету арқылы тәрбиелеу, оқырманның білімін арттыру және оның бойында жақсы мінез-құлықтарды дамытуды көздейді. Бұл мақсаттар келесі міндеттер арқылы жүзеге асады:

1) сөз өнерінің ерекшелігін айқындап, шығармалардың рухани, мәдени, эстетикалық мәнін тану;

2) көркем шығармалар арқылы ұлттық таным, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту;

3) әдебиеттану негіздерін меңгертіп, мазмұндық, жанрлық ерекшеліктерді бағалау;

4) ұлттық және әлемдік әдебиет байланыстарын зерделеу;

5) көркем сөзді сауатты қолдануға және шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағыттау;

6) сыни және креативті ойлайтын, ойларын еркін жеткізетін, интеллектуалдық әрі адамгершілік қасиеттері жоғары тұлға қалыптастыру [22, б. 112].

Осы нұсқаулықта жалпы орта білім беру мазмұнының базалық құндылықтары ретінде қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу айқындалған. Қазақ әдебиетінің дамытушылық мақсаты әлбетте осы құндылықтарды дамытуға бағытталады. Сонымен қатар, кейінгі онжылдықта «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынды.

Қазақ әдебиетін оқыту процесі тек тіл мен көркем мәтін мазмұнын меңгертумен шектелмейді. Ол – оқушының рухани дамуына, ұлттық құндылықтарды қабылдауына, адамгершілік дүниетанымын, моральдық-этикалық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Мұнда әдеби шығарма – адам мен қоғам, мораль мен болмыс, тарих пен руханият жөніндегі құндылықтық ойларды жеткізетін маңызды құрал ретінде қарастырылады. Қазақ әдебиеті үлгілері арқылы оқушы ұлттық мінез, елдік сана, ізгілік пен әділет сынды іргелі категориялармен танысады.

Бұл тұжырым Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-ші бабымен ұштасады: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» [29].

Қазақ әдебиетін коучингтік технологиялармен оқыту да жеке тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға бағытталған әдістемелік құралдар негізінде білім беруді көздейді. Мұнда адамның ішкі жан қуаты, шығармашылық дарыны, даралығы, салауатты өмір салтын ұстануы және кәсіби шыңдалуы ескеріліп, оған білім алу арқылы қол жеткізіледі. Осы тұрғыдан алғанда, коучинг – тек оқыту әдісі емес, тұлғаны рухани-этикалық және әлеуметтік тұрғыда кемелдендіретін педагогикалық философияның көрінісі деуге болады.

Коучингтің әдіснамалық негізін білім философиясымен байланыстыра қарастыру – оның педагогикалық жүйедегі орнын нақтылауға мүмкіндік береді. Коучингтің әдіснамасы отандық және халықаралық ғылыми еңбектерде әр қырынан қарастырылып келеді. Мәселен, Дж. Уитмор коучингті тұлғаның ішкі

әлеуетін ашатын құрылымдалған сұхбат ретінде сипаттап, оның мақсат қою мен рефлексияға негізделетінін көрсетеді [30]. Ал М. Ландсберг коучингтің нақты нәтижеге бағытталған тәжірибелік сипатына баса назар аударады [31]. Қазақстандық зерттеушілер С. Қадырова, Г. Қайрат коучингтің білім беру жүйесіне ықпалына тоқталып, оны мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестікке негізделген жаңа модель ретінде ұсынады [32], [33]. Бұл көзқарастардың барлығы бір ортақ идеяны білдіреді: коучинг – оқытудың дәстүрлі авторитарлы моделінен гөрі оқушының дербестігі мен тұлғалық әлеуетін тануға негізделген демократиялық және гуманистік әдіс.

Коучингтің әдіснамасы қазақстандық контексте әлі толық жүйелене қоймады. Коучингтік технологиялардың қолданысқа еніп, оның зерттеле бастауы тек кейінгі он жыл көлемінде жүргізіле бастады. Ал коучингті нақты бір пәннің аясында қарастыру, соның ішінде қазақ әдебиетін оқытуда қарастыру мүлде зерттелмеді деуге болады. Сол себепті бұл диссертациялық жұмыста коучинг әдіснамасымен қоса коучингтік әдістемеге де ерекше назар аударылады. Бұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, коучингтің әдістемесін тәжірибелік тұрғыдан зерттеу арқылы оның әдіснамалық негізін қалыптастыруға алғышарттар жасалады. Әдебиет сабағында қолданылатын коучингтік сұрақтар, рефлексия, кері байланыс, мақсат қою секілді әдістерді жүйелеу – болашақта осы тәсілдердің теориялық негізін айқындауға мүмкіндік береді. Екіншіден, әдіснама мен әдістеме арасында айырмашылық болғанымен, олар өзара тығыз байланысты. **Әдіснама** (методология) – белгілі бір ғылыми бағытты, тәсілді немесе теориялық негізді таңдаудың себептері мен логикасын негіздейтін білім жүйесі. Ол зерттеу үдерісінде қандай теориялық тұғырнаманы, тәсілдер жүйесін қолдану қажеттігін түсіндіреді, яғни *«неліктен осы бағыт таңдалады?»* деген сұраққа жауап береді. **Әдістеме** (методика) – таңдалған әдіснамалық негізге сәйкес зерттеу немесе оқыту процесін *«қалай жүзеге асыру керек?»* деген сұраққа жауап беретін нақты тәсілдер, амалдар мен құралдар жиынтығы [34, б. 47]. Үшіншіден, коучингтің әдістемесінің қазақ әдебиетімен байланысы – пәнаралық сипатқа ие. Бұл жерде педагогика, психология, әдебиеттану, философия, тұлғалық даму секілді ғылым салаларының тоғысы байқалады. Мысалы, көркем шығарманы коучингтік технологиялармен оқыту кезінде оқушылар кейіпкерлердің әрекетін талдау арқылы өзін таниды, мәселені шешу жолдарын іздейді, өзіндік жеке көзқарасын қалыптастырады. Мұның бәрі коучингтің тұлғаны дамытуға бағытталған әдіснамалық қағидаларымен үндеседі. Сондықтан қазақ әдебиетін коучингтік технологиялар арқылы оқытуда алдымен нақты әдістемелерді зерттеу – кейіннен жүйелі әдіснаманы қалыптастырудың берік іргетасы бола алады.

1.2 Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен дамуы

Біздің заманымызға дейінгі тарихи кезеңдерден бастап көне шығыс елдерінде де (Қытай, Индия, Египет), батыс елдерінде де (Грекия, Рим) тәрбие жүйесінің негізі қаланып, олар баланы оқып-білуге, адамгершілікке, ізгілікке, әдепке,

даналыққа, әскери іске, т.б. үйретуді басты назарға қойды [20, б. 8-11]. Қазақ жеріндегі алғаш педагогикалық, оқыту туралы ілімнің пайда болуын Орхон-Енисей жазбаларындағы мұрамен және ислам дінінің келуімен байланыстыра аламыз. Әсіресе, ислам дінінің келуі оқытудың институционалды түрде жайылуына түрткі болды, отырықшы аудандарда медресе жүйесі қалыптасып, орта азиядан шыққан Әл-Фараби, Ибн Сина, Ахмет Ясауи секілді тұлғалар әлемге әйгілі ұстаздарға айналды [20, б. 16-17]. Қадым мектебі, Жәдит мектебі, медреселік білім беру жүйесі 1917 жылға дейін өмір сүрді. Оқу-білімнің кеңінен жайылуы бұдан кейінгі кезеңде қазақ жерінің патшалық Ресейге қосылуымен, алғаш мектептердің ашылуымен, Кеңес Одағы орнағаннан кейінгі бастауыш білімнің, орта білімнің жалпыға бірдей міндеттелуімен байланысты.

Қазақ әдебиетінің оқытылуы да осы алғаш мектептердің ашылу дәуірімен сәйкес келеді. Себебі бұған дейінгі кезеңде әдебиет көбіне фольклорлық үлгіде, ауыздан-ауызға тарады. Сондықтан бұл кезеңге жататын әдебиетті оқыту жайында жазылған еңбектерді атап өту қиын. Ы. Алтынсарин халық ағарту ісінде тарихи тәжірибені ескере отырып, қазақ тілінде оқулықтар шығаруға және қазақ мектептерін ашуға алғашқылардың бірі болып атсалысты. Ол құрастырған әдебиет пәніне арналған тұңғыш оқулық «Қазақ хрестоматиясы» (1879) ерекше маңызға ие. Бұл еңбекте ағартушы тәрбиелік және өнегелік мазмұндағы мәтіндерге баса назар аударған. Ыбырай халқымыздың әдеби мұрасын мәдени құндылық ретінде бағалап, оны жинақтап, баспаға дайындады. Сонымен қатар, әлемдік классикалық шығармаларды қазақ тіліне аударып, жас ұрпақты адамгершілікке баулуға бағытталған еңбектер ұсынды. Өзінің ағартушылық көзқарасын қазақтың дәстүрлі мәдениетімен және орыс педагогтарының тәжірибелерімен (К. Ушинскийдің «Детский мир и хрестоматия», «Родное слово», Л. Толстойдың «Азбука») байланыстырып, оқыту әдістемесінің негізін қалады. Қазақ тіліндегі оқу құралдарының тапшылығынан шәкірт оқытуда А. Васильевтің «Букварь для киргиз», А. Алекторовтың «Русско-киргизская азбука» Л. Толстойдың «Азбука» сияқты орыс баспасынан жарық көрген оқулықтарын қолдануға тура келді [19, б. 25].

Ы. Алтынсарин бастаған ұлы миссияны одан кейініректе өмір сүрген бір топ қазақ ағартушылары жалғастырды. Олар халық санасын әдеби шығармалар арқылы оятуға тырысып, әдебиетті оқыту әдістемесі жайында түрлі деңгейде пікір білдіріп, сын-мақалалар жазып, аудармалар жасап, жинақтар жариялады. Қазақ әдебиетінің әдіснамасы зерттеліп, оқыту әдістемесі кеңейе түсті, әдеби сын жаңа белеске шықты. Мәселен, Е. Закариянұлының «Қазақ әліппе» (1910), М. Нұрбайұлының «Қазақша әліппе» (1910), Қ. Қожықовтың «Әліппе» (1912), М. Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (1912), А. Байтұрсыновтың «Әліппе», «Оқу құралы» (1921), «Әдебиет танытқыш» (1926), М. Дулатовтың «Қирағат» (1914), «Әліп би», «Жаңа құрал» (1926), М. Жұмабевтың «Педагогика» (1922), «Сауатты бол», «Бастауыш мектептегі ана тілі» (1923), Т. Шонаұлының «Шала сауатты ересектер үшін» (1926), «Жаңалық», «Сауаттан», «Жаңа арна» (1927), М. Әуезовтің «Әдебиет

тарихы» (1927), Ж. Аймауытовтың «Жаңа ауыл» (1929), Ғ. Мүсіреповтің «Жаңа ауыл» (1930), Б. Майлин мен С. Мұқановтың «Колхоз – ауыл» (1930), Ә. Үсеновтің «Көркем әдебиет сабағының методы» (1934), «Көркем әдебиет сабағының түрлері» (1936) атты ғылыми еңбектері, оқулық-хрестоматиялары қазақ әдебиетінің әдіснамасын қалыптастырып, әдістемесін байытып, мектептерде әдебиет жеке пән ретінде оқытылуында жетекші рөл атқарды [19, б. 29-30], [35], [36], [37], [38], [39, б. 114].

Алайда 1930 жылдардағы кеңестік саяси қуғын-сүргіндер көптеген ғалымдардың зерттеулеріне, шығармаларына шектеу қойып, қалыптасып келе жатқан мектептердің жұмысын бұзып жіберді. Оның орнына келген марксті-кленииндік әдіснама өзге көзқарастар мен жаңаша пайымдауларға негізделген әлемдік теориялық еңбектермен танысуға мүмкіндік бермеді. Мысалы, Р. Уоллек пен О. Уореннің «Әдебиет теориясы» атты еңбегі елімізге тек жетпісінші жылдардың соңына қарай ғана жетті. Сол уақытта дүниежүзінде герменевтика, семиотика, фрейдизм, психоанализ, интуитивизм, структурализм сияқты түрлі ғылыми мектептер кеңінен дамып, өз нәтижесін беріп жатқан еді. Ал елімізде салыстырмалы түрде еркіндік орнаған «жылымық» кезеңі мифологиялық, әдеби-тарихи, биографиялық, компаративистік бағыттардың дамуына белгілі бір дәрежеде жол ашты [40, б. 136].

Бастауыш және орта мектептер санының артуы 1933 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытуға байланысты бірлестік секциясын құруға түрткі болды. Құрамында Б. Майлин, М. Әуезов, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин секілді ірі қалам қайраткерлері бар әдеби мұранының нұсқаларын, фольклорлық шығармаларды жинақтау мақсатында бірнеше ғылыми экспедициялар жасақталды. 1934 жылы 5-7 сыныптарға арналған оқу бағдарламасы жарияланып, оның негізінде хрестоматиялар құрастырылды. Ш. Кәрібаевтың басшылығымен әдіскерлер мен мұғалімдердің қатысуымен 5-7 және 8-10 сыныптарға арналған бағдарламалар әзірленді. Аталған бағдарламалар негізінде Ш. Кәрібаев пен А. Көшімбаев әдебиеттік оқу пәніне арналған оқулықтарды құрастырса, ал жоғары сынып оқушылары үшін әдебиет оқулықтарын Т. Ақшолақов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Е. Ысмайылов, С. Мұқановтар әзірледі. Бұған қоса, Қ. Жұмалиевтің 8–10 сыныптарға арналған «Әдебиет теориясы» атты оқулығы да жарыққа шықты.

1941 жылы Ш. Кәрібаевтың «Әдебиеттік оқу әдістемесі» атты еңбегі басылып шықты. 1953 жылы «Бастауыш сыныптарда сыныптан тыс оқу» атты әдістемелік құрал жарық көрсе, 1957 жылы С. Тілешова «5-сыныпта көркем шығарманы оқып үйрену» атты еңбегін жариялады. Осы жылы Ә. Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері» кітабы шықса, 1966 жылы ол «Әдебиетті оқыту әдісі» атты еңбегін ұсынды. Ал А. Көшімбаев 1958 жылы «Сегіз жылдық мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі», 1969 жылы «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты іргелі зерттеулерін жарыққа шығарды.

1970-1980 жылдары әдебиет әдістемесі ғылым ретінде дамып, зерттеулердің теориялық негізі мен практикалық маңызы артты. Сыныптан тыс оқуға арналған кітаптар сериясы әзірленді. 1972 жылы Ә. Дайырова 8-11 сыныптарға арналған шетел әдебиетіне қатысты сыныптан тыс оқу материалдарын дайындады. 1973 жылы С. Тілешова 4-5 сынып оқушыларына арналған екі жинақ шығарса, Ә. Дайырова 1973 және 1979 жылдары 6-7 сыныптарға арналған екі кітап жазды. 1980 жылы Р. Құтхожина 10-11 сыныптарға арналған «Қазақ поэзиясы» оқулығын шығарды. Сол жылы жоғарғы сынып оқушыларына арналған М. Мырзахметов пен Ә. Дайырованың «Әдеби-сын мақалалар хрестоматиясы» мен «Әдебиеттану» атты оқу құралдары жарық көрді. А. Құнанбайұлы, Ж. Жабаев, М. Әуезов және Ғ. Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылық мұрасын қамтитын синтетикалық кестелер мен диафильмдер дайындалды. 1985 жылы факультативтік курстарға арналған хрестоматиялық материалдар құрастырылып, 1986–1990 жылдар аралығында әдеби білім берудің негізгі және тереңдетілген деңгейлері нақты жүйеленді [19, б. 39-40].

Тәуелсіздік жылдары да қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі қарқынды зерттеліп, жаңа оқулықтар шығарылды. 1997 жылы 5–9 сыныптарға арналған қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасы жобаланса, 1999 жылы ол Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі тарапынан ресми түрде бекітілген бағдарлама мәртебесін алды. Бұл бағдарламаны әзірлеуге әдебиетті оқыту әдістемесімен айналысатын бірқатар ғалымдар – С. Қирабаев, Ә. Дайырова, Г. Құрманбаева, С. Мақпырұлы, Т. Жұмажанова, С. Дүйсебаева, Б. Әрінова және Н. Әбдіғаппарова атсалысты. Жаңа бағдарламада оқу материалдары қайта сұрыпталып, білім берудің гуманистік және адамгершілік ұстанымдарына ерекше көңіл бөлінді, әдебиеттің эстетикалық маңызы артты. Егемендіктің рухымен үндескен ұлттық мүдде көрнекті тұлғалардың шығармаларын оқыту арқылы жас ұрпақтың дүниетанымын, тілін, ұлттық болмысын шыңдауға мүмкіндік берді. Бағдарламаға А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердіұлы сынды қайраткерлердің шығармалары енгізілді. Сонымен қатар, басқа да оқу материалдары сұрыпталып, жаңа мазмұнмен толықтырылды [19, б. 41]. Бұл жылдары жарық көрген әдістемелік ізденістер қатарына Қ. Бітібаеваның «Әдебиеттегі оқытудың тиімді жолдары» (1990), Қ. Алпысбаевтың «Көркем шығарманы талдау» (1995), Т. Ақшолақовтың «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» (1998) атты оқу-әдістемелік құралдары, Б. Смановтың «Мектепте көркем шығарманы талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2010) атты еңбегі қосылды.

Тәуелсіздік жылдарында әдебиетті мектепте оқыту мәселесін зерттеушілердің ішінде әсіресе Қ. Бітібаеваны ерекше атап өтуге болады. Себебі, басқа әдіскерлермен, ғалымдармен салыстырғанда Қ. Бітібаеваның зерттеулері әдебиетті оқытуды жан-жақты қамтыған, тәжірибеге негізделген, және сол уақыттағы заман талабына сай өзекті болды. Қ. Бітібаеваның әдістемесі оқыту технологиясының талаптарына толық жауап беретін озық тәсіл ретінде танылып, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласына зор үлес қосты. Бұл туралы педагог-

ғалым Т. Жұмажанова: «Бүгінгі модульдік оқытудың элементтері Қанипа Омарғалиқызының әдістемелік оқу құралдарында тақырыпқа сәйкес белгілі бір жүйемен беріліп, жаңа технология үлгілерімен оқытудың алғышарттарын қалыптастырды. Бұл тәсіл республикалық деңгейде шығармашылық жұмыстарға жетелеуде маңызды рөл атқаруда» деп атап өткен [19, б. 63]. Қ. Бітібаева өз еңбектерінде сабақ түрлерін, олардың әдіс-тәсілдерін жүйелеп, шығармашылық оқытудың тиімді жолдарын ұсынған. Ол «қос үштік сабағы», «сот сабағы», «жәрмеңке сабағы», «көкпар, жарыс сабақтары» секілді сабақ үлгілерін қолдану арқылы оқушылардың өзіндік ізденуін ынталандырған. Оның әдіснамасы пәнді оқытуда негізгі қағидалар мен ұстанымдарға сүйеніп, білім мазмұнын сұрыптау, оқыту үдерісін ұйымдастыру, оқытудың мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді анықтау сияқты кешенді мәселелерді шешуге бағытталды [41, б. 83].

Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетті оқыту әдістемесінің зерделенуі еліміздегі ғылым-білім саласындағы өзгерістермен тұспа-тұс келді. 1991 жылы Қазақстан егеменді ел болғаннан бері білім беру саласында үш үлкен реформа орын алды: 1991-1997 жылдар, 1997-2016 жылдар, 2017-бүгінге дейін. Модернизацияның алғашқы екі кезеңінде басты назар маңызды нормативтік құжаттарды қабылдауға, білім беру жүйесінің құрылымын трансформациялауға, Болон процесінің толыққанды мүшесі атану жөніндегі маңызды шешімді қабылдауға аударылды. 2017 жылдан басталған үшінші кезеңнің басты мақсаты адам капиталын (тұлға қалыптастыру) дамытуға бағытталып, білім мазмұнын жаңарту жолға қойылды [42, б. 12-13].

Білім мазмұнын жаңартуға әсер еткен негізгі фактор Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мектеп Оқушыларын халықаралық бағалау бағдарламасы (PISA) аясында жүргізілген зерттеулерден қазақстандық мектеп оқушыларының төмен нәтиже көрсетуі болды. 2009 жылдан бастап әр үш жыл сайын өткізілген тестілеулерден жасөспірімдер негізгі дағдыларды толық меңгермей, жалпы есеп бойынша көрсеткіштер әлі жоғары деңгейге жетпегендігі байқалады. Тіпті PISA-2022 нәтижесі бойынша да еліміз математика және жаратылыстану пәндері бойынша Топ-50 елдің қатарына кіргенімен, оқу сауаттылығы бойынша 81 елдің ішінде әлі 61-орында тұр [42, б. 104]. Оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша әлемдік орташа көрсеткіштен (454 балл) бірнеше жыл қатарынан едәуір төмен нәтиже көрсетуі (2009 ж. – 390; 2018 ж. – 387; 2021 ж. – 386) әлі де алаңдататын нәрсе. Осы орайда, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА мектепте оқытылатын «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламаларында сөйлеу әрекетінің 4 дағдысымен қатар лингвистикалық білім беруді дамыту бойынша оқу мақсаттарын күшейтуді жоспарға алды [43, б. 9].

PISA зерттеулерінен оқушылардың төмен нәтиже көрсетуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің заманауи әдістемелер мен технологияларға негізделген мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту реформасын бастауына себепші болды. Жаңа реформа оқушылардың функционалдық

сауаттылығын, сыни ойлау дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқушылардың білімді механикалық жаттап алуынан гөрі, оны түсіну, талдау және өмірде қолдану дағдыларын қалыптастыруына баса назар аударылатын болды. PISA зерттеуі 15 жастағы оқушылардың мектепте меңгерген білім, білік және дағдыларын өмірдің түрлі салаларындағы практикалық жағдайларда, сондай-ақ әлеуметтік және тұлғааралық қарым-қатынастарда туындайтын өмірлік мәселелерді шешу мақсатында қолдана білу қабілеттерін бағалауға бағытталған.

Жаңартылған білім беру мазмұнының басты мақсаты – үнемі өзгеріп отыратын заманауи қоғам жағдайында өмір сүруге бейім, білімді, шығармашылыққа қабілетті, өзін-өзі дамытуға және қоғам игілігі үшін әрекет етуге дайын бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Білімнің дамуы білімді бағалау мен оны жүзеге асыру жүйесін дер кезінде жаңартуды қажет етеді. Соған сәйкес оқыту барысында қолданылатын әдістер, оқыту формалары, технологиялар мен әдістемелік тәсілдер де үнемі жетілдіріліп отырады [44, б. 101].

Жоғарыда жаңартылған білім мазмұнының негізгі мақсаты оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту екендігін айтылды. 2012-2016 жылдар аралығында мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытудың ұлттық жоспары (25 маусым, 2012 ж. №832) қабылданды [21, б. 49]. А. Тангян тұжырымы бойынша: «Функционалдық сауаттылық – бұл адамның өз мемлекеті мен қоғамының экономикалық, саяси, мәдени және азаматтық өміріне белсенді әрі тиімді түрде қатысуына мүмкіндік беретін білім мен дағдылар жиынтығы. Бұл ұғым адамның оқи алу, жаза алу, өз ойын дұрыс жеткізе білу қабілеттерінің және түрлі өмірлік жағдайларда алған білімін қолдана білу дағдыларының дамуын білдіреді. Яғни, функционалдық сауатты адам – өз бетінше ойлана алатын, ақпаратты түсініп, өңдеп, оны өмірде пайдалана алатын тұлға» [21, б. 51]. Функционалдық сауаттылық – тәжірибемен жинақталған білім мен дағдыны өмірдің түрлі саласында қолдана білу, кең көлемдегі маңызды міндеттерді шешу қабілеті.

Мектептегі Қазақ әдебиеті пәніне арналған жаңартылған мазмұндағы қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде дайындалған. Аталған бұйрыққа сәйкес, мектепте Қазақ әдебиетін оқыту мазмұнына қатысты бірқатар маңызды шешімдер қабылданды:

1) «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын қайта зерделеу, жаңа материалдармен толықтыру, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге негіздеу;

2) оқу бағдарламасының мақсаттары қайта қаралып, негізі сақтала отырып, қабылдауға жеңіл тілде беру;

3) әдебиеттің даму кезеңдерінің сабақтастығын сақтай отырып, оның мазмұнына енгізілетін шығармаларды сараптамадан өткізіп отыру;

4) пәннің мазмұнын құрайтын оқу материалдарын ұлттық рухани құндылық пен адамгершілік қағидаттары тәрбиесіне негіздеу;

5) мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндік мазмұнға сәйкес біліктілігін арттыру, қайта даярлау курстарынан өткізу;

6) қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологияларын, жаңа дидактикалық әдістерін қолдану, әртүрлі жобалар арқылы білім беруді (PBL) қарастыру;

7) мұғалімдердің әдістемелік жұмыстарын жетілдіру үшін арнайы тест жүйесін енгізу (ағылшын тіліндегі TKT (Teaching Knowledge Test үлгісімен);

8) қазақ тілі мен әдебиетінен бар цифрлық контенттерді жинақтап, бір жерге топтау, жаңа контенттер дайындау, мұғалімдерге қолжетімді болу үшін қажетті портал құруды қамтамасыз ету [22, б. 109].

Кесте 2 – «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің базалық білім мазмұны [22, б. 33]

Базалық білім мазмұны		
«Түсіну және жауап беру» бөлімі	«Анализ және интерпретация» бөлімі	«Бағалау және салыстыру» бөлімі
1) Көркем шығарма мазмұны мен пішіні; 2) Әдеби шығарманың тұжырымдамасы; 3) Көркем шығармадағы образ; 4) Шығарма үзінділерімен жұмыс.	1) Әдеби шығарманың композициясы; 2) Автор бейнесі; 3) Көркем шығарманың тілі; 4) Шығармашылық жұмыс.	1) Тарихи және көркемдік құндылығы; 2) Заманауилығы мен жаңашылдығы; 3) Әдеби эссе; 4) Әдеби сын.

2-кестеде көрсетілгендей, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі 5–11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы үш негізгі оқу мақсатына негізделген күтілетін нәтижелерден тұрады. Олар: 1) Түсіну және жауап беру; 2) Талдау және интерпретация жасау; 3) Бағалау және салыстыру.

Түсіну және жауап беру бөлімі әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымын талдау арқылы оның идеялық мазмұнын, пішінін және кейіпкерлердің образын анықтауға, шығарманы гуманистік және ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеуге бағытталған.

Анализ және интерпретация бөлімі әдеби шығарманың композициясын, автор бейнесін, стильдік ерекшеліктері мен көркемдік құралдарын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдауды, автор идеясының өмір шындығымен байланысын анықтап, көтерілген мәселелерге өзіндік пікір қосу және шығармашылық жұмыс арқылы әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндестігін зерделеуді басшылыққа алады.

Бағалау және салыстыру бөлімі кейіпкерлер мен эпизодтарды салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылықтарды бағалау, шығарманы мазмұндас

туындылармен салыстыру, материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда талдау, жаңашылдығын ескеру, жалпыадамзаттық идеяларды зерделеу, сыни шолу мен әдеби эссе жазу дағдыларын дамытуды қарастырады [44, б. 9-10].

Жаңартылған білім бағдарламасына сәйкес негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 5–11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу жүктемесі де өзгеріске ұшырады. 2013 жылғы үлгілік оқу бағдарламасындағы 5-сыныптың жылдық сағат саны 102 сағаттан 68 сағатқа кемітілді. 8 және 10-сыныптың гуманитарлық бағытында керісінше, сағат саны тура осы пропорцияда 68-ден 102-ге көбейтілді. Жалпы есепте 5–11-сыныптар аралығындағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің сағат саны 1122-ден 1156-ға артты [44, б. 6-7].

Жаңартылған білім бағдарламасының бір ерекшелігі сабақ барысында бұрынғы оқытушы негізгі рөлде тұратын дәстүрлі оқытудан, оқушыға негізделген оқыту бағытына ойысу орын алды. Бұған әлемдік тәжірибенің тікелей әсері бар. Мысалы, Ди Лореа өзінің зерттеу жұмысында оқушыға бағытталған оқыту әдістерінде оқушының еркін өсуіне мүмкіндік көбейетіндігін, бұл жерде оқытушы көбіне шабыт беруші, қолдаушы рөлінде болатындығын айтып өтеді [45, б. 24-25]. Жаңартылған негіздегі бағдарлама қабылданғаннан кейін оқытуды оқушыға бағыттау негізге алынғанымен оның алғашқы бастамасын 1997 жылғы «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (RWCT) жобасынан байқауға болады. Осы бағдарламаға сүйеніп Б. Жұмақаева «дәстүрлі оқытуда» оқу мазмұны мұғалімнің тікелей қатысуымен ғана қолжетімді болғанын түсіндіреді (1-сурет). Ал белсенді оқытуда оқушылар оқу мазмұнын өз бетінше игере алады және оны мұғалімнен сұрап, бекітіп отырады. Интербелсенді оқыту тіпті ерекше, бұл жерде білім алушылардың өзара қарым-қатынасқа түсіп, өзара талқылап, қажет болғанда мұғаліммен әрекетке түседі [19, б. 133].



Сурет 1 – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасын қолдану арқылы оқушылардың ой белсенділігін арттыру жобасы [19, б. 133]

М. Келади (2015) әдебиетті оқыту әдістері жайындағы зерттеу жұмысында дәстүрлі топтық оқыту мен топтық өзара әрекеттесе оқытуды салыстыра келе екіншісінің бірнеше артықшылықтарын көрсетеді: тәуелсіз білім алуға жол ашу, топта жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, оқытушының сырттай бақылап кері байланыс беруі, оқушылардың дамуына бірдей мүмкіндік туындату, топ мүшелерінің бір-біріне қамқорлық танытуы [46, б. 117].

Жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес мектептегі қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасы жаңа құрылыммен жасалды. Бұрынғы оқу бағдарламасы көркем шығармаларды рет-ретімен шолу түрінде ұсынған болса, жаңа мазмұнда бұл тәсіл «спиральділік» принципіне негізделіп, шығармалар терең әрі жан-жақты талдау арқылы берілген. Сонымен қатар, әрбір шығарма белгілі бір дағдыларды қалыптастыруға бағытталған [43, б. 28]. Жаңартылған мазмұндағы қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасында дәстүрлі бағдарламаларда қамтылған барлық классик жазушылар толық енгізілмеген. Бұл өзгерістің басты мақсаты – бір автордың шығармасын терең талдай отырып меңгеру арқылы оқушыны басқа классиктердің туындыларын өз бетімен оқи алатын деңгейге жеткізу. Яғни, әдебиетке деген жеке қызығушылығын қалыптастыру. Ұзақ әрі күрделі мәтіндерді жай ғана оқып шығудан гөрі, бір шығарманы жан-жақты түсініп, оны талдау, кейіпкерлерді салыстыру, олардың іс-әрекеттеріне баға беру арқылы оқырмандық сауаттылықты дамыту көзделген [22, б. 46].

Жаңа бағдарлама бойынша мектептегі Қазақ әдебиеті оқулықтарына XXI ғасырдың жаңа адамының талғамын қанағаттандыратын, толғандырар сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдеби шығармалар енгізілген. Бұл ерекшеліктер оқушылардың шығармадағы автордың идеясын толық түсінуге, оны жан-жақты талдай алуына және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бірінші кезекте оқушыларға Блум таксономиясы негізінде білімді толыққанды меңгерту мақсатында жасалды. 1956 жылы негізі қаланған Блум таксономиясы оқушылардың белгілі бір нәтижеге жетуіне бағытталған. Ол нәтижелер келесі құзыреттіліктер түрінде көрсетіледі: 1) білу; 2) түсіну; 3) қолдану; 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау. Бұл құзыреттіліктер тура осы реттілікте иерархиялық жүйеде кезең-кезеңнен кейін келеді. Алғашқы үшеуі көбіне практикалық мәні басым танымдық дағдылар саналса, кейінгі үшеуі аналитикалық мәні басым ойлау дағдылары болып табылады [22, б. 32].

Әдебиет пәні арқылы дамытуға болатын дағдылардың ішінде икемдік дағдыларын (Soft Skills) атап өтуге болады. Икемді дағдыларды үш дағдылар блогы ретінде ұсынылады: 1) таным (ойлау) құзыреттілігі (зияткерлік мәселелерді шешу үшін ойлау дағдыларын қолдану); 2) басқа адамдармен өзара әрекеттесу құзыреттілігі; 3) өз-өзімен әрекеттесу құзыреттілігі (өзін-өзі басқару) [47, б. 9]. Ойлау дағдыларын қалыптастыруда, жетілдіруде сұрақ қою әдісінің пайдасы мол. Дұрыс сұрақ қою арқылы белгісіздікті анықтап, мәселенің шешімін табуға болады, мұғалім дұрыс қойылған сұрақтардың көмегімен оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыта алады [48, б. 153]. Джоран Нирагденнің «Бизнес ағылшын

тіліндегі икемді дағдылар» («The Soft Skills of Business English») (2000) еңбегінде икемді дағдылар іскерлік өзара әрекеттесуге, прагматикалық, тұлғааралық қарым-қатынас орнатуға бағытталған деп түсіндіріледі. Бұл дағдыларға мыналарды жатқызады: прагматикалық құзыреттілік, тұлғааралық дағдылар, контекстік сезімталдық, жанжалдарды басқару, мәдени хабардарлық, сендіру және келіссөздер жүргізу, эмпатия және эмоционалды интеллект [49]. Қазақстандық зерттеушілер А. Абишева мен Е. Ералина икемді дағдылардың классификациясы ретінде келесі дағдыларды атайды: коммуникация, сыпайылық, икемділік, принциптерге адалдық, позитивті көзқарас, кәсіби көзқарас, жауапкершілік, командада жұмыс істеу, мотивация, интерактивтілік (эмпатия) [50].

Жоғарыда аталған дағдылар ішінде эмоционалды интеллект және эмпатияның орны өте маңызды. Себебі олар басқа дағдылар мен қабілеттерді қаншалықты пайдаға асыратынымызды анықтайды, басқалардың сезімдерін түсінуге, көзқарасын қабылдауға, пікірін құрметтеуге үйретеді. Д. Гоулман эмоционалдық интеллекттің маңызды дағдыларына мыналарды жатқызады: тиімді тыңдау және сұрақ қою, өз реакцияларын басқа адамның әрекеттеріне қатысты пікірлерден ажырата білу, өзін-өзі сенімді түрде ұстау, ынтымақтастықты дамыту, жанжалдарды шешу, компромиске келу және келіссөздер жүргізу шеберліктерін меңгеру [51]. Эмоционалды интеллект адамға өз эмоцияларын білуге, оларды басқаруға, өзін мотивациялауға, басқалардың эмоцияларын тануға көмектеседі. Осы ретте мектепте оқытылатын қазақ әдебиеті пәнінің маңыздылығы арта түседі. Шын мәнінде әдеби шығарма кейіпкерлері арқылы адамның мінез-құлқын, іс-әрекеттегі мотивін, күйзелісі мен қуанышын тереңірек түсінуге болады. Оқушы оны шынайы өмірмен салыстыра отырып өмірді тануын, өзін-өзі түсінуін арттыра алады. Эмоционалды интеллектінің әдебиет сабағында көрініс табуын, әдеби шығармалар негізінде баланың мінез-құлқын дамыту туралы бұл диссертация жұмысының келесі бөлімдерінде толығырақ тоқталып, тәжірибе жұмыстары жүргізіледі.

1.3 Қазақ әдебиетінде инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылуы

Оқыту үдерісінде түрлі технологияларды қолдану XX ғасырдың басынан зерттеліп, білім беру саласының күн тәртібіне енді. А. Байтұрсынов «Қай әдіс жақсы?» мақаласында: «Жалғыз әліпби үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылса, әдіс түрлерін түгелдей алмас едік», – деп, әдістер жайлы алғаш сөз қозғаған болатын [52]. М. Жұмабаевтың «Жеке тұлғаны қалыптастыру технологиясы» әдістемелік мұрасы, Ж. Аймауытовтың «Пәнаралық байланыс арқылы оқытудың ынталандырушы технологиясы», «Мектепте қысқа әңгімелер қалай оқытылу керек? Әдеби шығармаларды оқытудың 14 әдісі», Қ. Жұбановтың «Дамыта оқыту технологиясы» атты еңбектерін атап өтуге болады [53, б. 116]. Өкінішке қарай, Кеңестік кезеңнің саяси қуғын-сүргіндерінен, бұл зерттеушілердің еңбектері оқу

айналымынан жарты ғасырдай уақытқа толықтай шығарылды. Тек Марксистік-лениндік идеология рұқсат еткен ғалымдардың, әдіскерлердің еңбектері ескерілді. Осындай ғалымдардың бірі Н. Кудряшев әдебиет сабақтарын танымдық мақсаттарына қарай үш негізгі топқа жіктейді. Біріншісі – көркем шығарманы оқып-үйрену сабақтары, оған мәтінмен терең жұмыс, шығарманы талдау және қорытындылау жатады. Екіншісі – әдебиет теориясы мен тарихын меңгеру сабақтары, бұл бағытта ғылыми зерттеулерді оқу, жазушы шығармашылығын талдау және әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру жүзеге асырылады. Үшіншісі – тіл дамыту сабақтары, оның ішінде шығармашылық жұмыс, ауызша жауап беру және шығарма жазу дағдыларын дамыту қарастырылады [54].

Оқыту әдістерінен бөлек кейде оқыту технологиялары деген термин де жиі қолданылады. Оқыту технологиялары көбіне технологиялық құрал-жабдықтарды қолдана отырып оқытумен байланысты. Алайда технологиялық құралдарды қолданудың түпкі мақсаты оқу тиімділігін арттыру, және ол оқу әдістемесінің құрамдас бөлігі саналады. Сондықтан кейде оқыту технологиялары мен оқыту әдістері бір-бірінің орнына қолданыла береді. М. Мукашева «технология» терминіне «оқу процесінің жобасы, күтілетін нәтиже» деген анықтама береді [41, б. 83]. Педагогикалық технология педагог-ғалымдар тарапынан қолдау тауып, бірден-бір дидактикалық құралға айналуының басты себебі – оның бағдарланған нәтижеге құрылуында. Мұнда игерілген білім нақты нәтижемен, қол жеткізілген дағдымен өлшенеді [17, б. 63]. М. Левин педагогикалық технологияның негізгі қызметі – білім беру мақсатын іске асыру және жеке тұлғаны дамыту деп анықтама береді. Сондықтан, оқыту әдістерін оқыту техникалары, технологиялары деп қолдану жиі кездеседі.

Әдебиетті оқытуда қолданылатын әдістер жалпы педагогикалық технологияларды қолданудан шығады. Әдебиетті оқыту процесінде бірқатар тиімді технологиялар кеңінен пайдаланылады. Солардың қатарында П. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, Д. Эльконин мен В. Давыдов ұсынған дамыта оқыту жүйесі, Ш. Амоношвилидің ізгілікті-тұлғалық бағыттағы технологиясы, М. Чошановтың проблемалық модульдік оқыту әдістемесі, П. Третьяков пен К. Вазина әзірлеген модульдік оқыту технологиясы, сондай-ақ Е. Ильиннің «Әдебиетті тұлға қалыптастыру құралы ретінде оқыту» тұжырымдамасы бар. Бұл әдістердің барлығы әдебиетті оқытудың мазмұнын байытып, оқушылардың ойлау қабілеті мен тұлғалық дамуына ықпал етеді [55]. Ал қазақ ғалымдарының ішінде әдебиетті оқыту әдістерін Ә.Қоңыратбаев төртке жіктеп көрсетеді: 1. Түсіндірме оқу әдісі; 2. Баяндау әдісі; 3. Эксперимент әдісі; 4. Көрнекілік әдісі [56].

Тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер ішінде Т. Жұмажанованың «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегінде дамыта оқыту технологиясы, модульді оқыту технологиясы, әдеби мәтіндерді меңгерту технологиясы, жобалау технологиясы ерекшеліктеріне қарай талданған [17]. Ал белгілі әдіскер. Б. Жұмақаева мәтінмен жұмыс істеу әдісі жайында: «Мәтінді тану сөз бірліктерін

түсініп оқудан басталатынын жоққа шығара алмаймыз. Ендеше алғашқы оқу-таным әрекеті бағдарламадағыдай шығарманың құрылымдық жүйесі, мазмұны мен пішінді талдаудан басталмай, сөз мағынасын танудан басталғаны жөн» [19, б. 215]. «Әдебиет сабақтарында көбіне сұрақ-жауап әдісіне басымдық беріліп, оқушылар ауызша жауап берумен ғана шектелетін жағдайлар жиі ұшырасады. Бұдан гөрі жазбаша жұмыстар да үздіксіз жүргізіліп отыруы керек» [19, б. 237]. Осы кезеңнің ең көп зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектері ең көп қаралатын әдіскері – Қ. Бітібаева. Негізгі фокусы мектепте Абай шығармашылығын оқытуға бағытталғанымен, әдіскер-ұстаздың түрлі педагогикалық технологиялар жайында да тәжірибеге негізделген ой-тұжырымдамалары әдебиетті оқытуда маңызды. Мәселен, әдіскердің «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегінде проблемалық талдаудың оқушының танымын арттыруда, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқаратындығы және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашатындығы көрсетіледі. Проблемалық талдауда сұрақтар қою арқылы көркем шығармадағы негізгі мәселені дәл табуға мүмкіндік туады [57, б. 68].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін кеңес заманында қудаланған біршама ақын-жазушылар ақталып, олардың шығармаларының, зерттеу жұмыстарының халыққа ашық болуы, әсіресе, мектепте қайта оқытыла бастауы бір жағынан әдебиет пәнінің мазмұнын кеңейтті, екінші жағынан зерттеулерді жіктеуде, жүйелеуде қиындықтар туындатты. Одан бөлек әлемдік әдіснаманың, кітапханалардың ашық болуы, электронды ресурстардың геометриялық прогрессияда көбеюі білім саласының көкжиегін одан әрі кеңейтіп бір жағынан көп мүмкіндіктерге жол ашқанымен, екінші жағынан біраз мәселелер туындауына себепкер болды. Атап айтқанда, зерттеу салаларында нақтылық орнатудың қиындығы, жаңа бағыттағы шығармаларға қатысты бұрын-соңды зерттеулердің болмауы, оқырманның нақты қызығушылықтарын анықтаудағы әдістемелік шектеулер, сондай-ақ жаңа әдеби мәтіндер авторларының жанрлық шекараларды нақты анықтай алмауы. Бұған қоса, жаңа жанрларды дәстүрлі әдеби классификацияларға енгізудің күрделілігі, автор мен сыншы арасындағы жанрлық түсініктердегі алшақтық, мәтіндердің жанраралық сипатта болуы, жанрлық белгілердің көмескіленуінен туындайтын қабылдау қиындығы, сондай-ақ жанрларға негізделген оқу бағдарламаларының мазмұндық өзектілігін жоғалтуы сынды қосымша мәселелер де байқалады.

Әдебиетті оқыту әдістерін таңдауда да бірқатар күрделі мәселелер туындады. Бұл, ең алдымен, қазіргі әдеби жанрлардың сан алуандылығымен, олардың дәстүрлі құрылымдардан алшақтауымен байланысты. Мұғалімдерге оқушылардың жас ерекшелігіне, қабылдау деңгейіне, қызығушылығына сәйкес келетін әдісті таңдау барған сайын қиындап барады. Себебі оқушылардың әдеби мәтінді эстетикалық әрі эмоционалдық тұрғыда қабылдауы бірізді емес, бүгінгі буын көбіне фрагменттік, визуалды, жылдам ақпаратқа бейімделген цифрлық ортада өсіп келеді. Цифрлық технологиялардың шектен тыс ықпалы – әдеби шығарманы терең қабылдауға, мәтінмен жұмыс істеуге қажетті уақыт пен зейінді әлсіретеді [57]. Әлеуметтік желілер, шығармалардың қысқартылған мазмұндарының

қолжетімділігі, мультимедиялық ресурстар оқушылардың шығарманы тұтас, сыни тұрғыда қабылдау дағдысына кері әсер етеді [5]. Осы жағдайлар мұғалімді әдіс таңдауда дәстүр мен заманауилықтың арасында тепе-теңдік табуға итермелейді: бір жағынан, оқушыларды қызықтыру үшін интерактивті, цифрлық форматтар қажет болса, екінші жағынан – көркем мәтіннің терең мәнін ашатын классикалық әдіс-тәсілдерден бас тартуға болмайды.

Дәстүрлі әдістердің тиімділігінің азайғаны жайында М. Хатибтің зерттеуінде де қарастырылып, поэзияның оқырмандардың ішкі сезіміне бұрынғыдай әсер етпейтіндігі айтылады [57, б. 165]. Жаңартылған білім беру мазмұнының енгізілуі, кейінгі электронды ресурстардың көбеюі, және жасанды интеллектінің қарыштап дамуы әдебиетті оқытушы мұғалімдерге көп ізденіп, ұтымды, тиімді деген әдіс-тәсілдерді тауып, замана талабына сай оқытуды міндеттейді.

Бүгінгі таңда «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың әдіс-тәсілдері заманауи педагогикалық тұғырлар негізінде қалыптастырылып отыр. Олардың қатарында «Құндылыққа бағдарланған оқыту», «Мәдениеттер мен түрлі көзқарастарға құрмет қалыптастыру», «Дамыта оқыту», «Тұлғалық-бағдарлы оқыту», «Әрекетке негізделген оқыту», «Саралап және даралап оқыту», «Коммуникативтік-функционалдық бағыттағы оқыту», «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген оқыту» секілді бағыттар бар. Осы тұғырларға сәйкес, педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесі де едәуір кеңейіп, жаңарды.

Қолданылатын әдістер бірнеше топқа жіктеледі: репродуктивті сипаттағы танымдық белсенділікті арттыруға арналған білімді меңгеру әдістері (мысалы, әңгіме, пікірталас, дәріс, кітаппен жұмыс), Д. Дьюи ұсынған классикалық проблемалық оқыту әдісі, коммуникативтік жағдаятқа негізделген әдіс, идеялар банкі немесе миға шабуыл тәсілі, сондай-ақ дидактикалық ойындар (соның ішінде еліктеу және іскерлік ойындар).

Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыратын, проблемаларды шешуге бағытталған өзіндік жұмыс әдістері де кеңінен қолданылады. Бұдан бөлек, импрессивтік және экспрессивтік әдістер, шығармашылық тапсырмаларды орындауға арналған тәсілдер, оқу-практикалық әдістер енгізілген. Бұл әдістер көркем әдебиетті басқа өнер түрлерімен сабақтастыра қабылдау арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сондай-ақ сурет салу, шығармашылық тапсырмаларды орындау, тиімді шешім қабылдау сияқты практикалық әдістер де жүйеленіп, оқу үдерісінде маңызды орын алады. Пікірталас, өзіндік жұмыс және проблемалық оқыту әдістері де негізгі орынға ие [44, б. 93-94].

Жоғарыда атап өткен қазақ әдебиеті пәнін оқытудың педагогикалық тұғырларына сай өзіндік педагогикалық әдістер мен тәсілдер жүйесі қолданылады. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін 5–11-сыныптарда оқытудың әдістемесі мен технологиялары бойынша келесі технологиялар және оқыту формалары ұсынылады:

1. Білімді меңгеру әдістері (репродуктивтік сипаттағы):

- Әңгіме, пікірталас, дәріс, кітаппен жұмыс.

2. Шығармашылық және проблемалық оқыту әдістері:

- Классикалық проблемалық әдіс (Д. Дьюи бойынша).
- Коммуникативтік жағдаяттық әдіс.
- Идеялар банкі (ми шабуылы).
- Дидактикалық ойындар: (рөлдік ойындар, еліктеу ойындары, іскерлік ойындары).
- Зерттеушілік тәсіл: («Не білемін? Нені білгім келеді? Нені үйрендім? тұрғысынан өз әрекетін талдау).
- Шығармашылық тапсырмаларды орындау әдістері: (Импрессивтік және экспрессивтік әдістер; Оқушылардың көркем әдебиетті меңгеру арқылы сурет салу, шығармашылық шешімдерді жүзеге асыру).

3. Дамыта оқыту технологиялары:

- Оқушылардың оқу әрекетінің тәсілдерін игеруі.
- Оқушылардың өз іс-әрекетін жоспарлау және басқаруы.

4. Саралап оқыту технологиялары:

- Оқушылардың қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту.

5. Оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту технологиялары:

- Оқу-практикалық әдістер.
- Көркем әдебиетті өнердің басқа түрлерімен байланыста қабылдау.
- Оқу проблемаларын шешудің тиімді жолдарын анықтау, таңдау әдістері.
- Оқушының жеке пікірін тыңдау, білімдерін әрі қарай дамыту.

6. Ойын технологиялары:

- Түрлі ойын элементтерін қолдану арқылы оқыту.

7. Сын тұрғысынан ойлау дағдылары технологиялары:

- Пікірталас, өзіндік жұмыс арқылы оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру.

8. Оқу әрекетін ұйымдастыру формалары:

- Жеке, топтық және ұжымдық форматтағы оқыту.
- Оқушыларды өзара оқытуға, бағалауға және пікір алмасуға үйрету.

9. Бағалау және кері байланыс формалары:

- Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
- Оқушылардың білімін жүйелі түрде мониторингілеу.

10. Мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы:

- «Субъект-субъектілік» қатынас орнату.
- Мұғалім мен оқушының бірлескен шығармашылық ізденіс әдістері [44, б. 86-94].

Осы технологиялар, оқыту формалары негізінде қазақ әдебиеті сабағында тақырыптың ерекшелігіне, пән оқытушысының және оқушылардың тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты сан-алуан оқыту әдістері қолданылады. Зерттеу жұмысының келесі бөлігінде кейбір оқыту әдістеріне толығырақ тоқталатын боламыз. Әр әдіске жеке тоқталмай, бұл жерде тек сол әдістерді атап өтсек:

1. Дәстүрлі әдістер:

- Ауызша әдістер (әңгіме, түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап);
- Көрнекі әдістер (демонстрация, дыбыстық көрнекілік, саяхат);
- Практикалық әдістер (жаттығу, бақылау, зертханалық жұмыс, кітаппен жұмыс);
- Түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс;
- Проблемалық баяндау;
- Эвристикалық (ішінара іздендіру);
- Зерттеу әдісі;
- Өзіндік жұмыс әдісі.

2. Интерактивті және шығармашылық әдістер:

- Дебат, айтыс, рөлдік ойын, драма;
- Топтық және жұптық жұмыс, ұжымдық оқыту, бірін-бірі оқыту;
- Жобалау: болжам, жоба жасау, модельдеу, қорғау;
- Кездесу сабағы, пресс-конференция, брифинг;
- Викторина, оқырмандар конференциясы, жәрмеңке сабағы, концерт сабағы, сот сабағы, көкпар сабағы, жарыс сабағы, іздендіру сабағы.

3. Құзыреттілікке бағытталған әдістер:

- Коучинг, менторинг, тренинг;
- Білім беру технологияларын интеграциялау;
- Саралап оқыту, даралап оқыту.

4. Шығармашылық және әдеби әдістер;

- Мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқу, сипаттау, көрсету, түсіну, фон құру, тақырыптық сипаттама;
- Аударма, жатқа айту, мазмұндау, жаттап алу;
- Реферат қорғау [19], [41], [56].

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес мектепте оқытылатын қазақ әдебиеті пәнінің мазмұны айтарлықтай өзгерістерге ұшырағанына тоқталып өттік. Бұл өзгерістер оқу бағдарламасының құрылымынан бастап, оқыту әдістемесіне дейінгі барлық бағыттарды қамтыды. Атап айтқанда, 5–11-сыныптарға арналған оқулықтардың мазмұны заман талабына сай қайта қарастырылып, оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалармен толықтырылды. Әрбір тақырыпты оқыту барысында жаңаша әдістері мен заманауи технологияларды тиімді қолдану жолдары ескерілді. Оқулықтарда интерактивті әдістер, проблемалық оқыту, жоба жұмыстары және саралап оқыту секілді тәсілдер кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, оқушылардың әдебиетке қызығушылығын арттыру және ұлттық мәдени құндылықтарға терең бойлауына мүмкіндік беретін материалдар мен тапсырмалар қосылды. Бұл тәсілдер оқыту процесінің нәтижелілігін арттырып, оқушылардың әдеби туындыларды жан-жақты түсінуіне, сондай-ақ алған білімдерін өмірде қолдана білуіне бағытталған. Сондықтан жаңартылған мазмұн мен әдістемелер оқушылардың танымдық белсенділігін дамытып, қазақ әдебиетін оқытудың жаңа

деңгейге көтерілуіне ықпал етуі тиіс. Осы жаңа әдістердің ішінде әдебиетті оқытуда коучингтік технологияларды қолданудың потенциалы жайында келесі бөлімде барынша толық сипаттама беруге тырысамыз.

Бірінші бөлім бойынша тұжырымдар

Бірінші бөлімде «Қазақ әдебиеті әдіснамасының ғылыми-теориялық негіздері» жан-жақты қарастырылып, әдебиетті оқытудың мазмұндық және әдістемелік құрылымын айқындайтын тарихи-философиялық, педагогикалық және әдіснамалық ұстанымдар негізделді. Бұл бөлімнің басты мақсаты – қазақ әдебиетін оқытуда коучингтік технологияларды қолданудың әдіснамалық тұғырларын белгілеу және білім беру үдерісінде коучингтің орнын негіздеу.

Әуелі білім философиясындағы адамға бағытталған, ізгілік пен рухани дамуға негізделген ұстанымдар (Сократ, Платон, Аристотель, Кант, Дьюи, Роджерс, Фрейре, т.б.) талданды. Түркілік рухани дәстүр мен ислам өркениетінде білімнің мәні де жоғары бағаланып, оны тұлғаның кемелдену құралы ретінде қабылдағаны көрсетілді. Қазақ ойшылдары (Абай, Ыбырай, Ахмет) ұлттық дүниетаным мен адамгершілікке негізделген білім моделін ұсынған. Бұл көзқарастар қазіргі қазақ әдебиетін оқытудағы әдіснамалық жүйені гуманистік-аксиологиялық сипатта дамыту қажеттігін дәлелдейді.

Әдіснама мен әдістеме ұғымдарының шекараларын анықтау арқылы зерттеу пәнінің логикалық және практикалық қырлары айқындалды. Әдіснама – теориялық негіздер жүйесі болса, әдістеме – сол негіздерді практикада жүзеге асыру жолы. Әдебиетті оқыту әдістемесі білім алушы мен мұғалім арасындағы қатынасты басқару мен оқыту нәтижесін қалыптастырудың жүйелі амалы ретінде сипатталды. Педагогика мен дидактика ғылымдарының базалық ұғымдарына сүйене отырып, әдебиетті оқытудағы парадигмалық өзгерістерге де назар аударылды: индустриалдыдан постиндустриалды білім моделіне өту, авторитарлықтан серіктестік қатынасқа, ақпаратты беру емес, тұлғаны дамыту мақсатына ауысу – осының барлығы коучингтік әдіснамаға негіз қалайды.

Коучингтің ғылыми негіздері мен оның педагогикамен байланысы, соның ішінде қазақ әдебиетін оқытудағы орнын белгілеуге бағытталған тұжырымдар бұл бөлімнің өзегін құрайды. Коучинг – тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға бағытталған, серіктестікке негізделген гуманистік оқыту моделі ретінде ұсынылып отыр. Бұл әдіс қазақ әдебиетінің мазмұндық сипаты мен рухани-адамгершілік әлеуетін танытуда тиімді құрал ретінде қарастырылады. Дж. Уитмор мен М. Ландсбергтің еңбектеріне сүйене отырып, коучингтің құрылымдалған диалог, рефлексия және мақсат қоюға негізделетін тәжірибелік сипаты ашылды.

Коучинг пен әдебиетті оқытудың өзара ықпалдастығы пәнаралық сипатта қарастырылады. Әдеби шығарма мен кейіпкерлер бейнесі арқылы оқушы өзін танып, рефлексия жасап, өз әрекеттерін бағалауға машықтанады. Бұл — коучингтік сұрақтар мен әдістерді қолдану арқылы тұлғаның «Мен» тұжырымдамасын қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады. Сондықтан коучинг тек әдіс қана

емес, тұлғаның даму философиясы ретінде қазақ әдебиетін оқыту жүйесіне енгізілуі қажет деген тұжырым жасалды. Осы тұрғыда коучингтік технологиялар ҚР бұрынғы Білім және ғылым министрлігі ұсынған жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарына, соның ішінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, жеке әлеуетін ашу және жаһандық дағдыларын қалыптастыру міндеттеріне толық сәйкес келетіні дәлелденді. Сонымен қатар бұл технологиялар Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА бекіткен қазақ әдебиеті пәнінің базалық білім мазмұнына қойылатын талаптармен де үйлесімді.

Қорыта айтқанда, бірінші бөлімде қазақ әдебиетін оқытудың философиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік негіздері жүйеленіп, коучингтің осы саладағы орнын белгілеуге алғышарттар қалыптасты. Коучингтің гуманистік, тұлғалық-бағдарлы ұстанымдары әдебиетті оқыту мазмұнымен өзара үндесіп, білім алушының шығармашылық, рефлексивтік, эмоционалдық және әлеуметтік әлеуетін дамытудың тиімді тәсілі ретінде бағаланды.

2 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА КОУЧИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Білім беру үдерісінде коучингтік технологияларды қолданудың теориясы және тәжірибесі

Коучинг – психотерапия мен кеңес беру, тренинг пен фасилитацияның тоғысында пайда болған заманауи технология. Ағылшын тілінен аударғанда *coaching* сөзі «бағыт беру», «шабыттандыру», «дайындау» деген мағыналарды білдіреді [58]. Оксфорд сөздігінде бұл сөз XVI-XVII ғасырларда «coche», «cosche» үлгісінде келтіріліп, көбіне атарбашы, атты жүргізуші адамдарға қатысты қолданылған [59]. Мюллер сөздігінде бұл ұғым «жаттықтыру», «репетиторлықпен айналысу», «емтиханға немесе жарысқа дайындау» деп түсіндіріледі [60]. XVIII-XIX ғасырларда «пойыз жүргізушісі» (railway carriage), «вокзал» (coach station), «көлік жүргізуші» (motor coach) мағыналарында, ал қазіргі уақытта көбіне спорт бапкеріне байланысты қолданылады. Ғасырлар бойы бұл сөздің қолдану аясы біршама өзгерістерге тап болғанымен «тасымалдау», «жеткізу», «жетекшілік ету», «көшіру» деген жалпы мағынасы сақталып келеді [59], [61]. Осы этимологияға сүйене отырып, коучингтің негізінде екі маңызды бастау бар екенін байқаймыз: біріншісі – нақты мінез-құлық үлгілерін меңгеруге арналған дағдыны қалыптастыру тренингтері; екіншісі – болашақ тұлғаның (мысалы, менеджердің) ішкі әлеуетін ашуға негізделген бағыттаушы менторлық және фасилитациялық тәсіл [58]. Фасилитация ұғымын оқушыларға оқу үдерісінде қолайлы атмосфера қалыптастыру, олардың дербес әрекет етуге деген қажеттілігін ынталандыру және қолдау көрсету мақсатында жасалатын жағымды ықпал ретінде түсінуге болады. Бұл – мұғалімнің оқушы тұлғасына әсер етуінен оның өзіндік әрекетке көшуін, яғни оқушыны өзін өзі дамыту процесіне көшуін білдіреді.

Ағылшын тіліндегі «коуч» сөзі қазақ тіліндегі «көш» сөзімен дыбыстық жағынан да, мағыналық-этимологиялық жағынан да ұқсастығы бар. 1969 жылы жарық көрген көне түркі сөздігінде (Древнетюркский словарь) «KÖČ» сөзі «орын ауыстыру», «қозғалу», «көшу», «KÖČÜR» сөзі «көшіру» деген мағынаны береді [62, б. 311]. Ал түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде «КӨЧ», «КӨЧЕР» сөздері де тиісінше «көшпенді», «атарба», «арбаның дөңгелегі» деген мағынада қолданылғандығы көрсетілген [62, б. 125]. О. Сүлейменов «Язык письма» еңбегінде әуелде «кош» сөзі «біріктіру», «жұп» (қазақ тіліндегі «қос» сөзі сияқты) деген мағына беріп, одан «кошчи» («жолсерік») сөзі туындайды дейді. Ғалымның айтуынша орыс халқының «Слово о полку Игореве» (1185) жинағында қолданылған «кощей», «кощиево» сөздері де осы «кош» түбірінен шығып, «кочевник, кочевническое» («көшпенді, көшпенділік») мағынасында жүрген [63].

Коучинг – адамға қиын жағдайларда өз шешімін табуға жәрдемдесетін, оның ішкі ресурстары мен мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған қолдау түрі. Ол тұлғаның әлеуетін толық ашуға және оның әрекет ету тиімділігін арттыруға арналған кәсіби құрал ретінде қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде коучинг

кәсіби және жеке дамуға бағытталған жекелей немесе топтық қолдау әдісі ретінде сипатталады. Бұл тәсіл адамның жеке тиімділігін арттырып, әртүрлі өмірлік салаларда: бизнес, мансап, білім беру, денсаулық сақтау, тұлғааралық қарым-қатынас және отбасылық өмірде мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Коучинг – бұл жеке немесе топтық жаттықтыру және кәсіби қолдау, басқару тәсілі, тәлім алушымен жұмыстың әдістемесі ретінде қарастырылады. Ол шәкірттің мәселелерін шешуде оның ішкі сұраныстарына жауап беруге бағытталып, табысқа жетуге бағдар беру арқылы жүзеге асырылады [58].

Коучингтің теориялық негізін гуманистік психотерапия бағыты (А. Маслоу, К. Роджерс) [64], [65], эмоционалды интеллект тұжырымдамасы (Д. Гоулман) [51], Сократтың сұхбаттық әдісі және кәсіби спорт жаттықтырушыларының әдістемелік тәсілдері құрайды. Бұл бағыттардың барлығы адамды жеке тұлға ретінде қарастырып, оның еркіндігі мен ішкі мотивациясына мән береді. Батыста коучинг ерекше оқыту стилі ретінде дамып, тәлімгерлік [66], бизнестік кеңес беру [67], психологиялық және психотерапиялық тәжірибелер [30], [68] негізінде қалыптасты.

Коучинг оқу үдерісінің ғылыми атауы ретінде қолданылса, «коуч» бұл жерде негізгі субъект, яғни барлық үдеріске жауапты тұлға. Білім беру саласында да, спорт саласында да коучтің басты міндеті тәлім алушыларын дамыту, шыңдау, жетістікке жеткізу, математикалық терминмен айтқанда шәкірттерін «А» пунктінен «Б» пунктіне жеткізу. «Көш» сөзі де мағыналық тұрғыда бір жерден екінші жерге қоныс аудару деген мағына береді. Қазақ тілінде көшті бастайтын адамды «көшбасшы» деп атайды, бұл «коуч» сөзімен мағыналас.

Коучинг ұғымы бірінші спорт саласында, содан кейін кәсіпкерлер арасында қолданыла бастап, білім саласына 1980 жылдардың басында келді. Коучингтің негізін салушысы ретінде американдық Т. Голви саналады. Оның «The inner game of tennis (Теннистегі ішкі ойын)» кітабы коучинг бағытындағы алғашқы әдебиеттердің бірі. Бұнда зерттеуші кез-келген салада жетістікке жетудің құпиясы бір, бастысы өзіне сенімді болып, тұрақты түрде өз-өзіңмен жұмыс істеу деген қорытындыға келеді. Зерттеушінің «The inner game of work (Жұмыстағы ішкі ойын)» деген келесі еңбегі бұл принциптерді қолдануды спортшылардан, барлық жұмысшы қауымына аударуға жол ашты. Т. Голви өзінің педагогикалық тәжірибесіне сүйеніп, коучинг әдісінің біршама дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырып, оның практикалық тұрғыда қысқа уақыт ішінде оң нәтиже беруі тиімділігін дәлелдейді. Бұған ол дәстүрлі білім беру саласынан кеткеннен кейін, педагогикадан бизнеске ауысқанда көзі жеткен екен [69, б. 20].

Тактикалық тұрғыда коучинг технологиясы келесі әрекеттер жиынтығы ретінде жүзеге асады:

1-қадам. Коучидің мәселені егжей-тегжейлі талдауына көмектесу.

2-қадам. Қосымша көзқарастарды ұсыну.

3-қадам. Мәселені әртүрлі жағынан қарап көру.

4-қадам. Таңдау жасау.

5-қадам. Нақты жағдайға бағытталған жоспар құру.

6-қадам. Жоспарды шынайы қабылдау, жауапкершілікті бөлісу.

7-қадам. Мәселені шешуге бағытталған нақты әрекетке көшу [58].

Коуч пен тәлім алушының рөлдері әр кезеңде өзара толықтырылып отырады:

Бірінші кезеңде:

а) коуч тактикалық мақсаттар мен міндеттерді айқындайды;

б) коучи мақсаттар мен басымдықтарды белгілейді.

Екінші кезең – ағымдағы жағдайды зерттеу (ресурстар мен шектеулерді анықтау):

а) коуч сұрақтар қою және белсенді тыңдау арқылы жағдайды түсінуге тырысады;

б) тәлім алушы коучпен бірге жағдайды және оған деген өз көзқарасын зерттейді.

Үшінші кезең – ішкі және сыртқы кедергілерді анықтау:

а) коуч тәлім алушыға кедергілерді аңғарып, оларды саналы түрде зерттеуге көмектеседі;

б) коучи өз ішкі және сыртқы кедергілерін зерттейді.

Төртінші кезең – кедергілерді жеңу мүмкіндіктерін жасау:

а) коуч сұрақтар қойып, тәлім алушыны шешім іздеуге итермелейтін әдістер қолданады;

б) коучи кедергілерді жеңу жолдарын зерттейді.

Бесінші кезең – нақты әрекет нұсқасын таңдау және жоспар жасау:

а) коуч тәлім алушыға нұсқаларды талдауда көмектеседі;

б) коучи талдау жасап, жоспар құрады.

Алтыншы кезең – жоспарды қабылдау:

а) коуч болашақ әрекеттерге қолдау көрсетуге дайын екенін білдіреді;

б) коучи коучтің көмегі әрқашан қажет бола бермейтінін түсінеді.

Жетінші кезең:

а) коуч тәлім алушыға қажетті қолдау көрсетеді;

б) коучи нақты әрекетке көшеді – бұл мәселені шешудің маңызды сәті.

Коуч пен коучи келесі кездесуге дейін не істеу керектігі жөнінде нақты келісімге келеді [58].

Эмоционалдық құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінде оқытушы мен тәлім алушының өзара әрекеттестігін басқару және педагогикалық өзара әрекеттестікті ұйымдастырудың заманауи тәсілдері тұрғысынан қарастыруға болады. Бұл аспект үшін С.Я. Ромашинаның дидактикалық-коммуникативтік ықпал ету жүйесі мен А.А. Майердің басқаруға кешенді көзқарасы тиімді деп санаймыз [70], [71].

Басқару аспектісі оқытушыға, білім алушыға және олардың арасындағы өзара әрекеттестікті жүзеге асыратын оқу мазмұнына таралады. Демек, оқытушы студенттердің эмоционалдық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде белгілі бір дидактикалық ықпал ету тәсілдерін жүзеге асырады.

Эмоционалдық құзыреттілікті қалыптастыруды басқарудың кешенді көзқарасы басқару үдерісінің үш компонентін (мақсат, құрал, нәтиже) коуч пен тәлім алушының өзара әрекеті негізінде үйлестіруде көрініс табады.

Коучинг үдерісіндегі оқытушы мен тәлім алушы арасындағы байланысты әр кезеңде ықпал ету функциялары қамтамасыз етеді. Оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқаруға арналған тәсілдердің барлық түрлерін үш негізгі өлшемге бөліп топтастыруға болады: оқытушының рөлі, ықпал ету функциялары және білім алушының рөлі.

Педагогикалық жүйеде білім беру субъектілерінің өзара әрекеттестігі білім беру мақсаты, мазмұны және нәтижелерімен анықталады. Сондықтан басқару деңгейлерін анықтау бізге коучингтің кіріспе сессиясындағы мақсат қою, жаңа мүмкіндіктерді көрсету сессиясындағы мақсатқа жету және қорытынды сессиясындағы нәтижені өлшеу сияқты кезеңдерді белгілеуге мүмкіндік береді.

Білім берудегі басқару идеясы оқытушының дидактикалық-коммуникативтік ықпал ету жүйесі арқылы іске асады. Бұл жүйе – педагогикалық әрекеттің ең кіші бірлігі әрі білім алушы мен білім беруші субъектілерінің өзара әрекеттесу шартын қамтамасыз ететін тәсіл [72].

Бастапқы модельдің негізгі концептісі ретінде білім беруді басқарудың үш құрамды моделінің эволюциясы алынады, ол мына аспектілерде көрінеді:

а) мақсат қоюда (сыртқы мақсаттан ішкі мақсатқа көшу);

ә) мақсатқа жетуде (сыртқы басқарудан ішкі басқаруға өту);

б) нәтижені өлшеуде (білім беру нәтижесінің сыртқы өнімінен – білім алушының тұлғалық және әрекеттік жаңа құрылымдарына көшу) [73].

Бұл үдерістегі негізгі технология – оқытушының білім алушылар мен олардың оқу әрекетіне әсер ететін дидактикалық-коммуникативтік ықпалы (ДКЫ). ДКЫ – оқу әрекетін басқарудың икемді формасы ретінде қарастырылады. Ол фасилитативтік негізде құрылады және оның құрылымдық компоненттері (әртүрлі коммуникативтік функцияларды орындайтын сөйлеу әрекеттері) көпдеңгейлі байланыстар арқылы бірігіп, тұлғаның дамуына тиімді әсер етеді.

Осылайша, басқару үдерісінің әрбір кезеңінде және ықпал ету деңгейіне сай, оқушының оқу әрекетін ұйымдастыруда өзіндік дербестік деңгейіне қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Коучингтің технологиялылығы, бір жағынан, маманмен жұмыс істеудің нақты реттілігі мен процедураларында көрінсе, екінші жағынан, болашақ менеджердің жеке мәселелерін шешуге арналған әдістер мен құралдардың әртүрлілігі мен икемділігінде байқалады [30]. Кез келген технология белгілі бір үдерістің алгоритмі, өзара байланысты функциялар мен операциялардан тұратын басқарушылық цикл болып табылады, ол тұрақты нәтижеге қол жеткізуді анықтайды [58, б. 71].

Коучинг пен педагогиканың байланысына білім беру саласындағы біраз зерттеулерде назар аударылады. Коучингтің спорт саласында, кәсіби дамуда қолданылуын тиімді педагогикалық әдіс ретінде қарастыруға болады. Әуелі,

коучинг пен педагогиканың теориялық және практикалық байланыстарын, ортақ принциптері мен білім беру саласында қолданылуына тоқталып өтсек.

Педагогика білім алушылардың оқуын жақсарту үшін әртүрлі оқыту стратегияларын қамтиды. Коучинг те, сол сияқты, оқушыны тұлғалық тұрғыда дамытуға, нұсқаулық беруге, кері байланыс жүргізуге, және қолдау көрсетуге негізделеді. Бұл екі концепция да Л. Выготскийдің «проксимальды даму аймағы», формативті бағалау, және М. Ноулздың өзін-өзі басқара оқыту секілді іргелі принциптерге сүйенеді [74], [75].

Коучинг конструктивті оқыту теориясымен үндеседі, білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын, әлеуметтік өзара әрекеттесуін алға тартады. Ең алғашқы коучтер қатарына кіретін спорт жаттықтырушылары тура тәрбиешілердей, фасилитатор ретінде әрекет етіп, тәлім алушылардың проблеманы шешу дағдылары мен өз бетінше әрекет етуін дамытуға көмектеседі. Зерттеулер коучинг конструктивистік педагогиканың негізгі элементі болып табылатын метатанымды дамытатынын атап өтеді [76].

Д. Колбтың (1984) тәжірибелік оқыту теориясы коучингтің педагогикалық құндылығын одан әрі күшейтеді. Бұл теорияға сәйкес оқушылар нақты тәжірибеге, рефлексиялық бақылауға, абстрактілі концептуализацияға және белсенді эксперимент циклдарына қатыса отырып, теориялық білімді тереңірек түсінеді және алған білімін тәжірибеде қолдануды үйренеді. Коучинг құрылымдық рефлексия жүргізуде пайдалы, бұл оқушыларға түрлі контекстте білімді түсінуге және меңгеруге мүмкіндік береді [77].

Бірнеше эмпирикалық зерттеулер коучингтің оқытудағы тиімділігін көрсетеді. М. Крафт, Д. Блазар, Д. Хоган (2018) жүргізген зерттеу коучинг білім алушылардың оқыту тәжірибесінің жақсаруына айтарлықтай пайдалы болғанын көрсетті [78]. Келесі Л. Шидлер (2009) жасаған эмпирикалық зерттеуде коучинг рефлексиялық тәжірибені арттыратыны, тәлімгерлерге оқушылардың қажеттіліктеріне негізделген педагогикалық стратегияларды бейімдеуге мүмкіндік беретіндігі дәлелденді [79].

Коучинг әдістерін оқушыға бағытталған педагогикалық тәсілдерге енгізуге болады, бұл оқушының дербестігіне, өздігімен білім алуына ықпал етеді. Сократтық сұрақ қою мен түрлі менторинг стратегияларын қолдану коучингті прогрессивті білім беру тәжірибесімен үйлесімді қарауға мүмкіндік береді. Мәселен, Сократтық сұрақ қоюға сүйене отыра пән оқытушысы аудиторияда қойылған сұрақтарға тікелей жауап берудің орнына оқушылардың проблеманы шешу дағдыларын дамытуға бағыттап рефлексиялық талқылауларға итермелей алады. Бұл, әрине, оқушыларға ойлау еркіндігін береді, және өзара талқылау жасауына көмектеседі. Одан бөлек білім беру саласындағы өзгерістерді зерттеуімен белгілі М. Фулланның (2014) келесі бір зерттеуінде коучингтік әдістерді меңгерген білім беру саласының көшбасшылары өздері басқаратын мектептерде мұғалімдердің жұмыс орнын ауыстыру деңгейінің (жұмыстан шығып кету, педагогикалық қызметтен бас тарту) азайғанын және оқушылардың

үлгерімінің жақсарғанын көрсетеді [80]. Жоғарыда көрсетілген теориялық негіздер мен эмпирикалық дәлелдер коучинг әдістерін педагогикалық тәжірибеге енгізу білім алушылардың автономиясын арттыруда, таным көкжиегін кеңейтуде, және өздігімен оқу дағдыларын қалыптастыруда пайдалы екендігін көрсетеді.

Коучинг психология ғылымымен де тығыз байланысты, екеуі де адамның тұлғалық дамуына, мінез-құлқын өзгертуге және когнитивті әлеуетін жетілдіруге бағытталған. Коучинг тұлғалық және кәсіби дамуда психологиялық принциптерді қолдана отырып нұсқау беру, қолдау көрсету арқылы өз мақсаттарына жетуге көмектеседі. Мәселен, тұлғаның өзіндік тиімділігін, мақсат қоюын және мотивациясын дамыту үшін жағымды психология принциптерінің болуы маңызды. Зерттеулер жағымды психологиялық принциптерге негізделген коучинг менталды ахуалдың, қанағаттану сезімінің артуына көмектесетінін көрсетеді [81].

А. Бектің «Когнитивті мінез-құлық терапиясы (Cognitive behavioural therapy, қысқаша – CBT)» коучингтің көптеген стратегияларына негізделген. Соның ішінде, когнитивті қайта құрылымдау мен мінез-құлықты өзгерту бар. Коучтер әдетте тәлім алушыларының сенімсіздігін жеңуге және өнімді еңбек ету дағдыларын дамытуға көмектесу үшін мақсат қою, өзін-өзі бақылау және когнитивті қайта қалпына келу секілді әдістерді пайдаланады [82].

Коучинг «Өзін-өзі анықтау теориясымен (Self-determination theory, қысқаша – SDT)» де тығыз байланысты. Өзін-өзі анықтау теориясы негізгі психологиялық қажеттіліктер ретінде даралықты (автономияны), құзыреттілікті, және қарым-қатынасты көрсетеді. Коучинг SDT теориясымен ішкі мотивацияны ынталандыру, өз еркімен білім алу, өзін-өзі басқару тұрғысында сәйкес келеді [83].

Бірнеше эмпирикалық зерттеулерде адамның психологиялық хал-ахуалын жақсартуда коучингтің тиімділігі жайында айтылады. Т. Тибум, Б. Бирсма, А. Ван Вианен (2014) жүргізген мета-талдау коучинг өнімділікке, қайратты болуға, және адамның жалпы психикалық денсаулығына оң әсер етеді деп тұжырымдайды [84]. Т. Гранттың айтуынша коучинг мамандардың стресін азайтуға және төзімділігін арттыруға көмектеседі [85]. Ал Д. Гоулманның зерттеуі коучингтің эмоционалдық интеллектке оң әсеріне тоқталып, коучинг адамның өзін-өзі тануына, өз эмоциясын бақылауда ұстауына, қарым-қатынас дағдыларын арттыруына оң әсер ететінін айтады. Эмоционалды интеллектісі (ЭИ) жоғары адам көшбасшылық жасауда, шешім қабылдауда және жеке тұлғалық дамуда көп артықшылықтарға ие болады [51]. Келесі С. Грин, Л.Г. Оадес, А.М. Грант (2006) зерттеуінде коучингтік сессияға қатысатын адамдар коучингтік сессияға қатыспайтындармен салыстырғанда айқынырақ мақсаттар қойып, жоғары жетістікке жетеді деген қорытынды жасалады. Жүйелі коучинг сессиясына жүгіну тұтынушыларға күрделі мақсаттарды саралап бөліп, ұзақ мерзімді жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді екен [86].

Түрлі компаниялар мен ұйымдар қызметкерлердің жұмыс өнімділігі мен жұмысқа деген қанағаттануын арттыру үшін коучингке жиі жүгінеді. Р. Джонс, С. Вудс және И. Гийом (2016) жүргізген ғылыми зерттеуі жұмыс орнындағы

коучинг қызметкерлердің жұмыс істеу ынтасын, өнімділігін және мансаптық тұрғыдан өсуін жақсартатынын көрсетті. Коучинг қызметкерлердің көшбасшылық дағдыларын, проблемаларды шешу қабілетін және тұрақтылығын дамытуда пайдалы [87].

Өмірлік коучинг дәстүрлі психологиялық терапияны пайдалануда қолданылады. Коучинг жеке тиімділік пен позитивті ойлауды өзгерту арқылы да мазасыздық пен депрессия белгілерін азайта алады. Коучтер психологиялық қиындықтарға тап болған адамдарға жан-жақты қолдау көрсету үшін психикалық денсаулық мамандарымен бірлесе жұмыс істей алады [85]. Спортшыларға да бұндай қолдау көрсету маңызды. Әсіресе, үлкен жеңіске жету жолында елестету (визуализация), зейінділік және өз-өзімен іштей сөйлесу сияқты психологиялық әдістер бір затқа зейін (фокус) қоюға, сенімді болуға және жеке өнімділікті арттыруға көмегін тигізеді. Сондай-ақ, коучинг спортшылардың төзімділігін және бәсекелестік жағдайында стресті басқару қабілетін арттырады [88].

Коучинг пен психология тұлғалық және кәсіби даму тұрғысында сәйкеседі. Жоғарыдағы зерттеулерден позитивті психология, когнитивті мінез-құлық терапиясы (CBT), өзін-өзі анықтау теорияларына (SDT) негізделген коучинг адамдардың жағымды психологиялық көңіл-күйіне, эмоционалдық интеллектіне, мақсат қою қабілеттерін арттыруына, жұмыстағы тиімділігіне, және психикалық денсаулығына оң әсер ететіндігі белгілі болды.

Коучинг туралы сөз қозғалғанда менторинг туралы да жиі айтылады. Ғылыми айналымда бұл екі ұғымның бірге қарастырылуы кең тараған. Тіпті Scopus, Web of Science дерекқорлар базасына кіретін коучинг саласындағы мықты ғылыми журналдар осы екі бағыттағы зерттеулерді бірге қарастырады. Бұл журналдардың атауынан-ақ байқалып тұр: International Journal of Mentoring and Coaching in Education (Білім берудегі менторинг және коучинг халықаралық журналы), International Journal of Evidence Based Coaching and Mentoring (Дәлелдерге негізделген коучинг және менторинг халықаралық журналы). Коучинг пен менторингтің ұқсастығы жайында көптеген ғылыми зерттеулерде де айтылады. Мысалы, С. Флетчер мен С. Муллен (2012), С. Ван Ньюуербург (2012), Р. Лофтус (2010) коучинг пен менторинг аздаған айырмашылықтарының барына қарамастан өте ұқсас, екеуі де оқушыларды мақсатқа жетуге, өзгеруге, өсуге, дамуға, оқу ынтасын жақсартуға бағыттайды дейді [89], [90], [91, б. 7-8]. Одан бөлек басқа да зерттеушілер Дж. Хей (2008), М. Ландсберг (1996), М. Коннор және Дж. Покора (2007) коучинг пен менторингті дамытушы, өзгертуші, қарым-қатынасты жақсартушы құралдар екендігін және мағыналары өте ұқсас екендігін айтады [31], [92], [93, б. 14].

«Ментор» ұғымы Одиссей өмір сүрген антикалық дәуірде пайда болған. Гомердің «Одиссеясында» Ментор деген ұстаз Одиссей Трояндық жорыққа аттанғанда оның ұлы Телемакусты оқытып, тәрбиелеп, әскери іске баулып, ел билеуді үйретіп, біршама уақыт бойы әкесінің міндеттерін өз мойнына алады. Сол

заманнан бастап біреуге жеке қамқорлық жасап, оның дамуымен айналысуды «менторинг» деп атау мәдени түсінік ретінде қалыптасты.

Менторинг (тәлімгерлік) ұғымы отандық білім беру саласы үшін жаңа нәрсе емес, ол Кеңес Одағы кезеңінен бері бар. Кеңестік мектепте «шевство» (басшылық ету) және «наставничество» (тәлімгерлік ету) деген түсінік болған, және ол әдетте тәжірибелі әріптестердің жаңадан келген жас мұғалімдерге тәлімгерлік етіп, қолдау көрсетуін білдірді [94]. Алайда бұл қазіргі коучинг және менторингпен салыстырғанда кең таралмай, тек мектептегі үздіксіз педагогикалық үдерістің бір элементі ретінде қарастырылды, және жас маман-тәжірибелі маман арасында ғана қолданылды.

Бүгінде бизнес әдебиеттің, психологиялық, мотивациялық, адамның өз-өзін дамытуға арналған оқу құралдарының кең тараулынан коучинг тек қана осы тұрғыда ғана қолданылатын әдіс деген жаңсақ пікірлер де туындауда. Бұқаралық сипат алған және әлеуметтік желілерде көп жарнамаланатын дүниені сенімсіз санау адам психологиясына тән нәрсе. Оның үстіне ақылы негіздегі коучинг курстарының түрлі-түсті жарнамаларының интернетте көп кездесуі адамның зейінін аулап, уақытын ұрлайды, және тез жалықтырады.

Коучингтік технологияларды білім беру процесінде қолдануға қатысты ресейлік ғалымдардың зерттеулері бұл ұғымның педагогикалық қолдаудың тиімді формасы ретінде орныққанын көрсетеді. Бұл бағытта алғашқылардың бірі болып зерттеу жүргізген Н.М. Зырянова коучингті оқушыға өзінің маңызды мақсаттарына қол жеткізуге көмектесетін педагогикалық қолдаудың жоғары стратегиясы ретінде сипаттайды [95]. Оның пайымдауынша, коучинг – тұлғаның ішкі ресурстарын іске қосу мен шешім қабылдау қабілетін арттыруға бағытталған кәсіби сүйемелдеу жүйесі. Н.М. Зырянова көзқарасын жалғастыра отырып, Е.С. Ваваева коучингті мақсаттық бағдарға қарай үш түрге бөледі:

– әріптестік (достық) коучинг – сенімді қарым-қатынас негізінде қолдау көрсету;

– потенциалды ашуға бағытталған коучинг – жеке мүмкіндіктерді анықтау мен дамыту;

– нәтижеге бағытталған коучинг – нақты мақсаттарға қысқа мерзімде жетуді қамтамасыз ету.

Автордың зерттеу нәтижелері коучингтің келесідей тиімділіктерін көрсетеді:

- студенттің маңызды мақсаттарына белгіленген мерзімде тиімді жетуіне бағытталған жүйелі педагогикалық қолдау. Мұндай қолдау тұлғаның өзгерістерге бейімделуін және сындарлы жағдайларда жылдам әрі тиімді әрекет етуін қамтамасыз етеді;
- өмірдің әртүрлі салаларында маңызды нәтижелерге қол жеткізуге жәрдемдесетін серіктестікке негізделген коммуникативтік ынтымақтастық;
- студент тұлғасының ішкі әлеуетін ашуға бағытталған үздіксіз даму процесі;

- студенттің коучпен, өз-өзімен және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу жүйесі;
- студентті мәселе аймағынан тиімді шешім аймағына көшіруге мүмкіндік беретін технология;
- кез келген күрделі жағдайда жеке шешім қабылдауына көмектесетін педагогикалық құрал;
- мұғалім мен студент арасындағы өзара мотивация мен жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас моделі, бұл ретте коуч-ұстаз үнемі үйреніп, өзгелерге де үйрететін субъект ретінде танылады [96, б. 27–28].

Коучингтің тиімділігін зерттеген тағы бір ресейлік ғалым Е.А. Цыбинаның пікірінше, коучинг мына жағдайларда оң нәтиже береді:

- адам өзінің қазіргі күйі мен болғысы келетін бейнесі арасында айырмашылық бар екенін сезінгенде;
- шаблоннан тыс ойлауға және жаңаша әрекет етуге дайын болғанда;
- бұған дейін мойындамаған өзі туралы шындықты қабылдауға ниеттенгенде;
- қажетті өзгерістерді енгізуге және нақты әрекеттер жасауға дайын болғанда;
- нәтижеге өзі жауапты екенін мойындағанда [97].

Коучинг педагогикалық тәжірибеде тек жеке тұлғамен ғана емес, ұйым ішілік кәсіби қарым-қатынасты реттеуде де маңызды рөл атқарады. Бұл байланыстар келесі құрылымда жүзеге асады:

- Педагог ↔ Педагог
- Директор ↔ Педагог
- Директор ↔ Мектеп әкімшілігі
- Мектеп әкімшілігі ↔ Педагог [98, б. 25].

Бұл өзара әрекеттестік желілері коучингтің мектептегі ұжымдық мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде де кеңінен қолданыла алатынын дәлелдейді.

Қазақстандағы коучинг пен менторинг саласы жайында да Scopus, Web of Science дерекқорлары тізіміне кіретін ғылыми басылымдарда біршама зерттеу жұмыстарының нәтижелері жарияланды. С. Қадырованың (2017) «Бірінші оқу жылындағы ментордың (тәлімгердің) рөлі» тақырыбындағы мақаласы Қазақстандық білім беру жүйесіндегі менторинг жайлы алғашқы зерттеулердің бірі болып саналады. Бұл зерттеу жекеменшік мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған қиындықтарға назар аударды және менторингтің олардың кәсіби дамуына оң әсер еткенін атап өтті. Зерттеуші жеке сұхбаттар арқылы, жаңадан келген мұғалімдердің қиындықтарын анықтады және осы мәселелерді шешуде менторинг бағдарламаларының тиімділігіне баса назар аударды [32]. Осы кезеңде Г. Қайраттың «Жоғары оқу орындарындағы менторинг: Қазақстан контексінде» атты диссертациясында менторинг университет оқытушылары арасында кәсіби өсу мен әлеуметтену механизмі ретінде қарастырылды. Жоғары оқу орнында жүргізілген бұл зерттеу жұмысы қоғам мен оқытушылар арасындағы

ынтымақтастықты дамытудағы ментрингтің рөлі туралы түсінік берді. Зерттеуші менторинг сыни тұрғыдан ойлауға және кәсіби дағдыларды байыту арқылы тәжірибелі және жас оқытушылардың кәсіби дамуына ықпал етеді деп қорытылындайды [33]. Одан бөлек Г. Қайраттың 2019 жылы «Қазақстандағы жоғары оқу орнының факультетіндегі бейресми менторинг тәжірибесі» атты мақаласы жарық көрді. Бұл зерттеу менторингті уақыт өте келе дамитын қарым-қатынас ретінде көрсетіп, жас ғалымдарды басты назарға алды. Ол жас ғалымдардың кәсіби өсуінде, ғылыми-зерттеулер жүргізуінде, оқыту тәжірибесін шыңдауында бейресми менторингтің рөлін зерттейді [99]. Бұл серпін Қ. Молдасан мен Ұ. Төлешованың 2020 жылы жарық көрген «Педагогикалық коучинг» атты оқу құралында жалғасын тапты. Оқу құралы қазақстандық білім беру контекстінде коучингтің принциптерін, әдістерін және қолдануын сипаттайтын педагогтар үшін практикалық нұсқаулық болды. Жұмыста коучинг мұғалімдерді оқыту бағдарламаларына біріктіретін тұлғалық және кәсіби өсу құралы ретінде атап өтілді [100].

2020-2023 жылдар аралығында жарыққа шыққан бірнеше ғылыми жұмыстар мұғалімдердің кәсіби дамуына коучинг пен менторингтің әсерін зерттеді. Мәселен, Ф. Шуллеридің (2020) «Мұғалім менторингі: Қазақстандағы шетелдік ментор-мұғалімдердің тәжірибесі» атты зерттеуі Қазақстандағы менторинг тәжірибесін халықаралық бағыттан қарастырды. Зерттеуші жергілікті мұғалімдермен жұмыс істейтін шетелдік ментор мұғалімдердің тәжірибесінен диалог, ынтымақтастық және өзара тиімділік сияқты тәлімгерліктің негізгі аспектілерін анықтайды [101]. Одан бөлек, 2023 жылы А. Орақованың бастауымен бір топ алматылық ғалымдардың коучинг және фасилитация тәсілдерін оқытудың жаңа әдісі ретінде зерттеген мақаласы жарияланды. Зерттеуде мұғалімге бағытталған коучингтің студенттердің нәтижелері мен кәсіби дамуын жақсартудағы маңызы ерекше атап өтілді. Бұл зерттеу отандық білім беру саласында коучингтің рөлінің артып келе жатқанын дәлелдей түсті [102].

Соңғы 2024 жылы жарық көрген зерттеулер Қазақстандағы коучинг пен менторингтің аясын одан әрі кеңейтті. Г. Сәрсенбаева, А. Жұмабаева, К. Есенова, Ф. Исмаилова (2024) «The Impact of Coaching on Development of Transversal Skills: An Exploratory Study of Teacher Candidates in Kazakhstani Primary Education (Коучингтің әмбебап дағдыларды дамытуға әсері: Қазақстандағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мүмкіндігін анықтау)» атты ғылыми мақаласы болашақ мұғалімдердің әмбебап дағдыларды (топта жұмыс істеу, коммуникация, кәсіпкерлік ойлау, шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу, т.б.) дамытудағы коучингтің рөліне назар аударды. Болашақ мұғалімдердің тәжірибесін зерттеу жоғарғы оқу орны студенттерінің біршама дағдыларының айтарлықтай жақсарғанын дәлелдеп, мұғалімдерді даярлауға арналған білім бағдарламаларына коучингті енгізу қажет деген тұжырымға келді [103]. Бұдан бөлек, Д. Малғаждарова мен М. Миричи (2024) ағылшын тілін оқытудағы инновациялық «Linguo Coaching (Лингво Коучинг)» әдісін зерттеді. Зерттеу коучинг

технологияларының әртүрлі білім беру контексттеріне бейімделуін көрсете отырып, шет тілі мұғалімдерінің кәсіби дамуы мен студенттердің оқу нәтижелерін арттырудағы коучинг әдістерінің мүмкіндіктерінің мол екендігіне дәлел болды [104]. Отандық менторингті өзге елдегі менторингпен салыстырмалы түрде Г. Қайрат және С. Алтун (2024) Қазақстан мен Түркиядағы бейресми менторинг тәжірибесі жайындағы зерттеуінде қарастырды. Зерттеу жұмысы екі елдің жоғары білім беру жүйесіндегі менторинг тәжірибесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы құнды түсініктер берді, Қазақстанда ресми менторинг бағдарламаларын әзірлеуге арналған сабақтарды зерттеу жұмысының ұсынысы ретінде көрсетеді [105].

Бұл зерттеулерден бөлек көшбасшылық қабілетті арттыруға байланысты екі зерттеуге тоқталып өтуге болады. Біріншісі, А. Жолдасбеков және басқалары (2022) болашақ мұғалімдердің көшбасшылық құзыреттіліктерін дамытуда коучингті пайдалану жөніндегі зерттеуінде коучингтің жеке тұлғаның тәуелсіздігін қалыптастырудағы, ынтымақтастыққа және үздіксіз білім алуға тәрбиелеудегі рөлін атап өтеді. Бұл зерттеуде коучинг мұғалім даярлауда инновациялық-әдістемелік құрал ретінде көрсетілді [106]. Келесі, Г. Күзембаева және басқалары (2024) мақаласында белгілі тәлімгерлік бағдарламалары арқылы жас зерттеушілердің зерттеу әлеуетін, аналитикалық ойлау дағдыларын арттыру мүмкіндіктерін зерттеді. Зерттеу нәтижелері өңірлік университеттердегі академиялық жетістіктер мен инновацияларды дамытудағы менторингтің маңызды рөлін атап өтті [107].

Жоғарыдағы хронологиялық кезеңдегі жарияланымдардан Қазақстанның білім беру саласын коучинг, менторинг секілді жаңа инновациялық технологиялар арқылы дамыту қарқынды жүріп жатқанын көреміз. Бұл диссертациялық жұмыс қазақ әдебиетін оқытуға байланысты болғандықтан коучингтің нақты қазақ әдебиетін оқытуға әсері қандай деген сұрақтың туындауы орынды. Негізінен, мектепте қазақ әдебиетін оқытуда коучинг технологияларының қолданатын мұғалімдер бар. Алайда бұл үрдіс әлі жүйелене қоймады, нақты әдістемелік нұсқаулықтар жоқтың қасы, сондықтан, әрбір мұғалім бұл әдістерді өздігінше түсініп қолданады.

Бұл диссертациялық зерттеу жұмысының жүргізілу барысында қазақ әдебиетін оқытуда коучингтік технологияларды қолдану тақырыбында бес ғылыми мақала жарияланды. Бұл жұмыстар қазақ әдебиетін оқытудағы коучинг және менторинг әдістерінің қолданылу мүмкіндіктеріне арналған алғашқы ізденістердің бірі болғандықтан, диссертациялық жұмыстың ғылыми негіздемесін кеңірек ашу мақсатында аталған зерттеулерге қысқаша тоқталып өтсек.

Ж.Қ. Смағұловпен бірлесе жүргізілген зерттеу жұмысымыз «Coaching in Kazakh literature. Isolation in coaching» («Қазақ әдебиетіндегі коучинг. Коучингтегі оңашалану») (2018) қазақ әдебиеті мен коучингтің байланысын ғылыми қауымдастыққа таныстыруға бастамашы болды [108]. Бұл зерттеуде қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығындағы коучингтік идеяларға талдау жасалды.

Коучинг тәжірибесіндегі «жалғыздық», «оңашалану» тұжырымдамалары зерттеліп, олардың теориялық анықтамасы негізделді. Мақала «оңашалану» тәжірибесін өзін-өзі рефлексиялау, өзіндік тұлғалық даму, өзін-өзі тәрбиелеу құралы ретінде қарастыруға арналды. Зерттеу қазақ әдебиетіндегі коучингтің барлық аспектілерін жан-жақты қамтымаса да, кейінгі зерттеулерге тұжырымдамалық негіз болды. Әдебиеттің эмоционалды және психологиялық тереңдігін коучинг принциптерімен байланыстыра отырып, әдебиетті тұлғалық даму және білім беру тәжірибесі ретінде қарауға жаңа бағыт берді.

Келесі жұмыс орта мектепте қазақ әдебиетін оқыту барысында коучинг пен менторинг әдістерін қолдануды зерттеуге бағытталды. Бұл үшін орта мектеп оқушыларына арналған бір айлық коучинг курсы өткізілді. Зерттеу нәтижелері жаңа инновациялық әдістер білім алушыларға әдеби шығармаларды өз жеке өмірімен байланыстыруға көмектесіп, алдыға мақсат қойып, оған жетуге шабыттандыратынын көрсетті. Одан бөлек әдеби шығармаларды инновациялық әдістермен оқудың трансформациялық әлеуеті мықты екендігі дәлелденді. Коучинг оқушылардың сыни ойлауына, эмоционалды интеллектісінің артуына және академиялық жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді екен [109].

Тақырып аясында зерттеу одан ары тереңдей түсіп, үш ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынған басылымдар тізбесіндегі журналда жарық көрді. Бұл зерттеу жұмыстары коучинг ғылымының қалыптасу тарихын, ғылыми-әдіснамалық негізін, тәжірибеде қолданылуын, коучингтік тәжірибенің оқушыларға әсерін, GROW моделін, «Өмірлік сценарий» жазу сияқты кейбір коучингтік әдістерді талдауға арналды [110], [111], [112]. Жинақтап айтатын болсақ, кейінгі жылдарда жүргізілген бұл зерттеулерге сүйене отырып қазақ әдебиетін оқытудағы коучинг әдіснамасының зерттелуі ілгерілеп келе жатыр деуге болады. Ғылыми жұмыстардың нәтижесінен коучинг ғылымын теориялық тұрғыдан негізделіп, практикалық қолданысқа түскенін байқаймыз.

Қазақ әдебиетінде коучингтік технологиялардың пайдаланылуы, зерттелуі кейінгі онжылдықта ғана жүргізіле бастағанымен әлемдік тәжірибеде әдебиет пен коучингтің байланысы жайында жүргізілген зерттеулер аз емес. Кейбір жағдайда біздің үлгідегідей әдебиет сабағында коучингтік технологияларды әдіс ретінде пайдаланса, кейбірі, керісінше, коучинг сессияларында әдеби шығармаларды құрал ретінде қолданған жайттар ұшырасады.

Л. Голденсон өзінің 1992 жылғы зерттеуінде коучинг пен менторинг өзін-өзі тәрбиелеу, педагогика және адамгершілік құндылықтарды дамыту секілді аспектілерде көркем әдебиетпен айтарлықтай ұқсастықтары бар деген пікір айтады [113]. Бұл салаға көрнекті үлес қосқан еңбек К. Истманның «Кәсіби дамуға арналған коучинг: жетістікті әдебиет арқылы арттыру» (2019) атты кең ауқымды зерттеу жұмысы болды. Автор зерттеуінің мақсатын келесі сөздермен түсіндіреді:

«Мен әдебиетті коучингтің құралы ретінде қолдану тәжірибесін зерттейтін болып шештім және бұл идея белгілі бір дәрежеде өзімнің әдебиетке деген сүйіспеншілігім мен оны педагог ретінде қолдануға деген ұмтылысымнан туындады. Бұл кітап әдебиеттің коучинг үдерісіне тигізетін пайдасын зерттеуге арналған» [114, б. 1].

Әдебиетті коучинг үдерісінде пайдаланудың тағы бір ерекше мысалдары – АҚШ-тағы түзету мекемесінде жүргізілген «Әдебиет арқылы өмірді өзгерту (Changing lives through literature, қысқаша – CLTL)» атты бағдарламасы бола алады [115, б. 682-690]. Бұл ерекше бағдарлама алғаш рет Массачусетс штатында басталып, кейінірек басқа штаттарға және мұхиттың арғы жағындағы алыс шет ел Англияға таралды. Бағдарлама аясында түзету мекемесінің тұтқындары түрлі әдеби романдар оқып, өзара пікірталастар жүргізеді. Мақсат олардың эмоциялық және адамгершілік дамуына оқыған шығармаларының әсер етуін анықтау болды. Оқылған әдебиеттер қатарына Д. Стейнбектің «Тышқандар мен адамдар туралы», Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз», Д. Лондонның «Теңіз қасқыры», Р. Бэнкстің «Қайғы» және К. Кизидің «Көкек ұясының үстімен ұшқанда» шығармалары кірді. Ұйымдастырушылардың айтуынша кейбір тәуекелдерінің бар болуына қарамастан, бұл шығармаларды коучинг негізінде оқыту тұлғалардың ішкі және сыртқы өміріне әсер етуде әлеуеті зор [64, б. 158].

Жоғарыдағы зерттеулер нақты әдеби шығармаларды коучингтік әдістермен әдеби шығармаларды оқытудың артықшылықтарын атап өтсе, келесі зерттеулер, кітап оқудың пайдасын анықтау мақсатында жүргізілген. Осы орайда Г. Сабин (1983) жүргізген зерттеуінде 1382 оқырманмен сұхбат жүргізіліп, кітап оқудың трансформациялық қуаты жоғары деген қорытынды жасалды [116]. Сол сияқты, К. Росс (1999) кітап оқудың мүмкіндіктерді кеңейту, әлеуметтік дағдыларды жақсарту, өзгерістер енгізуге деген сенімділікті дамыту секілді бірқатар артықшылықтарын атап көрсетеді [73, б. 793-795].

Әдебиетті оқудың жеке тұлғаның дамуына үлес қосатын танымдық артықшылықтары көп. Әдебиет эмоционалдық қолдау көрсетіп, өзін-өзі тануға ықпал етеді, қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынас орнатуға және қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Әдеби мәтіндер, қарапайым мәтіндерге қарағанда эмоция мен экспрессивизмге толы. Сол себепті адамның сана-сезіміне жақсы әсер етіп, ой салады. Мәселен, Ф. Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» шығармасын оқу оқырмандарға өзімшілдікті жеңуге көмектескен. Әдеби шығармалардағы шынайы өмір мен ойдан шығарылған оқиғалар арасындағы мағыналы байланыс образдардың іс-әрекеттерін, эмоцияларын зерттеуге мүмкіндік береді. Ежелгі Грекиялықтар әдебиетке деген сүйіспеншілігі соншалық, тіпті әңгімелердегі өздеріне ұқсас образдарды өмірлік идеалына айналдырған көрінеді [64, б. 7-10]. К. Истман түрлі әдеби шығармаларды талдап, әдебиеттің коучинг сессиясын жүргізуде пайдасы көп екенін дәлелдейді. Мысалы, ол «Жүзуші» шығармасының коучингтік сұхбаттарды жеңілдетуге мүмкіндік беретінін, «Александр көпірі» шығармасы коучтерге әріптестерінің түрлі эмоцияларын

зерттеуге көмектесетінін, ал Антон Росицкий туралы әңгіме студенттердің физиологиялық өзгерістерді сезініп, сабырлы әрі мамыражай күйге келуіне ықпал еткенін айтады [114, б. 7-10].

Коучинг құралдарын әдеби шығармаларға негіздеу адамдарға өз эмоцияларын басқаруға, бақылауға мүмкіндік береді. Әдеби шығармаларды оқу сұхбаттасу дағдыларын жақсартады, коуч пен тәлім алушы бір романды бірге оқыса, бұл ары қарай өзара жақсы түсінісуге, бір ортақ тақырыпты оңай талқылауға көмектеседі. Ал К. Дуглас пен Д. Карлесс (2008) спортшыларды ынталандыру және қолдау үшін көркем әдебиетке негізделген әңгімелер мен оқиғаларды педагогикалық құрал ретінде қолданған. Көркем әдебиет әртүрлі ақпаратты, соның ішінде кейіпкерлердің оқиғалары мен өмірбаяндарын бірге қарау мүмкіндігін береді. Оқырмандар кейіпкерлердің әрекеттерінен, ойларынан және қателіктерінен сабақ алып, жеке өмірлеріне қатысты түсініктерін арттыра алады [117].

Е.А. Креутер сапалық әдіснамаға құрылған зерттеу жұмысында поэтикалық мантраның адамдардың позитивті ойлауын жақсартып, жақсы өмірлік шешімдер қабылдауға ықпал еткенін атап өтеді [118]. Ал С. Трелфалл өз зерттеуінде поэзияны білім беру үдерісінде қолдану студенттердің мықты қасиеттерін ескеруге, әлсіз тұстарын дамытуға, академиялық әлеуетін арттыруға, ілгері жылжу жолында әрекет етуге көмектеседі деп тұжырымдайды [119]. С. Сноубердің айтуынша поэзияны менторинг тәжірибесінде қолдану адамдардың өміріне, ой-санасына, жүрегіне, жанына, біліміне оң өзгерістер әкелуі мүмкін [120].

Коучинг және менторинг тәжірибесінде метафораларды қолдануды зерттеген бірнеше ғылыми жұмыстар бар. Д. Хумпри мен С. Томлинсонның зерттеуінде Р. Морганның «Жаяу әйелдер» және Э. Дикинсонның «Үміт» секілді өлеңдерін талдап келіп, коучингте әдеби метафораларды қолдану жақсы тәжірибе екені, және ол зерттеудің қатысушыларына оң әсер еткендігі айтылады [121]. Әдеби шығармалардан алынған метафораларды коучингте қолдану табысқа жетуге және мәселелерді оңтайлы шешуге ықпал етеді. Мәселен, Л. Сето және Т. Гейтнердің «Коучинг пен менторинг жүргізуде «сиқыр» метафорасын қолдану» атты зерттеу жұмысында осы метафораны қолдана отырып сұрақтар қою тәлім алушының салыстыра ойлау дағдысын жақсартуға, таным көкжиегін кеңейтуге болатындығы мысалдар негізінде дәлелденеді [122]. Р. Томсон метафоралар арқылы коучинг және менторинг жүргізу туралы зерттеуінде ашық, қысқа және нақты сұрақтар қою арқылы коучтерге клиенттердің әртүрлі жағдайларға қатысты көзқарастары мен тәжірибелерін бақылау ыңғайлы әрі жақсы тәжірибе деп қорытындылайды [123]. Әдебиеттің танымдық, эмоциялық және коммуникациялық артықшылықтары адамның тұлғалық әрі кәсіби тұрғыда дамуына ықпалы зор. Әдебиетті оқытуда коучинг тәжірибесіне енгізу оның трансформативтік әсерін одан сайын арттыруға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың келесі кезеңінде коучингтік технологиялардың түрлерін анықтау мақсатында алдымен ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Зерттеу барысында түрлі ғылыми мақалалар мен ақпараттық ресурстарда

кездесетін коучинг технологиялары жүйеленіп, барлығы 59 түрлі әдіс анықталды. Бұл үшін келесі критерийлер басышылққа алынды:

1. Әдістің педагогикалық мақсаттарға сәйкестігі;
2. Әдістің интерактивтік әлеуеті;
3. Әдісті қолданудың уақыттық тиімділігі;
4. Әдістің әдеби шығарма мазмұнымен сәйкестігі;
5. Әдістің эмоционалдық және танымдық әсері;
6. Әдістің мұғалім үшін қолдану қолайлылығы;
7. Әдісті қолдану нәтижелерінің болжамдылығы.

Бұл әдістер арасында мазмұндық ұқсастықтар болғанымен, олардың барлығы жеке-жеке қарастырылып, жалпы тізімге енгізілді. Әрі қарай әдістердің қолданыс аясы мен мазмұндық бағытына қарай бес негізгі салаға – кәсіпкерлік, психология, спорт, экономика және білім беру – жіктелді. 2-суретте осы коучингтік әдістердің (шет тіліндегі атауымен бірге) қай салада жиі қолданылатыны және олардың әдебиет пәнін оқытудағы қолданбалы әлеуеті көрсетілді (толық нұсқасы қосымша 1-де көрсетілді). Әдістердің салаларға бөлінуі олардың ғылыми әдебиетте сипатталған бастапқы контексіне қарай жүзеге асырылды: егер әдіс кәсіпкерлік бағыттағы зерттеулерде қолданылса, ол «Кәсіпкерлік» тобына, ал білім беру саласында қолданылса, «Білім беру» тобына енгізілді.

Әр коучингтік әдістің әдебиет пәнінде қолданылу мүмкіндігі үш деңгеймен бағаланды: «төмен», «орташа» және «жоғары». Бұл деңгейлерді айқындау үшін екі сатылы сараптама жүргізілді. Біріншіден, әдістің ғылыми әдебиеттерде қандай формада және қандай мақсатта кездесетіні талданды. Екіншіден, жүргізілген талдау нәтижелеріне қатысты ғылыми жетекшілердің пікірлері мен сараптамалық бағалаулары ескерілді. Одан бөлек әдістердің құрылымдық күрделілік деңгейі, интерактивтік әлеуеті, сабақта қолдануға ыңғайлы уақыт шеңберінде жүзеге асу мүмкіндіктері де ескерілді. Осы критерийлер арқылы қарастырылған әдебиеттердің ішінде келесі авторлардың жұмыстары бар: (Hurkova, Lozenko, Hroshovenko, Tsapko, Zubtsova & Onyshchenko, 2022) [16], (Schulleri, 2020) [101], (Feiman-Nemser, 2001) [124], (Wang & Odel, 2007) [125], (Dikilitas & Wyatt, 2018) [126], (Yayli, 2018) [127], (Harrison, Dymoke & Pell, 2006) [128], (Hale and Hutchinson, 2012) [129], (Kerka, 1998) [130], (Crasborn, Hennissen, Brouwer, Korthagen & Bergen, 2011) [131], (Van Ginkel, Verloop & Denessen, 2016) [132], (Langelotz, 2013) [133], (Thousand, Villa & Nevin, 2006) [134], (Sundli, 2007, p. 201) [135], (Buddeberg-Fischer & Herta, 2006) [136].



Сурет 2 – Түрлі саладағы коучингтік әдістер және олардың әдебиет пәнімен сәйкестігі (толық нұсқасы қосымша А-да көрсетілген)

59 коучингтік әдістің әдебиет пәнімен сәйкестігі үш деңгейге жіктелді. Соның ішінде, қазақ әдібиеті пәнімен сәйкестігі төмен әдіс – 22, сәйкестігі орташа әдіс саны – 19, сәйкестігі жоғары әдіс саны – 18. Бұл диссертациялық жұмыста әдебиет пәнін оқытумен сәйкестігі жоғары деп танылған 18 әдісті қарастырамыз. Аса қажет болған жағдайда ғана сәйкестігі орташа әдістерге жүгінуіміз мүмкін. Сәйкестігі әдебиет пәнімен жоғары 18 әдістің барлығы Психология және Білім беру саласына қатысты. Әлбетте бұл бірінші кезекте зерттеу жұмысы білім беру саласымен байланысты болғандықтан, екінші кезекте мектепте оқытылатын әдеби шығармалар баланың дамуына, мінез-құлқын шыңдауға, эмоциясына әсер етуге бағытталғандықтан. Бұл 18 әдістің қатарына қосылмай қалған кейбір әдістерді де негізінен әдеби шығарманың мазмұнына сәйкес келсе қолдануға болады. Мысалы, әдеби шығарма қаржы тақырыбында болса, қаржылық сауаттылыққа негізделген коучинг әдісіне жүгінуге болады.

Коучингтік әдістер құрылымына және жеткізу әрекетіне қарай әр түрлі формада орын алуы мүмкін. Жоғарыдағы әдістерді анықтау барысында олардың формаларына да мән беріліп коучингтік технологиялардың ең негізгі 6 түрі

анықталды. Олар: Жеке, бетпе-бет коучинг (One-on-One Coaching), Топтық коучинг (Group Coaching), Командалық коучинг (Team Coaching), Мастермайнд коучинг (Mastermind Coaching), Виртуалды-сандық коучинг (Virtual-Digital Coaching), Аралас коучинг (Hybrid Coaching) [137, б. 16-17].

2.2 Қазақ әдебиетін коучингтік технологиялар арқылы оқытудың әдістемелік картасы

Диссертациялық жұмыстың I-тарауында қазіргі мектепте қазақ әдебиетін оқытудың мақсат-міндеттеріне тоқталып өттік. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, 5–11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманауи технологиялар мен жаңа дидактикалық тәсілдерді қолдану, сондай-ақ әртүрлі жобалық оқыту түрлерін, соның ішінде «Problem-based learning» (қысқаша – PBL) сияқты тәсілдер арқылы білім беру көзделген. Бұдан бөлек Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА «Орта білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері» атты нұсқаулығына сәйкес қазақ әдебиетін оқытуда үш мақсат бар: танымдық, тәрбиелік, дамытушылық. Бұл мақсаттар келесі міндеттер арқылы жүзеге асады: 1) сөз өнерінің ерекшелігін айқындап, шығармалардың рухани, мәдени, эстетикалық мәнін тану; 2) көркем шығармалар арқылы ұлттық таным, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту; 3) әдебиеттану негіздерін меңгертіп, мазмұндық, жанрлық ерекшеліктерді бағалау; 4) ұлттық және әлемдік әдебиет байланыстарын зерделеу; 5) көркем сөзді сауатты қолдануға және шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағыттау; 6) сыни және креативті ойлайтын, ойларын еркін жеткізетін, интеллектуалдық әрі адамгершілік қасиеттері жоғары тұлға қалыптастыру [44, б. 112].

Келесі кезекте жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сыныптарына арналған қазақ әдебиеті оқулықтарының толық тақырыптық мазмұнына шолу жасалды. Әрбір тақырыпта 3-сурет негізінде коучингтік технологиялардың, әдістердің қолданылу мүмкіндігі қарастырылды. Бұл жерде бірнеше критерийлерге мән берілді:

- Әдеби шығарма тақырыбы мен коучингтік технология мазмұнының өзара сәйкестігі;
- Коучингтің негізгі түрлері (диалогтық, дамытушы, тұлғалық өсуге бағытталған) мен әдеби мәтін мазмұнының үйлесімділігі;
- Әдеби шығарма арқылы қалыптастырылуы тиіс дағдының коучингтік мақсаттармен сәйкестігі;
- Шығарманың формасы мен көлемінің коучингтік технологияларды қолдануға бейімділігі;
- Шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен құндылықтары арқылы рефлексия жүргізу мүмкіндігі;

- Коучингтік сұрақтар қоюға негіз болатын ситуациялардың (оқиғалық эпизодтардың) мәтінде кездесуі;

- Коучингтік құралдарды (эссе жазу, визуалды рефлексия, рөлдік ойындар, мақсат қою картасы т.б.) интеграциялау мүмкіндігі.

Осы критерийлерге сай деп танылған барлық шығармалар жоғарыдағы 3-суретте көрініс тапты. Талапқа сәйкес келмейтін тақырыптар мүлде бұл кестеге енгізілмеді. Коучингтік әдіспен бірге сол әдістің мақсаты, қалыптастыратын дағдылары көрсетілді.

Коучингтік идеялар мен әдеби шығармалардың сәйкес келетін тұстары жайында алдыңғы бөлімдерде айтып өттік. Коучинг көбіне тұлғаның жеке дамуына, оның кемшіліктерін жойып, ішкі әлеуетін ашуға, өзін-өзі дамытуына бағыттайды. Осы идеяларға сәйкес жазылған әдеби шығармалар да аз емес. Бірнеше әдеби шығармаларға тоқталып, олардың коучингтік идеялармен байланысына талдау жасап көрейік.

Барлық өзгерістер түбі адамның әдеттерінің өзгерісіне, ал әдеттер адамның мінезіне байланысты екендігі белгілі. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Абай адам мінезін түзеуге болады деп сенген. Ол қазақты түзетудің жолы ретінде бір қара сөзінде «күшпен көндіру» немесе «аталарын паралап алуды» ұсынады, бірақ бұл екі құралдың бір адамның қолына түгел тимейтінін, ал бай мен күштілердің ауызбіршілік табуы қиын екенін ескертеді [138, б. 212-213]. Соған қарамастан, қазақтың түзелетіндігінен үмітін үзбей келесі бір сөзінде: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – дейді [139, б. 325]. Абайдың бұл айтқан ойын жоғарыда талдап өткен 59 коучингтік әдістің ішінде *Дағдыларды дамыту коучингі (Skills Coaching), Жеке даму коучингі (Personal Development Coaching), Өз-өзіне коучинг (Self-Coaching)* әдістерімен байланыстырып, осы әдістер негізінде адамның мінезін өзгертудің жолын қарастыруға болады.

Адамның өз бойындағы кемшіліктерін мойындап, оны түзету жолында күш жұмсау мәселесі Шәкәрімнің шығармашылығында да кездеседі. «Жастарға» өлеңінде адам өз мінезін сын көзбен қарап, түзетуге ұмтылуы керек деген ой айтылады [140, б. 31-41]. Ол жастар қауымын бойындағы кемшіліктерін түзетуде ашуға салынбай, ақылмен әрекет етуге шақырады. Бұл – Абайдың «Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым!» деген өсиетімен де үндеседі [138, б. 107]. Ал Шәкірімнің «Анық пен танық» өлеңінде мақсатты нақты қойып, соған дәл бағытталу керектігі айтылады:



Сурет 3 – 5-11 сыныпта қазақ әдебиеті пәні тақырыптарын оқытуда коучингтік әдістер қолдану моделі

«Нысананы сығалап дәлдеп атпай,

Көзін жұмып оқ атқан қайтіп оңбақ?», [140, б. 62]. Ақынның «Көпке құмар, еріншек болма мендей» дегені де мақсатсыз, жалпылама қимылдың нәтижесіз екенін меңзейді. Яғни, бұл ойлар адамның өзін-өзі дамыту жолында айқын бағыт пен ішкі жауапкершіліктің маңыздылығын көрсетеді. Бұл ойларды да жоғарыда атап өткен үш коучингтік әдіспен қарастырып дамытуға болады.

Алайда, кейде адам өз мақсатын дұрыс таңдамай, қателесетін жағдайлар да кездеседі. Мұндай кезде бір сәт аялдап, қажет болса, бір қадам кейін шегініп, бағытын қайта бағамдап алған пайдалы болуы тиіс. Абай бұл жайында: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?», – деп айтуы маңызды [141, б. 32]. Мақсаттың дұрыстығын үнемі қайта қарап, бағалап отыру аса маңызды. Абай бұл туралы терең ой қозғай келе, есеп берудің үш деңгейін атап өтеді: ең әлсізі – айына бір рет, орташасы – аптасына бір рет, ал ең тиімдісі – күн сайынғы есеп. Осы тұста «Абай неге жылына бір рет емес, ай сайын есеп беруді ұсынды?» деген сұрақ тууы мүмкін. Қазіргі коучтер де сирек есеп берудің тиімділігі төмен екенін айтады. Мысалы, Б. Трейси адамның бойында жаңа әдет қалыптастыру үшін 21 күн қажет дейді. Ол мұны – балапан шығару үшін 21 күн жұмыртқаның үстінде тапжылмай отыратын тауықтың мысалымен түсіндіреді. Яғни, жүйелі түрде өзін қадағалаған адам ғана нәтижеге жетеді [142]. Бұл өзінен-өзі есеп алуды 2-суретке сәйкес келесідей әдістермен байланыста қарастыра аламыз: *Когнитивті коучингі (Cognitive Coaching), Нұсқаулық коучинг (Instructional Coaching), Өз-өзіне коучинг (Self-Coaching), Диалог (Dialogue), Монолог (Monologue)*. Осының ішінде әсіресе диалог пен монолог адамның өз-өзімен сөйлесуіне, өз-өзінен есеп алуында пайдалы. Егер диалог үшін адамға сұрақ қойып отыратын коучтің қажеттілігі болса, монологты адам өз-өзімен сөйлесу арқылы да жүргізе алады. Түбі бұл технологиялардың барлығы да адамның когнитивті ойлану дағдыларынан шығады. Бұл жерде Қ. Бітібаеваның «ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясымен сәйкестік бар. Әдіскердің осы технологиялары түбі оқушы-мұғалім (коучи-коуч) арасындағы байланыс негізінде, мұғалімнің оқушыға *ой тастауы, ойлантуы* арқылы оны *ойлануға*, сыни ойлауға бағыттау арқылы жүзеге асады [143].

Коучингтегі маңызды нәрселердің бірі анықталған кемшіліктерді жою жолында жұмыс істеу. Бұл ойлану, талдау жасау үдерісі аяқталып, артықшылықтар мен кемшіліктер, қауіп-қатерлер айқындалып, мақсаттар нақтыланған сәтте жүзеге асады. Әдетте көзделетін мақсаттар тізімге алынып, әр мақсаттың ерекшеліктері, мүмкіндіктері, кедергілері анықталып, жету межесі (дедлайны) қойылады. Мақсатты нақты қою мен оған жету межесін белгілеудің жақсы үлгісін С. Торайғыровтың «Оқуда мақсат не?» және «Өмірімнің уәдесі» өлеңдерінен көре

аламыз. «Оқуда мақсат не?» өлеңінде ақын оқуды тек жеке басының қамы үшін емес, халыққа пайда тигізу үшін меңгеру керектігін айтады [144, б. 257-259]. Ал «Өмірімнің уәдесінде» ақын өзіне бірнеше нақты мақсаттар қояды, орыс тілі, тарих, география пәндерін толық меңгеріп, отыз жасқа дейін білім алуын аяқтауға ант етеді. Сонымен бірге, келер жазда «ақын» атануды да жоспарына қосады [72, б. 338]. Иә, ол ақын ретінде танылды, бірақ жиырма жеті жасында дүниеден өтіп, алға қойған мақсаттарына толықтай қолы жетпей қалды. Сұлтанмахмұдтың тәжірибесін Тапсырмаға негізделген коучинг (Task-Based Coaching), Мәселеге негізделген коучинг (Problem-Based Coaching/Via Negativa) әдістерімен салыстыруға болады. Себебі, екі жағдайда да нақты мәселе, тапсырма белгіленіп, соған жету мақсатында іс-әрекеттер жүзеге асады.

С. Торайғыровтың мақсатқа байланысты ойлары Абайдың 44-қара сөзінде көрініс табады: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» [139, б. 356]. Одан әрі бұның себебін түсіндіріп, жалқаулық, еріншектік, зұлымдық, айлакерлік секілді жаман қасиеттердің бәрі талапсыздықтан туындайды. Талапсыз адамда мақсат жоқ, ал мақсатсыздық – рухани тоқырау. Керісінше, талаптылық – ізденіс пен даму жолының бастауы. Абай бұл тұста кез келген талапты емес, ізгілікке, рухани тазаруға бастайтын адал талапты меңзейді. Ол үшін, дейді Абай, әуелі көкірек тазарып, ниет түзеліп, Құдай ризалығы мен адамзат игілігі көзделуі қажет екендігін айтады [138, б. 217]. Шәкәрім де «Талап пен ақыл» атты өлеңінде талапты «тұлпарға» теңей отырып, оны тек ақылға салып басқару керектігін сөз етеді. Әйтпесе ол адамды жарға жығуы мүмкін. Демек, талап жалғыз өзі жеткіліксіз, оған бағыт беретін – ақыл [140, б. 128]. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде де «бес асыл істің» басында талап тұрады. Бірақ талапты адамға да қойылатын шарт бар: ол шын білім іздеген, көкірегі ояу жан болуы тиіс дейді ойшыл [139, б. 107].

Талап – мақсат қоюдың бастауы болса, еңбек – сол мақсатқа жеткізетін құрал. Ақын-жыраулардың өлеңдерінен аңғаратынымыз – адам қандай да бір талапты жүзеге асырмас бұрын, оны таразылап барып, нақты іске кіріскені жөн. Алайда жалаң талаптың өзі жеткіліксіз, оны жүзеге асыратын – тек еңбек. Бұл – тек халық даналығының түйіні емес, коучинг ғылымының да басты қағидасы. Коучингте адамның мінез-құлқы мен өмірлік дағдыларын өзгерту үшін ішкі ниет (мотивация) қана емес, нақты әрекет (еңбек) қажет екені үнемі ескеріледі. Яғни еңбек – коучингтің өзегін құрайды, оны айналып өту мүмкін емес.

Абайдың «бес асыл ісінде» екінші орында тұратын еңбек ұғымы – еріншектікке қарсы күрес жолы. Ақынның «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген жолдары бүгінгі күнге дейін мән-маңызын жоғалтпаған. Бұл өлеңде еңбек адамның өзін-өзі қамтамасыз етудің жалғыз адал жолы ретінде беріледі. Абай мұндай адам өзгеден тілемейді, қулықпен күн көрмейді, адал еңбегімен табыс табады дейді. Қайта, еңбек етпей, біреудің есебінен өмір сүруді жөн көретіндерді ақын қатты сынайды. Ақынның төртінші қара сөзінде: «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара

жер де береді, құр тастамайды» – деп, адал еңбек етудің рухани негізін көрсетеді [139, б. 283]. Ол адамның ризық-несібесі өзінің маңдай терімен байланысты екенін баса айтады. «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» өлеңіндегі «Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр, Құлдық ұрып асайсың асы бардан...», – деген жолдар – адам өз еңбегімен өмір сүруді таңдамаған жағдайда, өзгеге тәуелді болып, еркіндігінен айырылатынын бейнелейді [145, б. 173]. Байдан ас сұраған кедейдің бір жілік пен қымыздың өтеуіне жұмыс істеуге мәжбүр болуы – еңбек етпеген адамның психологиялық және әлеуметтік тәуелділігіне дәлел.

Қазақ әдебиетіндегі ақындардың үндестігі – еңбек пен еріншектік тақырыбында айқын көрінеді. Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп адамның тұлғалық дамуының басты шарты – әрекет ету, еңбек ету екенін өз шығармаларында нақты мысалдармен дәлелдейді. Мәселен, Абайдың «Есектің артын жусаң да мал тап», – деген пікірі [145, б. 173], Мәшһүр Жүсіп «Б… ұстасаң, қолыңа жұғып қалмас», – деген ойымен үндес келеді [146, б. 27]. Екі автор да еңбек етуден арланбау, ұсақ жұмыс болса да одан қашпау қажеттігін алға тартады. Ал Шәкәрім еріншектікті адамға зиянды жағымсыз қасиет ретінде образға айналдырып, «Ей, Еріншек, қара жүз...» деген өлеңінде оған ашық қарсылығын білдіреді. Ол еріншектік адамды надандыққа, салақтыққа, ақырында адамдық қасиеттерінен айыруға дейін жетелейтінін былайша сипаттайды:

«Еріншектен – салақтық,
Салақтықтан – надандық.
Бірінен-бірі туады,
Жоғалар сүйтіп адамдық» [140, б. 102].

Мәшһүр Жүсіп те осы ойды жалғастырып, еріншектікті «кедейліктің арқаны» деп бағалайды. Бұл – жалқаулықтың адамның материалдық және рухани құлдырауына әкелетінін көрсететін бейнелі тұжырым.

Коучингте адамның ішкі әлеуетін ашуда басты назар *жауапкершілік* пен *әрекетке көшуге* бағытталады. Бұнда адам қандай жағдай болмасын өз болашағына әсер ете алатын субъект ретінде болып, «жауапкершілік векторы» адамның өзіне бағытталады. Жоғарыдағы авторлар да осы ұстанымды ұсынады: «тілемсектікпен, жалқаулықпен өмір сүрме, әрекет ет, талаптан, еңбек ет» деген ойларды насихаттайды.

Шәкәрімнің талапты әрекетпен байланыстыруы да коучингтің мотивациялық тұғырларымен үндес:

«Жалаңашқа киімнің жоғы арманда...
Талап қылса, табылар соның бәрі...» [140 б. 42].

Бұл жерде автор арманды жүзеге асыру үшін нақты қадам жасау керек екенін айтып отыр. Бұл – коучингтің «мақсат қою – әрекет – нәтиже» тізбегіне сәйкес келеді.

Абай мен Шәкәрім шығармаларында адам мінезіндегі жағымсыз сипаттардың өзара тығыз байланыста екені айқын көрінеді. Олар бұл қасиеттерді

оқшау қарастырмайды, қайта бірінен бірі туындап, адам болмысының тұтас деградациясына себепші болатын тізбекті процесс ретінде сипаттайды. Мысалы, Абайдың үшінші қара сөзінде: «әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады», – деп көрсетіледі [138, б. 160]. Бұл бір ғана еріншектік қасиетінің адамды ақырындап моральдық күйреуге әкелетіндігін дәлелдейді. Абай үшін мұның басты себебі – әрекетсіздік, бос жүріс, еңбекке бейілсіздік. Оның: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы...», – деген сөзі еңбек етудің тек экономикалық қана емес, рухани қажеттілік екенін білдіреді [138, б. 213]. Бұл идеяны Шәкәрім нақтылай түседі. Ол еріншектік пен салақтықтан надандық туады деп, мұндай адамда ұят та, ғылым да болмайтынын ескертеді [140, б. 102]. Осылайша ол Абайдың ойын жалғастырып, моральдық күйреудің қайнарын еріншектіктен бастау алатын нақты психологиялық және мінездік процестермен түсіндіреді. Психологияда мұндай тізбекті құбылыс *дисфункционалды мінез-құлық шеңбері* (vicious cycle) деп аталады. Жағымсыз бір қасиет адам өміріне енісімен, басқа да кемшіліктерге жол ашады. Мысалы, жалқаулық адамды әрекетсіздікке, ол өз кезегінде өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне, кейін ұятсыздыққа, тұйықтыққа, тіпті агрессия мен әлеуметтік оқшауландыруға алып келуі мүмкін. Абай мен Шәкәрімнің бұл ойлары – қазіргі коучинг пен тұлғалық даму ғылымында қолданылатын мотивациялық теориялармен үндес. Коучингте бұл үдерістен шығу жолы ретінде адамның ішкі ресурсын ояту, мақсат қою, әрекет етуге ынталандыру, тұлғаны белсенді субъект ретінде қалыптастыру көзделеді.

Қазақ әдебиеті мен рухани-мәдени дүниетанымда кедейлік пен еңбек тақырыбы ерекше орын алады. Аталған мәселелер тек әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар адамгершілік, ар-намыс, рух тазалығы секілді іргелі категориялармен сабақтасып жүреді. Бұл тақырыптың тереңдігі мен маңызын Шал ақын, Қабылан Бөрібайұлы, Сүйінбай Аронұлы сынды халық ақындарының шығармаларынан да айқын аңғаруға болады. Бұл ақындардың шығармаларында кедейлік көбіне трагедиялық сипатта суреттіледі. Қ. Бөрібайұлы кедейліктің қарттықпен қабат келуін ерекше сынайды:

«Кедейлік, жас кезімде келмеп едің,

Жеңем деп мені жаста сенбеп едің...», – деген өлең жолдары жастық шақтың әрекет етуге, табысқа жетуге ең қолайлы кезең екенін атап өтеді [147, б. 7]. Қартайғанда кедейліктің келуі адамның мүмкіндіктерінің шектелуімен қатар, рухани күйретуі де мүмкін екенін көрсетеді. С. Аронұлы да кедейлікті қоғамдағы қорғансыздықтың, әлсіздіктің нышаны ретінде сипаттайды:

«Батыр-ай, кедейшілік жаман екен,

Бұл дүние – азулының заманы екен», – деген жолдары әлеуметтік теңсіздікке, бай мен кедей арасындағы алшақтыққа назар аударады [147, б. 105]. Бұл екі ақынның ойын Абайдың келесі өлең жолдарымен қуаттауға болады:

«Малың болса, сыйламай тұра алмас ел,

Қаруыңның барында қайрат қылмай,

Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел» [145, б. 173]. Абай қоғамдағы адамға деген көзқарастың оның қалтасындағы қаржыға, тапқан табысына байланысты қалыптасатынын меңзеп тұрғандай. Дегенмен, Абай тек байлықты мадақтап қоймайды. Ол байлықты мақсат емес, құрал ретінде қарастыруды ұсынады. Ақын бесінші қара сөзінде түрт түлік мал жайындағы халық мақалдарын сынап, мал мен дүниеқоңыздықты мақсат еткен теріс көзқарас деп бағалайды. Абай үшін ең бастысы – малды адал жолмен табу, оны орнымен жұмсау. Бұл туралы ол отыз үшінші сөзінде: «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды», – деп тұжырымдайды [139, б. 319].

Абайдың «Малға дос болу» идеясын сынауы – оның рухани дүниетанымындағы үлкен белес. Ақын мал мен дүниені өзіне мақсат еткен адамды моральдық тұрғыдан кембағал, ар-намыссыз жан ретінде сипаттайды. Ол мұндай адамды:

«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,

Табысына табынып, қалтаң қағып...», – деп, қазақ ішіндегі ең жеккөрінішті жануар шошқаға теңейді [139, б. 122]. Бұл – тек әлеуметтік сын емес, малдың соңынан кетіп, одан басқаның бәрін ұмытқан адамның рухани деградацияға ұшырайтынының көрінісі. Себебі, қазақ әдебиеті мен руханиятында еңбек – тек күнкөріс көзі емес, адамның адамдық қасиетін айқындайтын басты өлшем. Еңбексіз өмір сүріп, бір нәрсеге жетуді көздеу – құр қиял, жалған үміт. Осы еңбектенуге және ақша табуға (мал табу) байланысты айтылған ақын-жыраулардың ойларын жоғарыда талдап өткен 59 әдістің ішінде біз әдебиет пәнімен байланысы «орташа» деп таныған келсі коучингтік технологиялармен сәйкестендіруге болады: Дәстүрлі коучинг (Traditional Coaching), Өнімділік коучингі (Performance Coaching), Төзімділік коучингі (Resilience Coaching), Стресс менеджмент коучингі (Stress Management Coaching), Өмірлік коучинг (Life Coaching). Осы кестедегі келесі коучинг түрлері де еңбектену, ақша табу тақырыбымен үндес: Мансап коучингі (Career Coaching), Жұмыстағы коучинг (Workplace Coaching), Бизнес коучингі (Business Coaching), Сату коучингі (Sales Coaching), Қаржы коучингі (Financial Coaching). Бір ерекшелігі бұл коучингтік технология түрлері түгелдей әдебиетпен байланыстыру мүмкіндігі «төмен» деп танылған. Және барлығы Кәсіпкерлік және Экономика саласымен байланысты. Әдебиетпен байланысы аз деп танылуының бір себебі мектепте қазақ әдебиетін оқытудың басты мақсаты кәсіпкерліктегіндей пайда табу, табысқа жетуді көздемеуінде. Алайда, егер коучингті мектеп қабырғасынан тыс, бизнес ортада қолданатын болсақ осы шығармаларды мысал ретінде алуға болады.

Қазақ ақындары еңбек тақырыбында жазған шығармаларында еңбекке жас кезден үйір болған дұрыс деп топшылайды. Әрине, жыл өткен сайын адамның бір жағынан күш-қуаты азайып, екінші жағынан қалыптасып қалған әдеттерінен арылуы қиындай түсетіндігі белгілі. Жастық шақтан еңбекке әуес болу турасында Мәшhүр Жүсіп:

«Жігіттікте жаннан кеш те іс қыл:

Өлсең, өлесің.

Өлмесең, кісі боласың», – деп нақтылайды [148, б. 49]. Бұл ойды жалқаулық пен өз-өзіне аяушылықпен күрес түрінде сипаттап жеткізген ақынның мына бір өткір пайымы да шындыққа ұласады: «Бұл үшеуінен құтылсаң, қолың әр нәрсеге жетеді. Бұл үшеуі: бірі – желкеңнен тартып, біреуі дүнбе құйрығыңнан жерге қарай жабыстырып, бірі шынтағыңнан қисайта құлатып жібермей, табандап жатқан соң, қолың қайда жетсін?! Өзіңнен-өзің кейін кетіп қор боласың» [148, б. 47]. Бұл сөздер – әрекетсіздіктің салдарын бейнелі түрде көрсету. Шындығында, адамды өмірде сүріндіретін – жалқаулық, енжарлық және табандылықтың жетіспеуі. Осы жағынан келгенде С. Торайғыровтың:

«Жықсаң бәйге аласың алысқанда,

Қару қып, қайратың сап қарысқанда.

Жындылық – шаппай бәйге бер деп сұрау,

Озсаң, бәйге кім бермес жарысқанда», – деген жолдары нақты өмір шындығына негізделген. Ол жалқаулық пен сылтаудың арты өкіндірерін ескертеді [149, б. 78]. Кейбір адамдардың жалқаулықты ақтау үшін ырымға, жорамалға, «сәтті күнге» сүйенетінін қазақ мақалдарының бірі үзілді-кесілді жоққа шығарады:

«Еңбекшіге әр күн сәт,

Еңбексізге бір күн сәт» [150, б. 17].

Адамның рухани және кәсіби дамуына кедергі келтіретін тағы бір жағымсыз қасиеттің бірі – артық ұйқы. Бұл тұжырым қазақтың дана сөздерінде, ғұлама ойшылдардың еңбектерінде, сондай-ақ заманауи коучингтік ұстанымдарда да кеңінен көрініс тапқан. Алдыңғы ойымызда адамның дамуына кедергі болатын еріншектік, жалқаулық факторлары туралы айтылған болатын. Енді ұйқының зияны туралы әдеби шығармаларды да талдап көрейік. Шал ақын бұл шындықты ықшам да ұтқыр түрде жеткізеді:

«Кенже ұлы кедейліктің ұйқы мырза,

Ерте жатып, кеш тұрса, жаны ырза» [151, б. 156]. Мұндағы «ерте жатып, кеш тұру» – дене мен сананы жайлаған жалқаулықтың белгісі. Бұл тек қана физикалық әлсіздік емес, адамның жігерсіздігін көрсетеді. Ұйқының өзі – табиғи қажеттілік. Бірақ оның мөлшерінен тыс болуы адамның еңбекке, дамуға деген қабілетін тұмшалап тастайды. Мәшhүр Жүсіп те бұл мәселеге ерекше назар аударып:

«Өш боларсың ұйқымен, болса санаң,

Кедейлікпен жағалас, келсе шамаң!

Ұйқы мен жалқаулықты үйден қусаң,

Ешкімге көз сүзбейді қатын, балаң» – деп, ұйқы мен жалқаулықты бір үйден қуған адам ғана нағыз еркін, тәуелсіз, қадірлі адам болатынын ескертеді [146, б. 27].

Ұйқының зияны туралы тағы бір терең әрі рухани негізде жазылған мысал – Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметіндегі» 68-ші хикмет. Онда ойшыл таңғы уақытты Алламен байланыс орнатуға, өмірдің мәнін терең түсінуге ең ыңғайлы мезгіл деп суреттейді:

«Таңсәріде тұрғанның ырысы артып, тасады,

Тәңірі хабар шашады таңсәрінің кезінде» [152, б. 150].

Ясауидің бұл ойлары ұйқы мен уақыттың адам болмысындағы алатын орнын көрсетеді. Ұйқы – тек дене тыныштығы емес, рухани демалыс болуы да мүмкін. Таңғы уақытты ұйқымен өткізген жан – мүмкіндікті, берекені, күш-қуатты өз қолымен жоғалтып алғанмен тең дейді хакім.

Тұлғалық дамудың жарқын мысалы – Шәкәрімнің тұлғасы. Ол жалқаулық пен ұйқышылдықты адамға жат қылық деп санаған. Ақынның ұлы Ахаттың естелігінде әкесінің ұйқыға деген көзқарасы нақты көрсетіледі:

«Жантайып жата кеткен бізге: «Жантаю – еріншек жалқаулықтың бір түрі…», «Өз қолыңнан келген жұмысты біреуге істеткеннен жаман іс жоқ» – дейтін» [153, б. 107].

Осы мысалдардан ұйқының артық мөлшерде болуы адамның дамуына кері әсерін тигізетіндігін анық аңғаруға болады. Тұлғалық және рухани даму жолында ұйқы – басты кедергілердің бірі. Ол жалқаулықты тудырады, уақытты жояды, рухани тереңдікке жетуге бөгет жасайды. Сондықтан коучингтік әдістер де, қазақы даналықтар да бір нәрсені үндейді: ерте тұрып, іске кірісу – дамудың басты шарты. Ұйқышылдықтан арылу – ішкі тәртіптің, ниеттің, саналы тәрбиенің нәтижесі. Адам өзінің дамуын қаласа, алдымен ұйқымен күресті бастауы керек. Бұл – ішкі жеңістің алғашқы қадамы.

Уақыт ұғымы – адамзат тарихында мәңгілік тақырып. Қазақ ойшылдары мен қаламгерлері бұл тақырыпқа үнемі оралып отырған. Олардың уақытты бағалауына, қабылдауына және оны өткізу жөніндегі ой-толғамдарына қарап, әр дәуірдің рухани-мәдени бейнесін көруге болады.

Қазіргі заман ақыны А. Темірбайдың «Уақыт қадірі» өлеңдер топтамасы заманауи қоғамның уақытқа немқұрайлы қарауын өткір сынға алады. Ақынның бұл өлеңдері қоғам тарапынан жылы қабылданып, әлеуметтік желі қолданушыларының аудиториясында үлкен қызығушылық тудырғаны белгілі. Ақын осы өлеңінде уақыт жайлы:

«Уақыттан асқан билік жоқ,

Уақыттан озған жүйрік жоқ…» – дей келе, уақыттың әмірін мойындауға шақырады. Кейін біршама практикалық мысалдар келтіріп, оқырманның ой-санасына әсер етуге тырысады. Автор бұл көлемді өлеңнің кей жерінде эмоционалды-экспрессивті лексиканы қолданып сезімге әсер еткісі келгені де

байқалады [154]. Бұндай тұжырымдар бір қарағанда қарапайым болып көрінгенімен, оның тереңінде өмірлік философия жатыр: уақыт – тек өлшем емес, әрекеттің, жауапкершіліктің және адамдық болмыстың іргетасы. Осы тұрғыдан қарағанда, А. Темірбайдың ойлары қазақтың басқа ақындарының уақыт жөніндегі пайымдарымен сабақтасып, олардың логикалық жалғасы ретінде көрінеді.

Ш. Құдайбердіұлы өзінің «Үш-ақ түрлі өмір бар» атты өлеңінде уақыттың адам өміріндегі сатыларын философиялық тұрғыда жүйелеп, жастық шақтың мүмкіндігін барынша пайдалануға үндейді. Бұл өлеңде «уақыт – тәрбие алаңы» деген идея нақты көрініс табады. Мәселен, Шәкәрім:

«Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,

Өкініші қалмайды, кетсе ағатың», – деп уақыттың қайтымсыз табиғатына назар аударады [140, б. 93]. Ал Абайдың осы сарындағы өкіну сезімі «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде айқын көрінеді. Бұл екі ойшылдың өзін-өзі сынауы арқылы басқаларға жол сілтеуі – қазақ әдебиетіндегі өзіндік моральдық кодекс қалыптастырған. Шәкәрім уақытты рухани кемелдікке бастар жол деп түсінсе, Абай оны «адамның өзін табуының» басты кілті ретінде қарастырады. Ал А. Темірбай осы классикалық тұжырымдарды қазіргі заман тілімен, заманауи стильмен жеткізе отырып, олардың мазмұнын жаңаша дамытады.

Уақытты тиімді пайдаланудың, оны ысырап етпеудің тағы бір үлгісі ретінде М. Мағауиннің шығармашылық ұстанымдарын айтуға болады. Мағауиннің «Мен» атты мемуарлық шығармасында уақыт – жай ресурс емес, жазушы үшін «шығармашылық капитал». Оның: «Жас кездегі, әрбір сағат кейінгі тұтас күндерге татитын өнімді, қымбат уақыт» деген тұжырымы – тайм-менеджмент ұғымының әдеби нұсқасы іспетті [155, б. 231]. М. Мағауиннің өмірбаянындағы бұл прагматикалық көзқарас Абай мен Шәкәрімдегі моральдық-философиялық ұстаныммен салыстырғанда, көбірек рационалды, кәсіби бағытқа ие. Ол уақытты тек рухани даму құралы ғана емес, нақты нәтижеге қол жеткізетін еңбек процесінің негізі деп есептейді.

Дәстүрлі жыраулар Базар жырау мен Майлықожа уақыт пен жастықты жырлау арқылы ұлттың рухын, ерлік пен елдік қасиетті сақтаудың құралы ретінде көрді. Олар үшін уақыт – күреске, жетілуге, батырлыққа бастайтын алаң. Мысалы, Базар жыраудың:

«Жігіттіктің екпіні –

Қаптаған қара дауылдай!», – деген жолдары жастық шақты тек биологиялық күш емес, әлеуметтік міндеттің де уақыты ретінде танытады [147, б. 288]. Ал Майлықожа Сұлтанқожаұлының:

«Өлшеніп берген өмір бар,

Уақытыңмен жүрерсің», – деген жолдары Базар жыраудың ойын қуаттап, уақытты адамның өмірлік миссиясымен байланыстырады [156, б. 344]. Бұл ойшылдардың барлығы уақыттың қадірін сөз етсе де, олардың ұсынатын шешімі мен бағыты әртүрлі. Абай мен Шәкәрім уақытты ішкі рухани өсу мен кемелденуге

негіз ретінде қарастырса, М. Мағауин оны нақты нәтиже, шығармашылық жетістік құралы ретінде бағалайды. Ал жыраулар үшін уақыт – ұлттық миссияны атқаруға берілген тарихи мүмкіндік. А. Темірбай осы идеялардың бәрін синтездеп, оларды қазіргі қоғам тілінде беріп, уақытты моральдық, рухани, әрі әлеуметтік құндылық ретінде ұсынады.

Уақыт – адам өміріндегі ең бағалы әрі қайтарылмас ресурс. Оның қадірін тереңнен түсінген Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп сынды қазақ ойшылдары уақытты құр өткізуді рухани тоқырау, ал уақытты ғылым мен білімге арнауды – кемелдікке бастар жол деп білген. Бұл тұрғыда ғылым ұғымы тек білім алу процесі ретінде емес, адамның жан қуатын жетілдіретін, оны хайуандықтан ажырататын күш деп бағаланады.

Мәшһүр Жүсіп ғылымды «Ғылымқал» және «Ғылымхал» деп екіге бөліп, олардың табиғатын терең философиялық тұрғыда ашып береді. Оның айтуынша, «Ғылымқал» – адамның көзімен көріп, тілімен айтып, денесімен оқып меңгеретін сыртқы білім болса, «Ғылымхал» – көңілден көңілге даритын, жүрек арқылы сіңетін ішкі рухани ғылым. Ол бір сөзінде: «Құдайдан ғылым нұры бір пенденің көңіліне құйылса, ғылымхал сол пендеде болады», – деп нағыз кемел ғылымның қайнар көзі қайдан шығатындығын топшылайды [148, б. 327].

Мәшһүр Жүсіптің бұл ойы Абайдың он жетінші қара сөзінде келтірілген ақыл, жүрек және қайраттың тартысы туралы танымымен үндес. Бұл үштікке төреші ретінде ғылымның қойылуы – ғылымның адамдық қасиетті қалыптастырудағы рөлін анық көрсетеді. Абай ғылымды Алланың бір сипатына балап, ғылымды жай ғана ақылдың ісі емес, метафизикалық деңгейдегі құбылыс ретінде сипаттайды. Ғылымның артында Құдайдың бар болуын мойындау – адамның ішкі жан дүниесін дамытудағы ғылымның орны ерекше екенін аңғартады. Абайдың жетінші қара сөзінде адамның ғылымға деген табиғи бейімділігі туралы: «Жас бала анадан туғанда... білсем екен деп талпынып тұрады. Бұл – жан құмары…», – деп айтылады [139, б. 285]. Бұл – адамның жан қуатының ғылым мен танымға ұмтылуымен басталатынын көрсететін айқын дәлел. Алайда бұл табиғи қасиет уақыт өте келе бәсеңдейді. Оның басты себебі – адамның тән қалауын, нәпсінің бұйрықтарын басшылыққа алуы, ал жан талаптарын ескермеуі. Уақытты мәнсіз нәрселерге арнау арқылы адам ішкі жарығынан айырылады.

Осы ойды Шәкәрім де өз шығармашылығында қуаттайды. Ол «Ғылымсыз адам – айуан» деген тұжырымымен, ғылымнан алыстаған адамның рухани кеселге ұшырайтынын жеткізеді [140, б. 251]. Бұл пікір Абайдың отыз жетінші қара сөзіндегі: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың», – деген ойымен де үндес [139, б. 325]. Екі ойшыл да адам мен хайуанның айырмашылығын ғылым мен ақыл-ойдың жетілуінде деп біледі. Егер адам өз уақытын ғылымға емес, нәпсіге қызмет етуге ғана жұмсаса, ол табиғи болмысынан ажырап, хайуани деңгейге қарай құлдырайды.

Абайдың қырық үшінші қара сөзінде «жан қуаты» деген ұғым терең талданып, оны жоғалтпау жолдары ұсынылады. Онда жан қуатын арттыру үшін үш қасиетті үнемі дамытып отыру қажеттігі айтылған: ұғынымпаздық (подвижной элемент), салыстырмалы ойлау (сила притягательность однородного) және жүректің әсерленгіштігі (впечатлительность сердца). Бұл қасиеттер адамның уақытты тиімді өткізуі арқылы жетілетін ішкі механизмдер екенін байқаймыз. Уақыт – жан қуатын дамытудың кеңістігі, ал ғылым – сол кеңістіктегі басты бағдаршам.

Шәкәрімнің «Жан мен дене һәм көңіл» атты өлеңінде де осы тақырып терең жырланады. Ол адамның табиғи болмысында жан мен тәннің мәңгілік тартысы болатынын айтып:

«Жан құмары – істемек, біліп алмақ,

Бөгет бола береді дене, салмақ...», – деп, ғылымға, танымға ұмтылуды жанның бұлжымас миссиясы ретінде сипаттайды [140, б. 106]. Оның ойынша, жан ғылым мен білімге құштар, ал тән тек уақытша құмарлықтармен шектеледі. Осы екі күштің күресінде адам өз уақытын қай жаққа арнайды – соған сай болмысын айқындайды.

Сын тұрғысынан алғанда, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп сынды ойшылдар ғылымды прагматикалық құрал ретінде емес, рухани кемелдікке жеткізетін жол деп сипаттайды. Олар үшін ғылым – Құдайдан келетін нұр, ал уақыт – сол нұрды сіңіру мен таратуға берілген мүмкіндік.

Адамды хайуаннан, надан адамнан ажыратып тұратын басты ерекшелік – оның ақылы мен ғылымы. Бұл туралы Ш. Құдайбердіұлы: «Білімсіз, өнерсіз болады адам тұл», – деп нақтылайды [140, б. 267]. Демек, ғылым мен білімсіз адам – толыққанды, кемел тұлға саналмайды. Бұл ойды Абай да өзінің өлеңінде тереңдете түседі:

«Біреуден біреу артылса,
Өнер өлшеніп тартылса,
Оқыған, білген – білген-ақ,
Надан – надан-ақ сан қылса.
Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді» [139, б. 32].

Ақпарат кеңістігі дамыған қазіргі заманда адамның санасына күн сайын сансыз мәлімет ағылып жатады. Солардың ішінде пайдалысы мен пайдасызы қатар жүреді. Осы орайда Абайдың отыз бірінші қара сөзінде келтірілген ақпаратты есте сақтау тәсілдері бүгінгі адам үшін де өте өзекті: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар...» деп бастап, Абай көкірекке тоқу, ғибрат алу, қайта ойланып қайталау және ой кеселдерінен аулақ болуды ұсынады [157, б. 58-59]. Бұл тәсілдер қазіргі таным психологиясында қолданылатын тиімді білімді меңгеру жолдарымен үндеседі.

Білімнің пайдасын нақты түсініп, оған сүйіспеншілікпен қарау да – талаптың алғышарты. Абайдың отыз екінші қара сөзінде білім мен ғылымға қалай дұрыс талаптану керектігі жайында айтылады. Ойшыл: «Талаптың өзінің біраз шарттары бар... Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!», – деп, терең білімге ұмтылудың моральдық жағына назар аударады [157, б. 59-62]. Бұл жерде білім алуға талаптанушыға берілетін кеңестерді келесідей тізуге болады: білімнің пайдасын тану, мақсат қою, тұрақтылық, терең ойлану, салғырттықтан аулақ болу және мінез беріктік. Осылайша, Абайдың методикасы – білімді игерудің ғана емес, оны рухани сіңірудің де жолын көрсетеді.

Білімді өмір бойы үздіксіз меңгеру (Lifelong learning) – Абай мен Шәкәрімнің ортақ идеясы. Шәкәрім:

«Ғылымға қанағатсыз болу керек,

Бес түгіл разы болмай алтыға да.

Қара жерге кіргенше қамданып қал,

Шалмын деп жатып алма шалқия да», – деп, өмірдің соңына дейін білімге талпыну қажеттігін насихаттайды [140, б. 137]. Бұл пікірді танымал коучтердің бірі Р. Шарма өзінің еңбегінде: «Күніне отыз минут оқысаң, ол керемет пайдалы болмақ... Оқитын нәрсең сені және сенің өміріңді жақсартуы тиіс», – деп бекіте түседі [158, б. 135]. Бұл Абайдың: «Екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек», – деген сөзімен үндеседі [157, б. 110].

Адам байлыққа, мансапқа ұмтылады. Алайда, білімге шын берілген адам үшін бұл құндылықтар екінші орында тұрады. Білім – өзі бір ерекше байлық. Абайдың айтуынша:

«Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз» [159, б. 4]. Мұнда Абай дүниелік байлық пен ғылымның рухани байлығын салыстырып отыр. Алайда, ғылым мен білімге ұмтылудың өзі де қауіпсіз емес. Білімді дұрыс бағытта қолданбау – адамның өзіне де, қоғамға да зиян келтіруі мүмкін. Бұл – өзін өзгеден жоғары қою, рухани тәкаппарлыққа ұрыну қаупі.

Ғылым-білім жайында айтылған қазақ ақындарының шығармаларын біз саралап өткен 59 коучингтік әдістің ішінде білім беру саласымен байлаынсты, қазақ әдебиетімен сәйкестігі «жоғары» саналатын Когнитивті коучингі (Cognitive Coaching), Академиялық коучинг (Academic Coaching), Жазу коучингі (Writing Coaching), Оқушы коучингі (Student Coaching), Онлайн оқыту коучингі (E-Learning Coaching), Шығармашылық коучинг (Creative Coaching) әдістерімен және қазақ әдебиеті пәнімен сәйкестігі «орташа» Кітап негізіндегі коучинг (Book-Based Coaching), Зерттеушілік коучинг (Research Coaching), Мұғалімдерге арналған коучинг (Teacher Coaching), Библиотерапия коучингі (Bibliotherapy Coaching), Рухани коучинг (Spiritual Coaching) әдістерімен байланыстыруға болады.

Коучингтік әдістер қазақ әдебиетін оқытудың танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарына толықтай сәйкес келеді. Нәтижеге

бағытталғандықтан коучинг бірінші кезекте білім алушыны ойландырып, ары қарай нақты мақсаттар негізінде тәрбиелеп, дамытуды көздейді. Алдыңғы тараушада 5-11 сыныптарға арналған қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасына сәйкес коучингтік әдістер барлық тақырыптарға бірдей сәйкес келе бермейтіндігін атап өттік. Әдебиетті оқытуға сәйкес келетін әдістердің мақсаттары барлық сыныптардағы тақырыптармен бірге 3-суретте көрсетілді. Бұл диссертациялық жұмыстың эксперименттік бөлімі орта мектептің 10-сыныбында (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) өткізілгендіктен бұл жерде 10-сыныпта қазақ әдебиеті сабағында коучинг әдістемесін қолданудың практикалық моделін ұсынамыз.

Кесте 3 – 10-сыныптың Қазақ әдебиеті оқулығындағы шығармалардың коучингтік әдістермен сәйкестігі

Оқытылатын шығармалар	**Коучингтік әдіс**	**Қалыптасатын дағдылар**
Абай, «Сегіз аяқ»	Мәселеге негізделген коучинг	Жаман әдеттен арылу, еңбектену
Абай, «Сабырсыз, арсыз, еріншек»	Мәселеге негізделген коучинг	Жаман әдеттен арылу
Абай, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым»	Мәселеге негізделген коучинг	Қоғамдағы мәселелерді түсіну, сыни ойлау
Абай, Он жетінші қарасөз	Диалог	Өз дауысыңды тыңдау, өзіңді тану
Абай, Отыз екінші қарасөз	Нұсқаулық коучинг	Білім алудың маңызын түсіну
Абай, Отыз үшінші қарасөз	Жеке даму коучингі	Еңбекқорлық, мақсатшылдық
Абай, «Ескендір» поэмасы	Менторинг	Менторды рөлін түсіну
Ж. Аймауытов, «Ақбілек»	Эмоционалды интеллект коучингі, Психологиялық коучинг	Эмоционалды интеллектті дамыту, кризистен шығу, қиындықтарға төзу
Ұ. Есдәулетов, «Біз түркілерміз»	Өз-өзіне коучинг	Сенімділік қалыптастыру
Ш. Құсайынов, «Томирис»	Жеке даму коучингі	Сенімділікті арттыру
Ж. Бөдеш, «Жалғыз» поэмасы	Өз-өзіне коучинг	Тұлғалыққа ұмтылу

Бірінші кезекте 10-сыныптың бағдарламасына сәйкес қазақ әдебиетіндегі шығармаларды нақты қай әдіспен, және сол әдістің мақсатына толығырақ тоқталып өтсек. Бұл модельге коучингтік тәжірибеде мәселеге негізделген коучинг, диалог, нұсқаулық коучинг, жеке даму коучингі, менторинг, эмоционалды интеллект коучингі, психологиялық коучинг, өз-өзіне коучинг секілді коучингтік әдістер ұсынылған. Әдістердің біршамасына алдыңғы бөлімдерде тоқталып, ғылыми

әдебиеттерге сілтемелері берілді. Десе де бұл жерде кейбір әдістерге толығырақ тоқталып, олардың бір-бірімен логикалық жалғастығын сөз өтеміз.

Бірінші кезекте диалог пен монологтан (ішкі диалог) бастасақ. Негізінен ғылыми ортада диалог түбі Сократтың сұхбат әдісінен басталады деген пікір бар. Ішкі диалог – адамның өз ойларын іштей айтып, өз-өзімен іштей (кейде сырттай) сөйлесуіне негізделеді. Адам еш ойсыз, ең болмағанда өз-өзіне сұрақ қоймай, өз-өзімен сөйлеспей жүре алмайды. Американдық бизнес саласындағы коуч Б. Трейси ішкі диалог жайында: «Сіз уақытыңыздың көп бөлігінде өзіңіз ойлайтын адамға айналасыз. Сіздің қоршаған ортаңыз – ішкі әлеміңіздің айнасы. Сыртта, айналаңызда болып жатқан нәрселер, сіздің ішіңізде болып жатқанның көлеңкесі», – дейді [142, б. 10]. Қазақ әдебиеті пәнінің 10-сынып бағдарламасының алғашқы тақырыптық желісі Абайдың қара сөздеріне арналғандықтан бұл жерде осы (ішкі) диалог әдісін қолдану өте ыңғайлы. Себебі, барлық қара сөздер басынан ойшылдың өз-өзімен сөйлесуінен, ойлануынан туындаған. Ол Абайдың «осы уақытқа дейін жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе» деп басталатын бірінші қара сөзінен-ақ белгілі. Философ-ақын орта жасқа келіп, өзінің өткізген өмірі туралы өзінен есеп алудан бастап, кейін осы әдісті қолдану жайында он бесінші қара сөзде оқырманға да кеңес береді: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» [141, б. 32].

Келесі әдіс білім беру саласында кең таралған «Мәселеге негізделген коучинг (Problem-Based Coaching)» деп аталады. Негізінен бұл әдіс ғылыми айналымда «Мәселеге негізделген оқыту (Problem-Based Learning)» деген атаумен белгілі. Д. Айтенова Қарахан дәуірі әдебиетін оқыту тақырыбындағы өзінің PhD диссертациясында бұл әдістің тәжірибелік пайдасы жайында келесідей тұжырым жасаған: «Бұл тұста Problem based learning технологиясы үздік нәтиже береді. Жобаға бағытталған оқытудың басты бағыттары: проблеманы анықтап жоба ретінде жоспарлау, жүзеге асыру барысында жан-жақты жұмыс істейтін топты (команданы) қалыптастыру және атқарылған жұмыс фазалары бойынша жұмысты бағалау. Жобаға бейімдеп оқыту бойынша Жүсіп Баласағұни еңбегі негізінде жоба жұмысы қолға алынды. Жұмысты жүзеге асыру фазалары анықталды» [18, б. 111].

Мәселеге негіздеп оқытуда оқушылар жоба жасап, сол жобаның шынайы өмірде орындалуын егжей-тегжейлі талдап, жұмыстың тәжірибелік маңыздылығына ерекше мән береді. Жоба жұмысымен айналысу өз кезегінде сыни ойлау, шығармашылық ойлау, командада жұмыс істеу, мәселе шеше алу секілді дағдыларды дамытады. Бұл әдістің үлкен артықшылығы оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге бағыттап, жауапкершілікке үйрететінінде. Жеке жұмыс болсын, топтық жұмыс болсын жобамен айналысу, жобаны қорғау оқушыға үлкен жауапкершілік жүктейді.

Мәселеге негіздеп оқытудың үлкен бір маңызды бөлігі – Негатив арқылы (Via Negativa) оқыту. Кез келген жобада проблемаларды біліп алу, қауіп-қатерлердің, тәуекелдердің болу мүмкіндігін жобаны бастаудан бұрын бағамдау маңызды. Осы орайда бізге Via Negativa көп көмегін тигізеді. Via Negativa теориясы, апофатикалық жол деп аталады, бұл теологиялық және философиялық көзқарас, ол нәрселерді терістеу арқылы анықтауға баса назар аударады [160]. Бұл әдіс мистикалық теологияда, гносеологияда және тіпті заманауи қолданбаларда тәуекелдерді басқаруда тиімді. Via Negativa әдісін алғаш рет неоплатондық философиядан Плотиннің (б.з. 204-270 ж.) еңбектерінен байқауға болады, ол түпкілікті ақиқат (бірлік) адам түсінігінен тыс және оны адамнан басқа нәрсемен ғана сипаттауға болады дейді. Н.Талеб Via Negativa тәсілі тәуекелдерді басқару секілді заманауи салаларда шешім қабылдауда қолдануға болады дейді. Тәуекелдерді жою не жол бермеу, оларды болжап, бақылағаннан гөрі тиімдірек деп тұжырымдайды [161].

Диалог әдісі осы Via Negativa-ға апаратын, соның алдында тұратын әдіс. Бұны адам өзінің ішкі диалогы арқылы да, басқа адаммен (коучпен) сөйлесу арқылы да анықтауына болады. Бұдан ары қарай Via Positiva шығады. Яғни, адамның жетістікке жетуіне әсер ететін мықты тұстары, артықшылықтары. Қазақ әдебиетінде бұл тұжырымдарды Абайдың өлеңімен дәлелдеуге болады. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол…
...Өсек, өтірік, мақтаншақ
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз» [152, б. 109].

Бұл жерде Абай Via Negativa ретінде «өсек», «өтірік», мақтаншақ», «еріншек», «бекер мал шашпақ» ұғымдарын, Via Positiva ретінде «талап», «еңбек», «терең ой», «қанағат», «рақымды» көрсетеді. Өлеңдегі Via Negativa мен Via Positiva-ның реттілігін де ескерген жөн. Жаман әдеттерді жағымсыз әдеттерден бұрын қоюынан жаман әдеттердің маңыздылығы артық деп пайымдауға болады. Бұл ой Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде өз жалғасын табады. Қосымша Ә-де көрсетілген осы өлеңнің қысқа мерзімдік жоспарына (ҚМЖ) шолу жасап көрелік.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңіне арналған ҚМЖ нақты әрі мақсатты түрде Via Negativa мен Via Positiva идеясын жалғастырады. Сабақтың оқу мақсаты: *10.1.2.1 – әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу*, бұл мақсат оқушылардың бірінші кезекте шығармаға терең мазмұндық талдау жасауына, екіншіден Абайдың сыны арқылы қоғамдағы және өз бойындағы мінез-

құлықтарды бағамдауға мүмкіндік береді. Сабақта оқушылар өлеңдегі жағымсыз қасиеттерді талдау арқылы олардан арылудың қажеттілігін түсінеді және ішкі диалог жүргізу арқылы өзіне коучингтік сұрақтар қойып, рефлексия жасайды. Әсіресе, «Бұл әдеттер өзімде жоқ па?», «Бұндай әдеттердің қалай алдын аламын?» деген сұрақтар – тұлғалық даму мен жауапкершілік сезімін оятуға бағыттауы тиіс. Қосымша Ә-де көрсетілген сабақ құрылымында әдебиет пен коучинг әдістері ұтымды кіріктірілген. Via Negativa тәсілі оқушының теріс қасиеттерді тану арқылы өзін дамытуына мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады.

10-сынып бағдарламасындағы Абайдың келесі бір шығармасы – «Ескендір» поэмасы. Бұл жерде көне антикалық дәуірде негізі қаланған «менторинг» үлгісінің тамаша мысалы бар. Ол – Ескендір патшаның жеке менторы болған Аристотель.

Абай шығармаларын коучингтік тұрғыдан қарастыру – оқушылардың әдебиетке деген көзқарасын тереңдетіп, шығармаларды тұлғалық даму құралы ретінде қабылдауына ықпал ететін тың әдістеме. 10-сынып бағдарламасындағы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін Via Negativa коучингтік әдісі арқылы зерделеу – оқушылардың артық қылықтар мен теріс мінездерді тану арқылы өз-өзін тәрбиелеуіне жол ашады. Бұл тәсіл, әсіресе, Абайдың моральдық-философиялық ойларына негізделген қара сөздермен жұмыс жасағанда өзекті. Сонымен қатар, бағдарламада қамтылған «Ескендір» поэмасы – коучинг пен менторинг ұғымдарын әдеби талдауға енгізуге мүмкіндік беретін мазмұнды әрі философиялық туынды. Поэмада Ескендір патша мен оның ұстазы Аристотель арасындағы қарым-қатынас арқылы менторингтік модельдің үлгісі ұсынылады.

Осы идея «Ескендір» поэмасына арналған ҚМЖ-да (қосымша-Ә) нақты әрі әдістемелік тұрғыдан тиімді жүзеге асқан. Сабақтың оқу мақсаттары поэманың композициялық құрылымы мен кейіпкерлер жүйесін талдауға бағытталып, оқушылардың жинақтау, талдау және бағалау дағдыларын дамытуға негізделген. 1-тапсырмада оқушылар поэманың құрылымдық желісін «Графикалық органайзер» әдісі арқылы зерттеп, оқиғалар желісі мен астарлы идеяларды ашады. Бұл – рефлексия мен ішкі талдауға жетелейтін тапсырма. 2-тапсырмада Аристотельдің Ескендірге әсерін анықтау, интернеттен тарихи деректер іздеу, сілтеме келтіру арқылы оқушыларда зерттеушілік және академиялық адалдық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік туады. Мұндай тапсырма оқушыны тек әдеби мазмұнмен шектелмей, пәнаралық байланысқа, тарихи-философиялық тұрғыдан ойлануға жетелейді [162, б. 27-29].

Жалпы алғанда, ҚМЖ мазмұны Абай шығармашылығын коучингтік көзқараспен түсіндіру мақсатын жүйелі жүзеге асырады. Сабақта тұлғалық даму, мақсат қою, өзара байланыс пен рефлексия жасау дағдылары әдеби мәтін арқылы жүргізіледі. Бұл – әдебиетті пән ретінде ғана емес, тұлғалық әлеуетті дамыту құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың эксперименттік бөлімінде коучингтік әдістермен мектеп оқушыларына сабақ жүргізу қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныпта -

өтті. Сондықтан барлық тақырыптар осы сыныптың оқу жоспарына сәйкес алынды. Алайда, бір ерекше шығарманы жаратылыстану-математикалық бағыттың бағдарламасында ғана болғанымен оқыту барысында қолдануды жөн көрдік. Ол – Ж. Бөдештің «Жалғыз» поэмасы. Бұл поэманы алуымыздың екі себебі бар. Біріншіден, шығарма коучингте өте маңызды болып саналатын «Мен» концепциясын жақсы ашады. Екіншіден, шығарма жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптың бағдарламасында бар. Демек, жас ерекшелік тұрғысынан біздің эксперименттік топ оқушыларына сәйкес келеді. Бұл поэманы жоба негізді оқыту, Via Negativa, ішкі диалог әдістерінің кез келгенімен оқытуға болады. Шығарма «экзистенциализм» ұғымымен байланысты. Шығармада автор адамның жалғыздығынан бастап, Абайдың жалғыздығын, тұлғаларда кездесетін жалғыздықты атап өтеді. Әдебиетте осы тақырыпқа қатысты кеңінен белгілі мысалдардың бірі, Исатай досынан айырылған Махамбеттің жалғыздығы. Ж. Бөдеш жалғыздыққа философиялық тұрғыдан «жалғыздық – даралық» түсінігімен келеді. Бұл адамның өзін-өзі тануында, ішкі «Менін» қалыптастыруында таптырмас құрал. Осы орайда Ұ. Есдәулетовтің «Біз түркілерміз» шығармасын да атап өтуге болады. Бұл өлең «Мен» концепциясынан ары қарай күшейіп, «Біз» деген ұлттық (мемлекеттік) деңгейде ойлануға итермелейді, және оқырманға жігер, рух береді.

Ж. Бөдештің «Жалғыз» поэмасына арналған қысқамерзімдік жоспарға сәйкес коучингтік әдістермен оқыту тұлғалық және философиялық мәселелерді әдебиет сабағында терең талдауға мүмкіндік береді. Сабақта көтерілетін негізгі ұғым – жалғыздық пен даралық – экзистенциалдық мағынада қарастырылып, оқушылардың ішкі рефлексиясына, «Мен» концепциясын ұғынуына, және құндылықтарды түсінуіне ықпал етеді. Сабақтың басында қолданылған «Ақпаратты іріктеп, тұжырымдау» әдісі – оқушылардың медиамәтіннен қажетті ақпаратты анықтап, оны рухани құндылықпен байланыстыруына бағытталған. Бұл – сабақтың философиялық тереңдігі мен тақырыптың маңызын оқушыларға сезіндіруге негіз болады [163, б. 65-67].

Сабақтың ортасында ұйымдастырылған коучинг сессиясы – оқушыларды тек әдеби кейіпкер арқылы емес, өз тәжірибесі арқылы жалғыздықты ұғынуға, ішкі диалогқа баруға және өзінің даралығын тануға жетелейді. Жұптық сұхбат форматындағы сұрақтар оқушылардың эмоционалдық интеллектін дамытуға бағытталған және коучингтік әдістемелердің (мысалы, GROW моделі, рефлексиялық сұрақтар) тиімді қолданылғанын көрсетеді. Топтық жұмыста оқушылар пікірлерін ортақ бір ұстанымға жинақтап, өз ойларын еркін жеткізеді. Сабақтың соңындағы сын тұрғысынан ойлау сұрақтары – Блум таксономиясының барлық деңгейлерін қамтиды. Сонымен бірге, материалдық және рухани құндылықтарды бағалау арқылы оқушылар шығарманың жаңашылдығына баға беріп, өздерінің құндылықтық ойлау қабілеттерін дамытады. Бұл ҚМЖ әдебиет

сабағында коучинг пен философиялық категорияларды шебер үйлестіре алған тиімді тәжірибе болды.

Мақсат қою коучингтік әдісі жоғарыда атап өткен барлық әдістердің логикалық жалғасы. Себебі, адам ойланып, өзін-өзі танып, ішкі «Мені» оянғаннан кейінгі келесі кезең алдыға мақсат қою. Ол мақсат бойдағы жаман әдеттерден арылу немесе болашаққа жоспар құру болуы да мүмкін. Via Negativa бойынша біріншісінен бастаған дұрыс. 10-сынып бағдарламасындағы Абайдың отыз екінші қара сөзі білім алғысы келетін адамға мақсатты қалай дұрыс қойып, жоспар бойынша жұмыс істеудің үлгісін көрсетеді. Жұмыс істеу, еңбектену жайында бағдарламада қамтылған отыз үшінші қара сөзде де біршама пайдалы кеңестер бар. Бұның барлығын Мәселеге негіздеп оқыту арқылы біріктіруге болады.

Абайдың отыз екінші қара сөзі тақырыбына арналған ҚМЖ-да оқушыларды өмірлік мақсат қою мен өзін-өзі басқару дағдысын коучингтік әдістемені жүйелі түрде қолдану арқылы қалыптастыруға болатыны көрсетілген. Сабақтың басты оқу мақсаты – *10.1.4.1 – көркем шығармалардан алған ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру*, яғни Абайдың қара сөзіндегі философиялық ойларды оқушының қазіргі өмірімен байланыстыра отырып ұғындыру. Сабақтың құрылымы мақсатқа сәйкес келеді: алдымен оқушылар «Әлемдік кафе» әдісі арқылы Абай ұсынған ғылымға жетудің алты шартын жұптық және топтық форматта талдайды. Бұл тәсіл оқушылардың қарым-қатынас, көшбасшылық, жауапкершілік, тыңдау және өз ойын білдіру дағдыларын дамытады.

Ең бастысы – сабақта мақсат қою әдісі теория жүзінде емес, Абайдың тұжырымымен және ҰБТ-ға дайындық секілді өмірлік жағдаяттармен тығыз байланыста қарастырылады. Яғни, оқушылар ақын айтқан алты шартты негізге алып, жеке оқу жоспарын құрып, оны өз мақсаттарымен байланыстырады. Бұл – коучингтің *«мақсат қою → әрекет ету → нәтижеге жету»* логикасына сәйкес келеді. Мысалы, «Білім-ғылымды мақсатпен үйрену» атты кезең бойынша оқушы өзінің ҰБТ-дан 135 балл жинап, ЕҰУ-ға грант жеңіп алу жоспарын көрсетеді. Мұндай тәсіл оқушының мақсатты түрде әрекет етуі мен өзіндік дамуына бағытталған практикалық құрал болып табылады. Сабақтың соңындағы «Ақпаратты жеткізу» органайзері арқылы жүргізілген рефлексия – коучинг процесіндегі нәтижені бағалаудың визуалды әрі эмоционалды әдісі ретінде сәтті қолданылған.

Келесі бір маңызды тақырып – эмоционалды интеллект (ЭИ). «Ақбілек» романын, «Томирис» драмасын оқыту арқылы эмоционалды интеллект ұғымын түсіндіруге, мысал ретінде көрсетуге, эмоционалды интеллект коучингі арқылы жаттығулар жасап көруге болады. Коучинг пен эмоционалдық интеллект бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені коучтер өздерінің, тәлім алушыларының эмоцияларын танып, түсініп, басқара алуы керек. ЭИ оқушылардың сенімділігін арттыруына, дұрыс қарым-қатынас құруына, тұлғалық дамуына ықпал етеді. П. Саловей мен Д. Майер өткен ғасырдың соңында бұл терминді ғылыми

айналымға енгізіп, оны ойлау мен мінез-құлықты жеңілдету үшін эмоцияларды қабылдау, түсіну, реттеу және қолдану қабілеті деп түсіндірді [164]. Кейінірек Д. Гоулман ЭИ-ні бес құрамдас бөлікке бөлді:

1. Өзін-өзі тану – өз эмоцияларын тану;
2. Өзін-өзі бақылау – эмоцияларды конструктивті түрде басқару;
3. Мотивация – мақсатқа жету үшін эмоцияларды пайдалану;
4. Эмпатия – басқалардың эмоцияларын сезіну;
5. Әлеуметтік дағдылар – қарым-қатынастарды тиімді басқару [51].

Оқушылар өздігімен ішкі диалог арқылы өз эмоцияларын танып, түсіне алады. Одан бөлек мұғалім түрлі жағдаяттық сұрақтар, тапсырмалар арқылы оқушының мінез-құлқын анықтай алады. Бұдан кейінгі кезең оқушылардың эиоциялармен жұмыс істеуін, мотивациясын, эмпатиясын, әлеуметтік дағдыларын арттыруға бағытталады.

Ж. Аймауытұлының «Ақбілек» романын оқыту тақырыбындағы қысқа мерзімдік жоспар – эмоционалды интеллект ұғымын әдеби кейіпкерлерді талдау арқылы түсіндірудің тиімді тәсілі (қосымша-Ә). Сабақтың негізгі оқу мақсаты *10.1.3.1 – көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау* болса, сабақ барысы бұл мақсатты нақты және жүйелі түрде жүзеге асырады. Оқушылар алдымен кейіпкерлер бойынша топтасып, шығарманың мәтініне сүйене отырып, кейіпкер әрекеті, өзін-өзі сипаттауы, монологі арқылы олардың болмысын ашады. Бұл – Д. Гоулман сипаттаған эмоционалдық интеллекттің «өзін-өзі тану», «эмпатия» және «әлеуметтік дағдылар» компоненттерін дамытуға негізделген тиімді әдіс.

Сонымен қатар, сабақтағы сұрақтар жүйесі мен кестелер оқушылардың кейіпкер эмоциясын түсінуін, оның мінезін қабылдауын және психологиялық трансформацияны ұғынуын көздейді. Мысалы, «Ақбілек басынан өткен қиындықтарды қалай қабылдады?» немесе «Ақбілектің бойында қандай өзгерістер орын алды?» деген сұрақтар оқушыларды рефлексивтік ойлауға жетелейді, әрі өзін кейіпкердің орнына қойып, оның жағдайын сезінуге мүмкіндік береді. Сабақ соңындағы кейіпкерге хат немесе монолог жазу тапсырмасы – эмоционалды интеллект коучингінің шығармашылық жаттығуы ретінде қызмет етеді. Бұл ҚМЖ – әдебиет сабағының мазмұнын тұлғалық даму, жан әлемін тану және эмоционалдық сезімдерді басқару арқылы байытудың жақсы мысалы бола алады [165, б. 71-73].

Ақбілек романындағы, Томирис драмасындағы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл-күйін талдау арқылы оқушыларға жақсы практикалық кейстерді ұсынып, жұмыс істеуге бағыттауға болады. Соның ішінде Ақбілек пен Томиристің әрі қиын әрі күрделі өмір жолы оқушыларға (әсіресе қыз балаларға) тұлғалық тұрғыдан қарастырып, кейбір ұнамды қасиеттеріне еліктеуіне жол ашуы мүмкін.

Екінші бөлім бойынша тұжырымдар

Екінші бөлім қазақ әдебиетін оқыту үдерісіне коучингтік технологияларды интеграциялау жолдарын нақтылауға арналды. Бұл бөлімде коучинг әдіснамасының, әдістемесінің мазмұндық, құрылымдық және педагогикалық негіздері жан-жақты қарастырылып, оның отандық білім беру кеңістігінде қолданылу мүмкіндігі мен тиімділігі ғылыми тұрғыда негізделді.

Алдымен коучинг ұғымының мәні мен мазмұны, оның шығу тегі, даму сатылары мен педагогикалық интерпретациясы айқындалды. Жетекші әлемдік және отандық зерттеулерге сүйене отырып, коучинг тек басқару мен бизнестегі технология емес, сонымен қатар білім беруде тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға, оның белсенділігі мен рефлексиялық қабілетін дамытуға бағытталған әдіснамалық ұстаным екені дәлелденді. Түрлі салалардағы коучингтік технологиялар жинақталып, солардың ішінен 59 коучингтік әдіс таңдалды. Әр әдістің қолданылу аясы, тұлғаны дамытудағы әлеуеті, әдісті қазақ әдебиетін оқытуда тиімді қолдану мүмкіндігі талданып, жүйеленді. Енді кез келген коучингтік технологияны қолданушы біздің модель арқылы маңызды ақпарат алып, түсінігін кеңейте алады.

Коучингті оқыту процесіне енгізу білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өз бетімен ой түйіп, шешім қабылдай алатын, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға ретінде дамытуға мүмкіндік береді. Коучингтің құрылымына тән негізгі қағидалар: серіктестік, ашық сұрақтар арқылы бағыттау, тыңдау мен қолдау, мақсат қою және нәтижеге жету жолдарын табуға көмектесу – қазақ әдебиетін оқытуда жаңа әдіснамалық бағдар ретінде бағаланды. Осы тұрғыдан алғанда, коучингтік әдіс мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеріп, әдеби білімді тек пән ретінде емес, өмірлік тәжірибе мен тұлғалық даму құралы ретінде меңгеруге жағдай жасайды. Бұның бәрі осы бөлімде жасалған 5-11 сыныпта қазақ әдебиетін коучингтік технологиялар арқылы оқытудың әдістемелік картасына негізделеді. Енді кез келген қазақ әдебиетінен сабақ беретін мұғалім осы модельден өзіне қажетті коучингтік технологияны таңдап, оның мақсаты мен ерекшеліктерін түсіне алады.

Бөлімде коучингті қазақ әдебиетін оқыту процесіне енгізудің тиімді педагогикалық шарттары жүйеленді. Атап айтқанда, оқытушының коуч-ұстанымын игеруі, оқу мақсатының тұлғалық дамуға бағытталуы, оқу мазмұнының рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделуі, диалог пен рефлексияны жүйелі жүргізу, білім алушылардың эмоционалдық және креативтік әлеуетін дамыту – осылардың барлығы коучингтің әдіснамалық негіздері ретінде қарастырылды.

Сондай-ақ бөлімде коучингтік әдістерді әдеби шығармаларды талдауда, кейіпкер әрекетіне баға беруде, өмірлік жағдайлармен сабақтастырып ой қозғауда қолданудың жолдары нақты мысалдармен сипатталды. Қазақ әдебиетіндегі тәрбиелік мәні зор шығармалар – Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Ж. Аймауытов, Ұ. Есдәулетов, т.б. авторлардың туындылары коучинг әдіснамасы арқылы

тереңірек талданып, білім алушының өзіндік тұжырым жасауына, өмірлік ұстанымын қалыптастыруына ықпал ететіні ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Қорытындылай келе, екінші бөлімде коучинг әдіснамасының қазақ әдебиетін оқыту процесіне интеграциялануы ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделіп, оның тұлғаны жан-жақты дамытудың, рухани-адамгершілік тәрбиенің, шығармашылық әлеуетті ашудың тиімді құралы екені дәлелденді. Ол коучингтік технологияларды түрлі салаларда қолдану моделі және 5-11 сыныпта қазақ әдебиетін коучингтік технологиялар арқылы оқытудың әдістемелік картасы арқылы бекітілді. Бұл бөлім алдағы практикалық эксперименттер мен әдістемелік үлгілерді дайындауға теориялық база болып табылады.

3 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН КОУЧИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУ БОЙЫНША ЭКСПЕРИМЕНТТІК-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

3.1 Эксперименттік-зерттеудің әдіснамасы

Эксперименттік зерттеу жұмысы дәстүрлі методологияға сәйкес анықтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы эксперимент кезеңдеріне бөлінді. Зерттеу жұмысында сандық және сапалық әдістерді біріктіретін аралас (mixed) әдіс қолданылды. Зерттеу коучинг әдістерін қазақ әдебиетін оқытуда қолданудың оқушылардың оқу үлгеріміне әсерін бағалау үшін, оқытуға дейінгі және оқытудан кейінгі деректерді жинау мақсатында квази-эксперименттік зерттеу дизайны бойынша жүргізілді. Оқу жылы бойында оқушыларға қазақ әдебиеті сабағы коучингтік технологияларға негізделген әдістермен өткізілді (мәселеге негізделген коучинг, диалог, нұсқаулық коучинг, жеке даму коучингі, менторинг, психологиялық коучинг, өз-өзіне коучинг, т.б.). Бірінші кезекте оқытуға дейін және оқытудан кейін сауалнамалар жүргізіліп, оқушылардың оқу жылы барысында алған білімі, үйренген дағдылары анықталды. Одан кейін осы сандық деректерді толықтыру үшін оқушылармен фокус-топтық, пән мұғалімдерімен жартылай-құрылымдалған сұхбаттар өткізіліп, сапалық деректер жиналды. Сандық және сапалық әдістемелердің үйлесімі зерттеуді екі тараптан қарастыруға мүмкіндік берді.

Эксперименттік-зерттеу жұмысына Ақтөбе қаласындағы №10 жалпы білім беретін орта мектеп таңдалды. Зерттеуге осы мектептің 10-сынып (А, Ә, Б) оқушылары қатысты. Сауалнамаға үш сыныптан жалпы саны 70 оқушы қатысып, олар коучинг әдістерінің қазақ әдебиеті сабағында қолданылуы бойынша сұрақтарға жауап берді. Қатысушы үш сыныптың екеуінде («А», «Б» сыныптарында) қазақ әдебиеті сабағы бұрынғы қалпында өтсе, 10 «Ә» сыныбында оқу мазмұны алдыңғы тарауда қалыптастырылған «5-11-сыныптың қазақ әдебиеті пәні бағдарламасындағы коучингтік әдістермен сәйкес келетін шығармалар» (3-сурет) моделіне негізделген жоспар бойынша жүргізілді.

Эксперименттік-зерттеу жұмысына 10-сынып оқушыларының таңдалуының бірнеше себебі бар. Біріншіден, жас ерекшелігі жағынан бұл оқушылар мектептің басқа сынып білім алушыларынан әлдеқайда ересек, өтпелі кезеңді артқа тастап, психологиялық тұрғыдан біршама тұрақталған. Екіншіден, мектептің 11-сынып оқушылары Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) дайындығынан босамайды. Үшіншіден, қазіргі 10-сынып оқушылары келесі жылы ҰБТ тапсырады. Демек олардың барлығында дерлік алға қойған үлкен мақсат бар. Біз коучингтік технологиялар арқылы әр оқушының мақсаттарын одан ары айқындауды, ҰБТ-ға жеке дайындық жоспарын жасауға көмектесуді ойға алдық. Төртіншіден, осы сыныптың қазақ әдебиеті пәнінің тақырыптары коучингтік технологияларды қолдануға басқа сыныптармен салыстырмалы түрде өте ыңғайлы. Оқытылатын шығармалар тұлға қалыптастыру тұрғысынан коучингтік технологиялармен

логикалық үйлесім тауып жатыр. Бұл сыныптың қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасында 3-суретте көрсетілгендей коучингтік әдістермен сәйкес келетін тақырыптар көп.

Сандық деректерді жинау үшін оқу жылының басында және коучингтік технологиялармен өткізілген сабақтар аяқталғанда оқушылар сауалнамаға қатысты. Бұл сауалнамалар оқушылардың академиялық тәжірибесі мен тұлғалық дамуының бірнеше аспектілерін бағалауға арналды. Соның ішінде оқушылардың қазақ әдебиетін коучингтік әдістерді қолданып оқытуға дейінгі көзқарастары мен түсініктері, оқуға деген ынтасы, коучинг стратегияларын түсінуі мен оның аналитикалық дағдыларды жетілдірудегі тиімділігі, өз өзіне деген сенімділігі мен әдеби шығармалардың сенімділікке әсері, сабақ барысында қолданылған коучинг әдістемелеріне олардың қанағаттануы ескерілді. Сауалнамадан алынған сандық нәтижелер талданып, одан оқушылардың коучинг әдістемесін білгенге дейінгі және білгеннен кейінгі тәжірибесі мен қабылдауын жан-жақты түсінуге мүмкіндік туды.

Эксперименттік кезең басталғаннан кейін барлық сауалнамалар тоқтатылды, басты назар тек сабақтарға ауып, оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына, оларға жаңа әдістерді үйретуге бағытталды. Барлық сабақ аяқталғаннан кейін қатысушылардың көзқарасындағы, сеніміндегі, қазақ әдебиетін түсінуіндегі өзгерістерді анықтау үшін эксперименттік топтағы сынып оқушыларынан тағы да сауалнама алынып, фокус-топтық сұхбаттар жүргізілді. Фокус-топтық сұхбаттар өткізілген сабақтарда коучингтік технологияларды қолдану бойынша оқушылардың субъективті көзқарасын анықтауға, жеке пікірін білуге арналды. Бұл білім алушылардың пікірі мен түсінігі сапалық деректерге қол жеткізу мүмкіндігін берді. Бұдан бөлек Ақтөбе қаласындағы мектептердің қазақ әдебиеті пәнінің сегіз мұғалімімен сұхбат жүргізу арқылы да сапалық деректер жиналды, кәсіби мамандардың жаңа технологиялар жайлы сын-пікірлері анықталды. Ол мұғалімдердің өз сабақтарына коучинг әдістерін енгізу мүмкіндіктері, коучингтік әдістерге негізделіп әзірленген қысқа мерзімдік жоспарларға байланысты пікірлері, коучинг әдістемелерін дәстүрлі әдеби оқытуға кіріктіруде кездесетін қиындықтар мен кедергілер, қазақ әдебиетін коучинг негізінде оқыту стратегияларының ұзақ мерзімді қолданылуы мен тұрақтылығы туралы көзқарастарын анықтау арқылы жүргізілді. Барлық сұхбаттардың аудиолары жазылып, транскрипттері жасалды. Қатысушылардың аты-жөндері жасырын қалып, шифрланып берілді (Мұғалім A, Мұғалім D, Оқушы B). Сұхбат трансрипттеріне тақырыптық талдау жасалып, коучинг әдістерінің тиімділігіне қатысты қайталанатын жауаптар негізгі түсініктерді (тақырыптарды) анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу үш түрлі кезеңде жүргізілді: дайындау, енгізу және деректерді талдау. Оқыту кезеңін бастамас бұрын коучинг әдістемелеріндегі озық тәжірибелер, олардың білім беру стандартына сәйкестігі анықталып, жан-жақты әдебиеттерге шолу жүргізілді. Қазақ әдебиетінің оқу бағдарламасы толықтай қаралып, педагогикалық және оқыту мақсаттарына сәйкестікті ескеріліп, коучинг

әдістерін құрылымдық түрде біріктіруге бейімделді. Сауалнамалар мен сұхбат бойынша нұсқаулықтар алдын ала әзірленіп оқушылар мен мұғалімдерге таныстырылды. Мектеп әкімшілігімен жасалған келісім-шарт негізінде этикалық рұқсаттама алынды.

Деректерді жинау аяқталғаннан кейін сауалнамалардағы сандық жауаптар сипаттамасы мен статистикасы, маңызды өзгерістер талданды. Және де фокус-топтық сұхбаттардың сапалы деректері транскрипцияланып, тақырыптық талдаудан өтті, бұл коучинг әдістемелерінің тиімділігіне қатысты негізгі тақырыптар мен түсініктерді анықтауға мүмкіндік берді. Екі дерек көзінен алынған нәтижелерді үшбұрыштау арқылы коучинг әдістемелерінің оқушылардың оқу тәжірибесіне қалай әсер еткені туралы тұтас көзқарастар анықталды.

3.2 Анықтаушы эксперимент нәтижелері

Оқушылардың әдебиет пәніне қызығушылығын анықтау мақсатында оларға бірнеше сұрақтар қойылды. Бірінші сұрақ әдеби шығармалардың маңыздылығы жайында болды (Сурет-4, жасыл түс). Оқушылардың 31,4%-ы қазақ әдебиеті шығармаларын «өте маңызды», 30%-ы «кейде маңызды», 35,7%-ы «орташа» деп бағалаған. «Еш маңыздылығы жоқ» деген жауаптың өте аз болуы, оқушылардың жалпы қазақ әдебиеті шығармаларына оң көзқараста екендігін көрсетеді.



Сурет 4 – Оқушылардың қазақ әдебиеті жайлы жалпы көзқарасы

Әдебиет пәнінің болашақ өмірге пайдасы жайындағы екінші сұраққа (Сурет-4, күлгін түс) оқушылардың басым бөлігі (46,6%) әдебиет пәнін болашақ өмірінде «пайдалы» деп, бір бөлігі (20%) «өте пайдалы» деп бағалаған. Сонымен қатар,

25,7% жауап беруші әдебиеттің болашақ өмірге пайдасы «орташа» деңгейде деп көрсеткен. Ал пәннің пайдасы аз немесе мүлде пайдасыз деген пікір білдірушілер саны өте аз болып шықты (5,7%).

Үшінші сұрақ мектептен тыс уақытта әдеби шығармаларды оқу жиілігі жайында болды (Сурет-4, сарғыш түс). Оқушылардың көп бөлігі (42,9%) мектептен тыс уақытта әдеби шығармаларды «өте сирек» оқитындығын көрсеткен. Орташа деңгейде оқитындар – 30%, тұрақты түрде оқитындар – 17,1%, ал мүлде әдебиет оқымайтындар саны 8,6%-ды құрады, бұл оқушылардың көпшілігінде мектептен тыс уақытта әдеби шығармаларға деген қызығушылықтың төмен екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, оқушылардың қазақ әдебиеті пәніне деген көзқарастары оң, бірақ пәнге деген қызығушылықтары орташа деңгейден аспайды және бос уақытында әдеби шығармаларды тұрақты оқу әдеті толық қалыптаспаған.

Анықтаушы эксперименттің келесі сұрақтары оқушылардың Абай шығармашылығына қызығушылығын анықтауға бағытталды (Сурет-5). Орта мектепте ең көп оқылатын автор – Абай. Абайдың шығармалары бірнеше сыныптың бағдарламасында бар. Одан бөлек Абайдың өміріне арналған М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы 11-сыныпта оқылады. Жалпы коучингтік технологияларды да Абай шығармашылығында қолдану өте тиімді. Себебі, мағыналық тұрғыдан «Толық адам» қалыптастыруға, тұлғаны дамытуға екеуінің де көмегі мол.



Сурет 5 – Оқушылардың Абай шығармашылығына көзқарасы

Абайдың шығармашылығын қаншалықты маңызды санайтынындығы жайындағы алғашқы сұраққа жауап берушілердің көп бөлігі (52,9%) Абай

шығармашылығына жоғары баға беретінін көрсетті. Сауалнама қатысушыларының 28,6%-ы Абайды оқу «кейде маңызды» деп жауап берсе, 17,1%-ы «орташа» деңгейде деп бағалаған. «Маңыздылығы аз» деген жауапты таңдаушылар мүлде жоқ, ал «еш маңыздылығы жоқ» деген жауап өте аз, бұл – оқушылардың Абай мұрасына деген жағымсыз көзқарасы жоқ екенін көрсетеді.

Сауалнама жауап берушілерінің 37,1%-ы қара сөздерді «жақсы білемін» десе, 34,3%-ы «мағынасын түсіну қиын» деп көрсеткен. Сонымен қатар, оқушылардың 25,7%-ы Абайдың ғақлияларын «өте нашар білемін» десе, тек 1,4%-ы ғана «жатқа білемін, мағынасын толық түсінемін» деп жауап берген.

Отыз екінші қара сөздің тақырыбы жайындағы келесі сұраққа респонденттердің 47,1%-ы «Ғылым-білімді үйренудегі мақсат» деп дұрыс жауап берген. Алайда қалған 52,9%-ы бұл сұраққа қате жауап берді: 20%-ы «Ғылым-білімнің пайдасы», 20%-ы «Еріншектік, жалқаулық», 12,9%-ы «Жақсы қасиеттерді қалыптастыру» деген жауаптарды белгілеген.

Сауалнама нәтижелері Абай шығармашылығына деген жалпы қызығушылық жоғары болғанымен, оның қара сөздерін мағыналық жағынан түсіну деңгейі әлі де жоғары емес екенін көрсетті. Бұл – Абай қара сөздерінің мәнін түсіндіру мен бағыт-бағдарын ашуда әлі де жұмыс жүргізу қажет екенін көрсетеді.

Анықтаушы эксперименттің келесі сұрақтары оқушылардың «коучинг» ғылымы, әдістері жайлы түсінігін анықтауға бағытталды. Сауалнамада бұл жайында екі ашық сұрақ және үш жауаптары бар сұрақ болды. Ашық сұрақтарға келетін болсақ:

1. «Коучинг», «ментор» терминдері сізге таныс па?

- Иә – 28 оқушы;
- Таныс емес – 27 оқушы;
- Қатты таныс емес (естігенімен нақты түсінігі жоқ) – 2 оқушы.

Бұл жауаптардан, оқушылардың жартысы коучинг ұғымымен мүлде таныс

бөліскен. Жауап берушілердің тек аздаған бөлігі (2-3 оқушы) бұрын коучингтік шараға қатысқанын, жәнесе қайта қатысқысы келетінін көрсеткен.

Ашық және жабық сұрақтардың нәтижелері оқушылардың коучинг ұғымын әлі толық түсінбейтінін және олардың көпшілігі өмірінде коучингтік қолдауды көрмегенін көрсетті. Сонымен бірге, біраз оқушы өзінің коучі/менторы болмағанына қарамастан, бұндай қолдаудың болуын қалайтынын атап өткен.

Коучингтің ең негізгі мақсаты адамның өзін-өзі тануы, өз кемшіліктері мен жақсы қасиеттерін біліп, соның негізінде жеке жұмыс жоспарын құру. Анықтаушы эксперимент барысында бұл мәселеге бес сұрақ арналды. Оның екеуі ашық сұрақ, үшеуі нұсқалары көрсетілген сұрақтар болды:

1. Сіз өзіңізді қанша пайызға білесіз? Кемшіліктеріңіз, жақсы қасиеттеріңіз туралы не айтар едіңіз?

Оқушылардың жауаптары оларда өзін-өзі тану, өзін бағалау дағдыларының бірдей қалыптаспағанын көрсетті. 17 оқушы өзін 100% білемін деп жауап берсе, 21 оқушы өзін 70–90% деңгейінде білемін деген. 7 оқушы өзін 50%-ға, 34 оқушы нақты пайыз көрсете алмаған, ал 2 оқушы өзін мүлде білмейтінін айтқан.

Жақсы қасиеттер ретінде оқушылар *мейірімділік, еңбекқорлық, сабырлылық, төзімділік, мақсатшылдық, адалдық, қолдау көрсету, жақсы қарым-қатынас орната білу* секілді жауаптарды көрсеткен. Кемшіліктер қатарында *еріншектік, тез ренжу, біреуге «жоқ» деп айта алмау, ойын дұрыс жеткізе алмау, жуастық* қасиеттері жиі кездеседі.

2. Өз мықты қасиеттеріңіз жайында не айтар едіңіз?

Жауаптардың бір бөлігі нақты болмады: 2 оқушы өзінің мықты қасиеттерін білмейтінін, тағы 2 оқушы «жоқ» деп жауап берген, және 2 оқушы ештеңе айтпауға шешім қабылдаған. Дегенмен жауап берушілердің басым бөлігі өз бойындағы жағымды қасиеттерді нақты атап көрсете білді: *сабырлылық, төзімділік, ұстамдылық, мейірімділік, кешірімшілдік, адалдық, еңбекқорлық, табандылық*. Кейбір жауап берушілер өздерінің *спорттық белсенділігі, кітап оқуға деген қызығушылығы, табысқа ұмтылысы, өзіндік ойлау қабілеті, тіл табысу дағдысы* бар екенін де атап өткен.

Нұсқалары көрсетілген үш жабық сұрақтың жауаптары 7-суретте көрсетілген. «Ішкі диалогыңызды тыңдайсыз ба?» деген алғашқы сұраққа 41,4% оқушы (өзінің ішкі диалогын) «жиі тыңдаймын» деп жауап берген. Сауалнамаға қатысушылардың 40%-ы «кейде тыңдаймын» десе, 14,3%-ы «өте сирек тыңдайтынын», 4,3%-ы «мүлде тыңдамайтынын» көрсеткен.

«Өзіңізбен сөйлескенде ішкі дауысыңызды қалай бағалар едіңіз?» деген келесі сұраққа 70 жауап берушінің 32,9%-ы ішкі дауысы сенімді екенін және 22,9%-ы сенімділігі өте жоғары екенін айтқан. Бұл көрсеткіш – оқушылардың үштен бірі өзіне сенімді екенін білдіреді. 31,4% оқушы ішкі даусының сенімділігін «орташа» деп бағаласа, олардың 8,6%-ы «сенімділігі аз» және 4,3%-ы «өте төмен» деп көрсеткен.

Соңғы жоспарды күнделікке жазу туралы сұраққа қатысушылардың көп бөлігі (47,1%) болашаққа жоспарларды кейде ғана қағазға жазамын деп белгілеген. Бұл – оқушылардың көпшілігі жоспар құру қажеттілігін іштей мойындағанымен, оны жүйелі түрде іске асыру әдетіне толық көшпегенін аңғартады. 28,6% оқушы болашаққа мүлде жоспар жазбайтынын айтқан. Сонымен қатар, 20% оқушы жоспарларын күнделікке «жазамын» деп жауап берсе, тек 4,3% оқушы ғана «міндетті түрде жазамын» деген жауапты таңдаған. Бұл – жүйелі жоспарлау әдетінің өте аз оқушыда ғана бар екенін дәлелдейді.



Сурет 7 – Оқушылардың өз ішкі диалогымен жұмыс жайлы түсінігі

Оқушылардың өзін-өзі тану деңгейі әртүрлі, алайда басым бөлігі өз бойындағы жақсы және әлсіз тұстарын шынайы көрсетуге тырысқан. Ішкі диалогпен жұмыс істеу тәжірибесі бар, бірақ толықтай дамымаған. Бұл – коучингтік әдістер арқылы олардың өзін-өзі бағалау, өзіндік рефлексия жасау дағдыларын дамытудың қажеттілігін нақтылай түседі. Сонымен қатар, болашақты жоспарлауға қатысты сұрақтың нәтижесі де маңызды жайтты аңғартады. Оқушылардың тек аз бөлігі ғана күнделікті жоспарлауды тұрақты түрде орындайды. Басым бөлігі бұл әрекетті өте сирек жасайтынын мойындаса, олардың елеулі бөлігі мүлде жоспар құрмайды екен. Бұл дерек коучинг үдерісінде мақсат қою, оны нақтылау және жоспарлау дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізудің аса қажет екенін аңғартады.

Сауалнаманың соңғы жағында қойылған ашық сұрақ оқушылардың эмоционалды интеллект (ЭИ) туралы түсінігін бағалауға бағытталды. Бұл ұғым қазіргі таңда тұлғаның өзін-өзі тануы мен басқаруы, өзгелермен тиімді қарым-қатынас орнатуы үшін аса маңызды фактор ретінде қарастырылады. Сұрақтың нәтижелері мен оқушылардың жауаптары төмендегідей қорытындыланды:

Сандық мәліметтер:

- «Жоқ» – 25 оқушы;
- «Иә» – 13 оқушы;
- «Білемін деуге болады» – 18 оқушы;
- «Орташа» – 5 оқушы.

Бұл мәліметтерге сүйенсек, ЭИ ұғымымен оқушылардың жартысы ғана таныс, екінші жартысы не мүлде таныс емес не толық таныс емес.

ЭИ жайлы түсінігі бар оқушылардың жауаптарында келесідей негізгі ұғымдар жиі қайталанады: «адамның өз эмоцияларын түсінуі, басқаруы», «басқа адамдардың эмоцияларын тануы, түсінуі», «қарым-қатынасты дұрыс бағыттау, эмоцияны тиімді пайдалану», «сабырлылық», «саналы ой», «көркем мінез» және «эмоцияға берілмеу».

ЭИ жайлы түсінігі аз оқушылардың жауаптары «эмоцияны басқару» немесе «эмоцияға берілмеу» секілді шектеулі түсініктермен сипатталған. Кейбір жауаптарда тек жеке тәжірибелік деңгейдегі пайымдар көрінеді: «ренжіп қала беремін», «эмоция адам характерін көрсетеді». Бұл мектептегі тәрбие және өзін-өзі тану бағытындағы жұмысты жетілдіру керектігін, әсіресе коучинг пен тұлғалық даму контексінде ЭИ дамытатын тапсырмалар мен тренингтерді енгізудің өзектілігін дәлелдейді.

Анықтаушы эксперименттің соңғы сұрағы ретінде оқушыларға «Әдебиет сабағын оқуда коучингтік технологияларды қолдану сізге қаншалықты ұнайды?» деген сұрақ қойылды. Бұл сауалнама нәтижесі оқушылардың коучингті қабылдау деңгейі мен оның әдебиет пәніндегі тиімділігін қаншалықты түсінетінін бағалауға мүмкіндік берді. 41,4% оқушы бұл технологиялар жайлы «орташа» пікірде екенін білдірген. 18,6% оқушыға коучингтік тәсілдер «аса ұнамаса», 11,4% «мүлде ұнамайды» деп көрсеткен. Және 22,9% оқушы коучинг тәсілдері «жалпы ұнайды» десе, тек 5,7% оқушыға ғана коучингтік әдістер «өте ұнайды» екен. Бұл көрсеткіштер коучингтік технологияларды әдебиет пәнінде қолдану тәжірибесі әлі жүйелі емес екенін, оқушылардың басым бөлігінде бұл ұғымға қатысты нақты түсінік қалыптаспағанын көрсетеді. Яғни, коучингтің мәні мен мақсаты оқушылар үшін түсініксіз немесе олар оны әдебиетпен байланыста көрмей отыр.

Анықтаушы эксперименттің нәтижелері бойынша келесідей қорынытдылар жасауға болады:

1) Жүргізілген сауалнама мен зерттеу нәтижелері оқушылардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығы орташа деңгейде екенін көрсетті. Әдебиеттің өмірге қажеттілігіне қатысты көзқарастары оң болғанымен, мектептен тыс уақытта

әдеби шығармаларды жиі оқуға ынта аз. Абай шығармашылығы оқушылар тарапынан маңызды деп бағаланғанымен, олардың қара сөздердің мазмұнын толық түсіну, мағынасына бойлау деңгейі төмен.

2) Коучинг пен менторинг ұғымдары оқушыларға толық таныс емес. Көпшілігі коучингтік тәжірибеге өмірінде қатыспаған және оны аса маңызды деп есептемейді. Дегенмен, кейбір оқушыларда коуч немесе ментордың болғанын қалайтыны байқалады.

3) Өзін-өзі тану, ішкі диалогпен жұмыс істеу, ішкі сенімділік деңгейін бағалау секілді бағыттарда оқушылардың әлеуеті бар, бірақ бұл салада да жүйелілік пен бағыт-бағдар көрсету қажет. Эмоционалды интеллект туралы да оқушылардың бір бөлігі нақты түсінікке ие болғанымен, басым көпшілігі бұл ұғымды тіпті бірінші рет естіген.

4) Болашақты жоспарлау, күнделік жүргізу секілді өзін-өзі басқару дағдылары оқушылардың басым бөлігінде қалыптаспаған немесе жүйелі түрде жүзеге аспайды.

5) Оқушылардың коучингті дұрыс түсініп, сол арқылы түрлі дағдыларды дамытуы үшін әлеуеті жоғары. Бұл бағытта терең, жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Әдебиет сабағында коучингтік технологияларды қолдану – тек пәндік білім берумен шектелмей, оқушының тұлғалық дамуын қолдаудың тиімді құралына айналуы тиіс.

3.3 Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері

3.3.1 Оқушылардың перспективасы

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топтағы 10 «Ә» сыныбы оқушыларынан сауалнама және фокус-топтық үш сұхбат алынды. Сауалнамаға 28, сұхбаттарға 12 оқушы қатысты. Бұл зерттеудің мақсаты – оқыту үдерісінен кейін оқушылардың әдебиетке деген көзқарасы мен қызығушылығында қандай өзгерістер болғанын бағалау, коучинг әдістерінің әсерін анықтау болды.

Сауалнаманың алғашқы сұрағы оқушылардың әдебиет пәнін болашақ өмірмен байланыстыру қабілетін анықтауға бағытталды (Сурет-8, көк түс). Нәтижесінде, оқушылардың бір бөлігі (21,4%) әдебиет пәнін өте пайдалы, болашақ өмірге зор әсер ететін пән ретінде бағалаған. Олар әдебиеттің рухани дамуға және білім көкжиегін кеңейтуге ықпал ететінін атап өтті. Сонымен қатар, 32,1% оқушы пәнді пайдалы десе, олардың төрттен бірі оның маңызын орташа деңгейде деп көрсеткен. Бірқатар оқушылар (21,4%) әдебиеттің тікелей пайдасы аз деген пікір білдіргенімен, мүлде пайдасыз деген жауапты ешкім таңдамаған.

Екінші «Қазақ әдебиетін коучингтік технологиялармен оқу сіздің әдеби шығармаларды оқуға деген қызығушылығыңызға әсер етті ме?» (Сурет-8, сары түс) деген сауалға оқушылардың 53,6%-ы бұл әдістердің әсері бар екенін, 17,9%-ы «қатты әсер еткенін» көрсеткен. 14,3% жауап беруші «орташа әсер етті» деп жауап бергенімен, олардың бар болғаны 10,7%-ы ғана «әсері аз» деп, және тек 1 оқушы

ғана (3,6%) «мүлде әсері болмады» деген жауапты таңдаған. Бұл мәліметтер оқушылардың көпшілігі коучинг әдістері арқылы әдеби шығармаларға деген көзқарасының өзгергенін, қызығушылығы артқанын аңғартады.



Сурет 8 – Оқушылардың қазақ әдебиетін коучингтік технологиялармен оқытуға байланысты пікірі

Сауалнаманың «Мектептен тыс уақытта әдеби шығармаларды қаншалықты жиі оқисыз?» деген сұрағына берілген жауаптар оқушылардың көпшілігінде тұрақты оқу дағдысы қалыптаспағанын көрсетті. Респонденттердің 42,9%-ы әдеби шығармаларды өте сирек оқитынын айтса, 30%-ы орташа деңгейде оқитынын көрсеткен. 17,1% оқушы жиі оқитынын мәлімдесе, 8,6% мүлде оқымайтынын мойындаған. Бұл нәтиже оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығының тек мектеп бағдарламасымен шектеліп қалғанын және оларда бос уақытын кітап оқуға арнау әдеті кең таралмағанын аңғартады.

Фокус-топтық сұхбат кезінде оқушылар коучингтік әдістермен өткен сабақтардан кейін қандай эмоцияларды басынан кешкенімен бөлісті. Олар көбіне Б. Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасынан алған әсерлерін мысалға келтірді. Жауаптарда «балалық шақ» (3 оқушы), «еркелік» (5 оқушы), «досының ықпалымен бұзықтық жасау» (4 оқушы) сезімдері жиі аталды. Бұл жауаптар оқушылардың кейіпкерлермен байланыс орната алатынын, әдеби кейіпкерлердің ішкі әлемін түсінуге тырыатынын және өз тәжірибелерімен салыстыра алытынын көрсетеді. Коучингтің негізінде жатқан «ішкі диалог, рефлексия, эмоциямен жұмыс істеу» секілді компоненттер осы процесте белсенді қолданылғанын байқатты.

Сонымен қатар, сауалнамадағы «Әдебиет пәнін оқу сіздің болашақ өміріңізге қаншалықты пайдалы?» деген сұрағына:

- 4 оқушы әдебиетті «өте маңызды», болашақ өмірге «үлесі зор пән» ретінде бағалады;

- 6 оқушы «пайдасы бар» екенін атап өтті;

- 2 оқушы «орташа деңгейде» деп бағалады;

- Бірнеше оқушы әдебиеттің «тікелей пайдасы аз» болғанымен, «оқу қажет» екенін мойындады;

- Бір оқушы ғана «әдебиет пән ретінде қажет емес» деген пікір білдірді.

Бұл жауаптар оқушылардың көпшілігі әдебиетті болашақ өмірмен байланыстыра алатынын, әсіресе оның «рухани, адамгершілік дамуға», «өзін-өзі тануға» және «қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға» әсер ететінін түсіне бастағанын көрсетеді. Әдебиет адамның ішкі жан дүниесін байытып, эмоционалды интеллектінің дамуына, шынайы өмірлік жағдайларды қабылдауына әсер ететін құрал ретінде бағалануда. Бұл бағытта коучингтік технологиялар арқылы берілген сабақтар оқушылардың пәнге деген көзқарасын қайта қарап, маңызын тереңірек сезінуге ықпал еткен.

Бұл нәтижелерді алдыңғы анықтаушы эксперимент кезіндегі сауалнамамен салыстырғанда келесідей нәтижелерге келуге болады. Егер алдыңғы экспериментте оқушылардың 1,4%-ы әдебиетті мектептен тыс уақытта күнделікті оқимыз, 17,1%-ы жиі оқимыз десе, қалыптастырушы эксперименттен кейін оқуға деген қызығушылық жалпы саны 71,5% оқушыға әсер еткен, соның ішінде 17,9% оқушыға ерекше әсер еткені анықталды. Дегенмен, орташа әсер етті (14,3%), әсері аз (10,7%), мүлде әсері жоқ (3,6%) деп жауап бергендер де болды. Жалпылай алғанда коучингтік әдістермен әдеби шығармаларды оқыту оқушылардың оқуға деген ынтасына жақсы әсер еткен.

Ал «Мектептен тыс уақытта әдеби шығармаларды қаншалықты жиі оқисыз?» деген сұрақтың нәтижелері – бұл қызығушылықтың нақты әрекетке, яғни оқу әдетіне әрдайым айнала бермейтінін көрсетті. 70 оқушының ішінде 42,9%-ы әдеби шығармаларды өте сирек оқитынын айтса, 8,6%-ы мүлде оқымайтынын көрсеткен. Тек 17,1% жауап беруші ғана әдеби шығармаларды жиі оқиды екен.

Бұл екі нәтижені салыстырғанда, оқушылардың коучингтік әдістер арқылы әдеби шығармаларды оқуға қызығушылығы артқаны байқалғанымен, тұрақты оқу дағдысы әлі толық қалыптаспаған. Бұл – мотивациялық деңгейді іс-әрекетке айналдыру үшін қосымша қолдау, үнемі бағыт беру және орта қалыптастыру қажет екенін көрсетеді. Яғни, коучинг тек оқуға қызығушылық тудырумен шектелмей, оны әрекетке жеткізетін нақты стратегиялармен жалғасуы маңызды.

Абай шығармашылығын оқытуда коучингтік технологияларды қолдану да маңызды мәселе саналады. Анықтаушы эксперимент барысында оқушылар жалпы алғанда Абай шығармашылығының өте маңызды екенін, мағынасын түсіну оңай болмағанымен жақсы білетінін атап өткен болатын. Сабақтар барысында да оқушылар Абай шығармашылығына қызығушылық танытып, өте белсенді болды.

Фокус-топтық сұхбат барысында оқушылар Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңін ерекше атап өтті. Оқушылардан өлеңнің қандай эмоциямен жазылғанын сұрағанда, олардың жауаптары үш негізгі топқа бөлінді: «жанашырлық» (6 оқушы), «намыстану» (5 оқушы) және «мұң» (3 оқушы). Олар Абай шығармаларындағы ішкі көңіл күйді, автордың жан әлеміндегі тебіреністі танып-білуге ұмтылды.

Сұхбаттың екінші бөлігінде оқушылар «Қалың елім, қазағым…» өлеңін оқуда автордың «қазағына аяушылықпен қарау» (5 оқушы), «эмоцияларды тану» (3 оқушы) сияқты сезімдерін байқап, көркем мәтіннің артындағы авторлық позицияны, ішкі сезім мен көзқарасты тануға дағдыланып келе жатқанын көрсетті. Олар өлеңнен халыққа деген жанашырлық пен рухани мұңды сезіне алған.

Ал қалыптастырушы кезеңнен кейін алынған: «Абайдың қай қара сөзінде адамның ішкі диалогының, пікір алмасуының қандай белгісі бар?» деген сұрақ оқушылардың қара сөздерді рефлексивті тұрғыда, яғни ішкі диалог, пікірталас, шешім қабылдау секілді коучинг ұғымдарымен байланыстыра алу қабілетін бағалауға бағытталды. Бұл жолы 28 оқушының 57,1%-ы дұрыс жауап – 17-қара сөзді таңдаған. Бұл оқушылардың ішкі диалог үлгісін мәтіннен тани бастағанын, Абайдың терең философиялық ойын түсіне алғанын білдіреді.

Осы екі нәтиженің салыстырмасы көрсеткендей, анықтау кезеңінде оқушылар қара сөздің нақты құрылымына мән бермегенімен, қалыптастырушы кезеңнен кейін олардың танымдық деңгейі мен мәтінге деген аналитикалық көзқарасы қалыптаса бастаған. Олар *ішкі пікірталас, эмоция, шешім және ішкі дауыс* сияқты түсініктерді Абайдың қара сөздерімен байланыстыра отырып қабылдай алды. Бұл коучингтік технологиялардың мәтінмен жұмыс істеуге, автор идеясын сезінуге, ішкі рефлексия жасауға да оң әсер ететінін көрсетеді.

Қалыптастырушы эксперимент кезеңінің нәтижелері мен анықтау кезеңінің деректерін нақты пайыздық салыстыру арқылы талдасақ, оқушылардың коучингке деген көзқарасының айтарлықтай жақсарғанын байқауға болады. Коучингтік технологияларды сабақ барысында қолдану жайында «өте маңызды» деп жауап бергендердің үлесі 7,1%-дан 25%-ға дейін артты – бұл 17,9% өсім (9-сурет). «Кейде маңызды» деп көрсеткендер 11,4%-дан 28,6%-ға артып, 17,2% өсімді көрсетті. Ал коучингтің маңыздылығын төмен бағалағандар, яғни «маңыздылығы аз» және «еш маңыздылығы жоқ» деп жауап бергендер саны едәуір қысқарған (28,6% → 7,1% және 12,9% → 3,6%). Бұл көрсеткіштер коучингтік технологиялардың әдебиет сабағында қолданылуы оқушылардың түсінігін кеңейтіп, оның маңызын ұғынуға тигізген әсерін көрсетеді. Оқушылар коучингті енді тек сырттай түсініп қоймай, «жеке даму құралы» ретінде қабылдай бастаған.



Сурет 9 – Оқушылардың коучингтің маңыздылығы жайлы көзқарасы

Алдыңғы сауалнамалық нәтижелер коучингтік технологиялардың оқушылардың көзқарасына оң әсер еткенін сандық тұрғыдан көрсетсе, фокус-топтық сұхбаттар бұл әсерді сапалық жағынан нақтылай түсті. Оқушылардың өз пікірлеріне сүйенсек, олардың коучинг жайлы түсініктері сабақ барысында айтарлықтай өзгеріп, тереңдей түскен. «Біздің сабақтар арқылы коучинг жайлы тағы нені түсіндіңіз?» деген сауалға олар анықтаушы эксперимент кезеңінде *ютубтағы роликтер, қолдау орталықтары, психолог қызметі,* немесе *ақыл айту* ретінде қабылдайтынын айтқан еді. Кейбірі коучингті дұрыс әрі толық түсінбейтінін көрсеткен болатын. Фокус-топтық сұхбат барысында оқушылар сабақтарды коучингтік технологиялармен өткізгеннен кейін бұл ұғымды бұрынғыдан мүлде өзгеше қабылдай бастағанын атап өтті. Олар ең алдымен коучингтің теориялық негізін тереңірек түсінгендерін, яғни оның тек мотивациялық әңгіме немесе кеңес беру ғана емес, *нақты құрылымы мен мақсаттары бар жүйелі әдіс* екенін ұғынған. Сонымен қатар, оқушылар «эмоционалды интеллект» ұғымымен терең танысып, өз эмоцияларын түсіну мен басқару қабілетін дамытуға мүмкіндік алғандарын айтты. Бұл дағды оларға күнделікті өмірде де, оқу процесінде де пайдалы бола бастаған*: ҰБТ-ға дайындық, уақытты тиімді басқару (тайм-менеджмент)* және *сыни ойлау* дағдыларын дамытуға септігін тигізген.

Коучингтің маңыздылығына келер болсақ, оқушылардың пікірлері бұл әдістің практикалық тұрғыдан қаншалықты құнды екенін көрсетті. 5 оқушы коучинг *сенімділікті арттырады* десе, 6 оқушы оны *пайдалы әдіс* деп бағалаған. Тағы 6 оқушы коучингті *білім берудің жаңа әрі заманауи әдісі* ретінде

қабылдағанын жеткізді. Бұл жауаптар коучингтің оқушылар үшін жеке даму мен тиімді білім алудың маңызды құралына айналғанын білдіреді.

Бұл сапалық мәліметтер алдыңғы сандық деректерді қуаттап, коучингтің оқушылардың *ішкі дамуында, өзін-өзі басқаруында, мотивациясын арттыруында, эмоциясын басқаруда,* сондай-ақ *оқу процесіне жауапкершілікпен қарауда* маңызды рөл атқарғанын дәлелдейді. Коучинг енді олар үшін сырттай естіп жүрген түсініксіз термин емес, өмірмен, оқумен және өз тұлғасымен тікелей байланысты тәжірибе екені айқындалды.

Зерттеу нәтижелерінің келесі бөлігі коучингтік технологиялармен оқыту білім алушылардың ішкі дауысына, өзін-өзі тану деңгейін анықтауға бағытталды.



Сурет 10 – Оқушылардың өз ішкі дауысын тыңдау көрсеткіші

10-суретте «Сіз ішкі дауысыңызды қаншалықты жиі тыңдайсыз?» деген сұраққа эксперименттің екі кезеңінде оқушылардың берген жауаптары көрсетілген. Жалпы алғанда коучингтік технологиялар өз-өзімен жұмыс жасау, өзінің ішкі дауысын тыңдай білу дағдыларын дамытуға аз деңгейде болса да оң ықпал еткен. Қалыптастыру кезеңінде 28 оқушының ішінде 50%-ы (анықтау кезеңінде – 41,8%) өз ішкі диалогын жиі тыңдайтынын айтқан. 32,1% (АК – 40,0%) оқушы ішкі диалогын кейде, 14,3% (АК – 14,3%) өте сирек тыңдаймын десе, тек 1 оқушы (3,6%) мүлде тыңдамаймын деп көрсеткен. Бұл көрсеткіштер оқушылардың жартысынан көбі өзіндік рефлексияға бейімделгенін және ішкі дауыспен байланыс орнатуға талпыныс бар екенін аңғартады.

«Өз-өзіңізбен сөйлескенде ішкі дауысыңызды қалай бағалар едіңіз?» (11-сурет) деген келесі сұрақтың жауаптарына келетін болсақ, мұнда оқушылардың

46,4%-ы (АК – 32,9%) өз ішкі дауысына сенімді, ал 17,9%-ы (АК – 22,9%) сенімділігі өте жоғары деп жауап берген. Бұл – өзінің ішкі диалогымен жұмыс істеу арқылы оқушыларда өзіне деген сенімділіктің артқанын көрсетеді. Сонымен қатар, қалыптастыру кезеңінде респонденттердің 25%-ы (АК – 31,4%) сенімділігі орташа, 7,1%-ы (АК – 8,6%) сенімділігі төмен, және тек 1 оқушы ғана (3,6%) сенімділігі өте төмен деп жауап берді. Соңғы үш көрсеткіш бойынша анықтау кезеңімен салыстырғанда қалыптастыру кезеңінде нәтижелердің төмендеуі оқушыларда өз-өзіне сенімсіздікпен қарау деңгейінің азайғанын көрсетеді. Бұл нәтижелер коучинг әдістері арқылы жүргізілген жұмыстар оқушылардың өзін-өзі қолдауын, ішкі мотивациясын қалыптастыруын және өзіндік пікірлеріне сенімінің артқанын аңғартып тұр.



Сурет 11 – Оқушылардың өз-өзіне семіділік деңгейі

Жалпы нәтижелерді талдау барысында, әдебиет сабақтарында коучингтік әдістерді қолдану оқушылардың өзін-өзі тануына, жеке қасиеттерін бағалауға және мақсат қою дағдыларын дамытуға елеулі ықпал еткені байқалады. Сауалнамаға жауап берген 28 оқушының 50%-ы коучингтік әдістер «өзінің кемшіліктері мен жақсы қасиеттерін тануға әсер еткенін», ал 14,3%-ы бұл әсердің «өте күшті болғанын» мойындаған. Яғни жалпы саны 64,3% оқушы коучинг әдістері арқылы өзіндік талдау жасаудың оң әсерін нақты көрсетіп отыр.

Сол сияқты, әдеби шығармалар негізінде өзін-өзі талдау жасап, алға мақсат қоюдың пайдасы туралы сұраққа респонденттердің 42,9%-ы «өте пайдалы», 28,6%-ы «жалпы пайдалы» деп жауап берді. Бұл барлығы 71,5% оқушы коучинг әдістерін өмірлік жоспарымен байланыстырып, практикалық тұрғыдан маңызды деп

бағалағанын көрсетеді. Алайда 25% оқушы бұл процесті тек «орташа» деңгейде деп сипаттаса, 3,6% мүлде пайдасы жоқ екенімен бөліскен.

Сапалық деректерді талдау барысында, оқушылардың «коучингтік әдістерді қолдану арқылы таныған жағымсыз қасиеттері» (Via Negativa) туралы жауаптары да бірқатар маңызды ақпарат береді. Жауаптардан оқушылардың өз бойындағы *еріншектік, жалқаулық, мақсаттың болмауы, тәртіптің әлсіздігі, жауапкершіліктің жетіспеушілігі* секілді мінез-құлық ерекшеліктерін анық байқағанын көруге болады. Бұл өз кезегінде коучингтік әдістердің оқушыларда *өз-өзіне рефлексия жасауын, өзін сырттай бақылауын, өз қасиеттерін шынайы тануын* жақсартқанын көрсетеді. Одан бөлек, оқушылардың бір бөлігі бұл тәжірибенің *мотивация, мақсат қою, эмоцияны басқару, тыңдай білу, жоспарлау, қарым-қатынас, көшбасшылық* үлгісіндегі жағымды дағдыларды дамытуға үлкен үлес қосқанын атап өткен.

Фокус-топтық сұхбат нәтижелері алдыңғы сапалық деректерді толықтырып, коучингтік технологиялардың оқушының өзін-өзі тануына нақты қалай ықпал еткенін нақтылай түседі. Оқушылар сабақ барысында «өз пікірін тыңдауды үйрену» (3 оқушы), «эмоцияларын тану» (5 оқушы), «мақсат қою» (4 оқушы) және «шығармаларды тереңірек түсіну» (2 оқушы) дағдыларын меңгергенін атап өтті. Сонымен қатар, «ақыл, қайрат, жүрек» ұғымдарына қатысты сұраққа олар «сенімді болудың негізгі факторлары» деп көрсеткен (5 оқушы), бұл олардың әдебиет арқылы тек білім емес, жеке тұлғалық құндылықтарды да бойына сіңіріп жатқанын аңғартады.

Келесі нәтижелер оқушылар үшін әдеби шығармалардың өз-өзіне деген сенімділікті қалыптастыруда нақты қандай рөл атқаратынын мысалдар арқылы көрсетеді. Ең жиі аталған шығармалар қатарында Ақбілек (11 оқушы), Абай жолы (7 оқушы), Шашты (7 оқушы), Шұғаның белгісі (6 оқушы), Ұлпан (6 оқушы) және Менің атым Қожа (6 оқушы) бар. Сондай-ақ, Абайдың қара сөздері, Ғылым таппай мақтанба, Сегіз аяқ, Ұшқан ұя, Алғашқы ұстаз, Бақытсыз Жамал, Қызыл жебе сынды шығармалар да аталады. Бұл туындылардағы кейіпкерлердің ішкі жан дүниесімен арпалысы, өмірлік күресі мен табандылығы оқушыларға әсер етіп, өзіндік рефлексияға, сенімділікке жетелеуде маңызды рөл атқарғаны байқалады. Оқушылардың шығармалар арқылы сенімділікке жету, өмірге басқа қырынан қарау, өзін тану сияқты қабілеттері артқаны аңғарылады.

Анықтаушы эксперимент кезеңінде эмоционалды интеллект (ЭИ) туралы оқушылардың білімі төмен деңгейде болғаны байқалды: 25 оқушы «мүлде білмейтінін», 18-і «білемін деуге болады», 5-еуі «орташа», тек 13 оқушы ғана «нақты білетінін» айтқан болатын. Яғни барлығының тек шамамен 18,5%-ы ғана ЭИ ұғымын толық түсінген, қалғандарының білімі үстірт немесе мүлде болмаған. Ал сабақтарда ЭИ қосымша түсіндіріліп, әдеби шығармаларды оқу барысында тереңірек талданғаннан кейінгі фокус-топтық сұхбат пен ашық сұраққа берілген жауаптар оқушылардың барлығы дерлік ЭИ туралы нақты түсінікке ие болғанын

көрсетті. Фокус-топтық сұхбаттың барлық қатысушысы (12 оқушы) ЭИ-ні қалай түсінетінін дұрыс сипаттап берді. Сауалнамадағы ашық сұраққа ЭИ жайлы *«адамның өз эмоциясын тануы, басқаруы, өзге адамның эмоциясын түсінуі», «эмпатия», «өзіне жауапкершілік алу», «психологиялық қысымға төтеп беру», «ішкі тепе-теңдікті сақтау», «ой салу, салыстыру, сыни ойлау»* секілді жауаптар берілді. Оқушылардың бірқатары ЭИ-нің болашаққа бағыт беретін қасиет екенін, және адамды ерекшелейтін интеллектуалдық қабілет ретінде түсінетінін атап өтті. ЭИ ұғымы тек теориялық деңгейде емес, әдеби шығармалармен байланыстырылып, тәжірибелік тұрғыда меңгерілгені байқалады.

Оқушылардың жауаптарынан байқағанымыздай, әдеби кейіпкерлердің эмоциялық күйін түсіну, олардың әрекеттеріне баға беру, өзін кейіпкердің орнына қойып көру, сондай-ақ эмпатия мен өз сезімдерін басқару қабілетін жетілдіру сияқты дағдылар эмоционалды интеллекттің негізін құрайтыны туралы түсінік тереңдеген. Оқушылардың кейбірі бұл процестің нақты жолдарын атады: мысалы, *кейіпкерлердің мінез-құлқы мен шешімдерін талдау*, *жанрлық ерекшеліктерге назар аудару*, *өз сана-сезімін ашуға арналған шығармаларды оқу*, *топтық жұмыс пен эмпатияны дамыту арқылы өзара түсіністікті арттыру*. Сонымен бірге, кейбір жауаптарда әдеби шығармаларды оқу барысында адам *өз рухын көтеретінін*, *басқа адамдардың мінезін тереңірек зерттеуге мүмкіндік алатынын* айтып өткен. Мұндай сапалық жауаптар эмоционалды интеллекттің *рефлексия, өзін тану, эмоцияны басқару* секілді қырлары әдеби талдау барысында қалыптасатынын дәлелдейді.

Жалпы, бұл жауаптар коучингтік әдістер арқылы әдебиет сабағы тек білім беру құралы емес, оқушының тұлғалық және эмоционалдық дамуына әсер ететін интеграциялық платформаға айналғанын көрсетеді. Оқушылардың өз сөздерімен айтсақ, «*әдебиет – адамның сөз байлығын, эмоциялық тереңдігін, эмпатиясын және өмірлік дағдыларын дамытуға жол ашатын тиімді құрал»*.

Жауаптардың тағы бір бөлігі коучингтік технологиялардың жалпы *әдебиет сабағын байытып, оқушының ойлау деңгейін арттырудағы маңызын* сипаттайды. Оқушылар *коучингтің шығармаларды* дәстүрлі әдіске қарағанда *тереңірек түсінуге, эмоцияны тануға, сын тұрғысынан ойлауға, пікір айту мен тыңдауға, мотивация мен мақсат қоюға көмектескенін* нақты жазған. Бұл әдістің әдебиетті заманауи жолмен ұғынуға, шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге жол ашатыны байқалады.

Коучинг туралы жалпы түсініктерінде оқушылар бұл ұғымды *мотивация, сенімділік, бағыт-бағдар беру, әлеуетті ашу, өзін тану, шешім қабылдау, өмір сапасын арттыру* деп сипаттаған. Жауаптарда коучинг тек білім саласында емес, *өмірлік маңызды мәселелерге де көмектесетін, болашақта пайдалы болатын* әдіс ретінде бағаланған.

Сұхбат барысында коучинг әдістері арқыты өткен сабақтардың эмоционалды және танымдық әсері де анық көрінді: *ҰБТ-ға дайындыққа жауапкершілікті*

арттыру (7 оқушы), *тайм-менеджмент* (6 оқушы), *эмоцияны тану, сөзге ермеуді үйрену, кәсіби бағдарлану.*

10-сынып оқушыларымен, сынып жетекшісімен келісе отырып, коучингтік технологиямен оқылған сабақтарға қосымша мақсат қойылды. Ол – оқушылардың Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындығына көмектесу. Әдеби шығармалар арқылы оқушының бойындағы кемшіліктер мен жақсы қасиеттерді анықтап, ҰБТ-ға мақсат қойды. Әр оқушы өзінің жоспарын жасап, арнайы кесте толтырылды. Жауаптардың нәтижелері келесідей:

1) Via Negativa – Кедергілер мен оларды жеңу жолдары.

Via Negativa бөлімінде оқушылар ҰБТ-ға дайындық барысында өздеріне кедергі келтіретін 17 түрлі ішкі және сыртқы факторды анықтады. Ең жиі кездесетін мәселелер – *жалқаулық пен еріншектік (21 оқушы), уақытты дұрыс жоспарламау (11), гаджеттерге тәуелділік (23), стресс пен уайым (10), мотивацияның төмендігі (8), ұйқы режимінің бұзылуы (6).* Бұл деректер қазіргі оқушының дайындыққа тек білім тұрғысынан емес, психологиялық және физиологиялық тұрғыдан да дайын болу қажеттігін көрсетеді.

Оқушылардың кейбірі *өзін-өзі алдау, зейінсіздік, сенімсіздік, ортаның әсері* секілді күрделі ішкі факторларды да атап өткен. Бұл – олардың өздерін сырттай бақылап, ішкі рефлексия жүргізуге қабілетті екенін білдіреді. Ең бастысы – олар бұл кедергілердің шешу жолдарын нақты ұсынған: *дисциплина мен режим қалыптастыру, мотивацияны арттыру, стресс пен эмоцияны басқару, гаджеттерге шектеу қою, спортпен шұғылдану, жоспармен жұмыс істеу, психологиялық қолдау алу*. Бұл жауаптар тек мәселелерді көрумен шектелмей, өзгеріске дайындық бар екенін де дәлелдейді.

2) Via Positiva – Артықшылықтар мен ішкі ресурстар.

Оқушылар бұл бөлімде өз бойларындағы мықты тұстарды сипаттаған. *Мотивация (4), табандылық пен жауапкершілік (8), жоспар құру және оны орындау (3), өзін-өзі бақылау мен зейінділік* – оқушылардың ішкі әлеуетін көрсетеді. Сонымен қатар, *ата-ананың қолдауы (3), қосымша курстар, мұғалімдермен жұмыс, коучтердің видеоларын көру* сияқты сыртқы қолдаулар да маңызды ресурс ретінде көрініс тапқан.

Сабырлылық, сенімділік, әділдік, эмоционалды тұрақтылық – бұл қасиеттер жоғары эмоционалды интеллекттің белгісі. Мұндай рефлексия олардың өзіне деген сенімінің қалыптаса бастағанын, мотивация мен мақсатты өздігінен таба алатынын білдіреді.

3) Мақсат қою – Бағыт пен жүйелілік.

Бұл бөлімде оқушылар нақты, өлшенетін, уақытпен шектелген мақсаттар белгілеген. Мысалы, *ҰБТ-дан 100+, 120+, 130+ балл жинау (12), грантқа оқуға түсу (7), армандаған қала мен университетке қол жеткізу (8).* Сонымен қатар, психологиялық және әлеуметтік мотивациялар да маңызды рөл атқарған: *ата-анама жақсы өмір сыйлау, өзімді дамыту, өзіме сенімді болу, стрессіз дайындалу.*

Мақсатқа жету жолдары да жүйелі сипатта көрсетілген: *курстарға қатысу (4), кітап оқу (7), сынақ тестілерін шешу, жоспар құру (6), дисциплина сақтау (5), мотивацияны сақтау*.

4) Еңбек – Күнделікті әрекеттер мен дағдылар.

Оқушылар еңбекке негізделген тәсілдермен тұрақты жұмыс істеп жатқанын көрсеткен. Олар *күнделікті тесттер шешу, кітап оқу (5), конспект жазу (2), қиын тақырыптарды талдау (2), күнделік жүргізу (3), мотивацияны сақтау, визуализация, өзін марапаттау* сияқты әдістерді белсенді қолдануда. Бұдан бөлек, *телефон қолдануға шектеу қою, оқудың алдында серуендеу, шабыт көзін табу, қолдау алу, көңіл-күйге қарамай әрекет ету* секілді психологиялық лайфхактар да ерекше аталған. Бұл оқушылардың оқу процесін тек ақылмен емес, нақты жүйемен, тәртіппен жүргізіп жатқанын көрсетеді.

5) Аралық кезең – Рефлексия мен өзін-өзі бақылау.

Аралық кезең – дайындық процесіндегі кері байланыс пен прогресті бағалау кезеңі ретінде қарастырылған. Оқушылар *өзіңнен есеп алу (6), жоспарды қайта қарау (4), жетістікті мойындау, апталық талдау әрекеттерін* атап өткен. Бұл – рефлексиялық ойлаудың, өзін-өзі түзету мен жетілдіру механизмінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Шаршағанда, күйзелісте немесе мотивация төмендегенде оқушылар *аудиокітап тыңдау, визуализация, серуен, ұйқы, спорт, медитация, йога* тәсілдерін қолданатынын айтқан. Яғни, олар эмоционалды қажуды байқап, оған қарсы алдын ала әрекет ете алады.

6) Эмоционалды интеллект – Тұлғалық тұрақтылық

Бұл бөлімде оқушылар эмоцияны тану, реттеу, түсіну, қолдау алу, позитивті болу, өз-өзіне сену секілді дағдыларды өз бетінше сипаттаған. Жауаптарынан олардың эмоционалды интеллектке мән бере бастағаны байқалады. *Сабырлы болу, қолдау алу, мадақтау, сәтсіздікті қабылдау, қысқа үзіліс, позитивті көзқарас* – барлығы эмоционалдық реттеудің құралдары ретінде көрініс тапқан. Одан бөлек, *сыныптастармен бірігіп дайындалу (9), білгенін үйрету, өзара мотивация беру, сенімділік сыйлау (3)* секілді әрекеттер топтық эмоциялық мәдениеттің де қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Жүргізілген бұл кешенді жұмыс – оқушылардың оқу процесін тек білім алуға емес, тұлғалық даму мен өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағыттайтын тың жұмыс үлгісі. Коучингтік технологиялар мен әдеби шығармаларды ұштастыру арқылы оқушылар *өзіне деген сенімін арттыру, эмоцияны тану және басқару, уақытты тиімді пайдалану, мақсат қою, мотивацияны сақтау, әлеуметтік қолдау алу* секілді өмірлік маңызды дағдыларды тәжірибе жүзінде меңгерді. Бұл коучинг – дәстүрлі оқыту форматын жаңғыртудың, мазмұндық-рухани тереңдікті кеңейтудің тиімді жолы екендігін дәлелдейді.

Оқушылар өздерінің әлсіз және мықты тұстарын ашық көрсете отырып, кедергілермен жұмыс істеудің нақты жолдарын ұсынған. Бұл – рефлексия мен жауапкершілік мәдениетінің қалыптасқанын білдіреді. Олар *жалқаулық, стресс,*

мотивация жетіспеушілігі секілді өзекті мәселелерді танып қана қоймай, олармен саналы күрес жолдарын іздеп, шешім қабылдауға тырысқан. Сонымен қатар, *жеке мақсат қою, жоспарлау, күшті жақтарын дамыту* арқылы оқушылар ҰБТ-ны тек емтихан ретінде емес, жеке тұлғаның өсу сатысы ретінде қабылдай бастаған.

Бұл процесте әдеби шығармалар тек мәтіндік талдау құралы емес, *оқушының ішкі жан дүниесіне үңілу, эмоциямен жұмыс істеу, өзгенің өмірін түсіну мен салыстыру арқылы өзін тану* алаңына айналған. Абайдың қара сөздері, «Ақбілек», «Сегіз аяқ», «Ғылым таппай мақтанба» сынды туындылар оқушылардың рухани әлеміне әсер етіп, коучингтік әдістер арқылы терең ой мен шынайы эмоцияны жандандыруға себеп болған. *Сынып ішінде бір-біріне қолдау көрсету, сенімділік беру, бірігіп дайындалу, инсайдтармен бөлісу* секілді әрекеттердің көп кездесуі позитивті оқу ортасының қалыптасқанын көрсетеді. Бұл – коучингтің тек жеке емес, ұжымдық әлеуетті де дамытуда маңызды екенін дәлелдейді. ***Эмоционалды интеллект, өзара қарым-қатынас, бірін-бірі түсіну, пікір алмасу*** – бұның барлығы заманауи білім беру мақсаттарымен тікелей үндеседі.

Қорытындылай келе, бұл жұмыс оқушының білім алушы ретіндегі рөлінен шығып, өз өмірлік сценарийінің авторы, мақсаттарының иесі, болашағына жауапты тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізді. Коучингтік технологиялармен әдебиетті оқыту жеке тұлғаны дамытуда өте тиімді және оны болашақта кеңінен қолдана беру керек.

3.3.2 Мұғалімдердің перспективасы

Коучингтік технологияларды оқу процесіне енгізу туралы мұғалімдердің пікірлерін талдап көрейік. Сұхбат 8 мұғаліммен (4 ер, 4 әйел) жүргізілді. Анонимдікті сақтау үшін мұғалімдердің аты-жөндері жасырылып, сұхбат беру реттілігіне сай латын әліпбиімен белгіленді (Мұғалім A, B, G). Қатысушылардың еңбек өтілі 1 жылдан 19 жылға дейін, көпшілігінің тәжірибесі 8 жылдан жоғары. Бұл әртүрлі кәсіби деңгейдегі мұғалімдердің коучингке көзқарасын салыстырып, әдістің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Сұхбат нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің коучингтік технологиялар туралы хабардарлық деңгейі әртүрлі, алайда көпшілігі бұл ұғыммен таныс екенін немесе тәжірибесінде коучингтің элементтерін қолданғанын көрсетеді. 8 мұғалімнің 5-еуі коучингпен жақсы таныс, 2-еуі өте жақсы таныс, бірақ бірқатары тәжірибеде коучингті қолданғанымен, толық түсіне бермейтінін мойындайды. Кейбір мұғалімдер коучингті баламен жекелей жұмыс жүргізетін тәлімгерлік тәсіл ретінде сипаттайды. Мысалы, Мұғалім G:

«Коуч дегенді естігенде ‘жаттықтырушы’ деген ой келеді. Мұғалім жалпы бағдарламаны үйретсе, коуч баламен жекелей бапкер, тәлімгер ретінде жұмыс жүргізеді… Менің балаларды интеллектуалды сайыстарға дайындауда жеке коуч ретінде баптауым тәжірибелі мұғалімдерден де тез жақсы нәтиже көрсетуіме

алып келді», – деп, коучингтің тұлғалық, мақсатқа бағытталған әрекеттер жиынтығы ретінде тиімділігін атап өтеді».

Бұған қоса, коучинг ұғымын жеке шығармашылық, үйірме және клубтық жұмыс аясында қолданған мұғалімдер де бар. Мұғалім E:

«Мектепте жеке шығармашылық клубым бар. Оқушыларды түрлі байқауларға, сахна мәдениетіне, сөйлеу машығына дайындаймыз. Коучингтік тәсілмен бағыт беріп, оқушыны жеке қабілетіне сай дамытамыз», – дейді. Бұл коучингтің оқушылардың жеке қабілетін ашуға, кәсіби бағдар беруге, өмірлік дағдыларын дамытуға қолданылатынын көрсетеді.

Мұғалімдердің арасында коучинг ұғымын білім берудің жаңа тұжырымдамасымен байланыстыратындар да бар. Мұғалім B:

«Қазіргі Біртұтас тәрбие бағдарламасында коучингтік бағыт айқын көрінеді. Әдебиет сабағы – коучинг әдістерін қолдану үшін ең қолайлы пәндердің бірі», – деп, коучингтің бағдарламалық және педагогикалық негізін нақтылады.

Сонымен қатар, коучинг элементтерінің көп жылдар бұрынғы тәжірибеде де болғанын меңзейтін пікірлер кездесті. Мұғалім D былай дейді:

«Блум таксономиясы негізінде білімді бағалау, өмірмен байланыстыру, қолдану идеялары арқылы біз коучингтік технологиялармен бұрыннан таныс болдық. Тек оны коучинг деп атаған жоқпыз».

Сонымен, зерттеу нәтижелері бойынша мұғалімдердің басым бөлігі коучингтік технологияларды тәжірибесінде қолданғанын немесе олармен теориялық тұрғыда таныс екенін көрсетті. Олар коучингті жекелеген оқушылармен жұмыс, мотивация мен бағыт-бағдар беру, шығармашылықты ашу және оқушыны мақсатқа жетелеу тұрғысынан қабылдайды. Алайда, кейбір мұғалімдер коучинг туралы интернеттегі жағымсыз тәжірибелер мен «жалған коучтардан» кейін теріс көзқарас қалыптасқанын да атап өтті. Бұл аспект коучинг туралы түсіндіру мен нақты әдістемелік қолдаудың қажеттігін көрсетеді.

Мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттар коучингтік технологиялардың қазақ әдебиеті пәнінде қолданылуы оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың тұлғалық дамуына, өзін-өзі тануына және өмірлік мән беретін рефлексиялық ойлауға ықпал ететінін көрсетті. Зерттеу барысында мұғалімдер коучингтің әдебиетті оқытуда көпқырлы, терең әлеуетке ие әдіс екендігін нақты мысалдар арқылы атап өтті. Көптеген мұғалімдер коучингтік әдістердің басты артықшылығы ретінде оқушының өзін-өзі тануына ықпал ету қабілетін атады. Сұхбат алған 8 мұғалімнің ішінен 6-ы коучинг оқушыны тұлға ретінде қалыптастыруда маңызды рөл атқарады деп есептейді. Мұғалім D:

«Коучингтің негізгі мақсаттарының бірі – өзіңді толық тану, түсіну, қабылдау. Бұл әдебиетпен тікелей байланысты. Себебі біз кейіпкердің іс-әрекетіне баға беру арқылы өзімізді танимыз, өз шешімдерімізді салыстырамыз», – деп, әдебиет пен коучингтің философиялық үндестігін сипаттап берді.

Коучингтік әдістер образды ашуға, кейіпкерді түсінуге, эмоциялық тәжірибе арқылы тақырыпты меңгеруге мүмкіндік береді. Мұғалімдердің 4-еуі коучинг оқушылардың мұғалімге сұрақ қою арқылы өз бетінше ойлануына, кейіпкерлерді жан-жақты сараптауына жағдай жасайтынын атап өтеді. Мұғалім В әдебиет сабақтарының өзін-өзі тану пәнінен де терең екенін айтады:

«Бұрын мектепте өзін-өзі тану сабағы болды ғой. Бірақ меніңше, әдебиеттің өзінде соның бәрі бар. Әдебиет – өзін-өзі танудың нағыз құралы».

Мұғалімдердің айтуынша, коучинг әсіресе драмалық шығармаларды оқытуда ерекше тиімді (5 мұғалім). Себебі сахналық қойылымдар, кейіпкер рөліне ену оқушылардың эмоциямен жұмыс істеуіне, басқа адамның орнына өзін қоя білу қабілетін дамытуға, эмпатия мен көркемдік қабылдауды арттыруға көмектеседі. Мұғалім Н сөзі бұл пікірді нақтылай түседі:

«*Кейіпкерлердің рөліне кіру, сахнада ойнау – оқушылардың эмоцияларын оятады, шығарманы шын мәнінде сезінуге жағдай жасайды».*

Сұхбаттарда мұғалімдер заман талабына сай коучингті қолдану қажеттігін (4 мұғалім) және оны психологиямен байланыстырудың тиімділігін де атап өткен. Бұл тұрғыда әдеби шығармаларды талдау тек білім емес, психологиялық өсу мен өзін-өзі реттеу құралына айналып отыр. Мұғалім А:

«Миға шабуыл, ыстық орындық, еркін микрофон секілді әдістермен оқушының сөйлеу дағдысы ғана емес, ішкі ойлау механизмі де дамиды. Бұл – коучингтің әсері».

Кейбір мұғалімдер «кейіпкерге хат жазу», «мен не істер едім?» сұрақтары, SWOT талдау әдістерінің коучингпен тығыз байланысты екенін көрсеткен. Бұл тәсілдер оқушыға өзін кейіпкермен салыстыру, рефлексия жасау, шешім қабылдау секілді өмірлік маңызды дағдыларды үйретеді.

Жалпы алғанда, мұғалімдердің пікірлері коучингтік технологияларды әдебиет сабағында қолдану оқушыларға тек мәтінді түсінуге емес, өзін түсінуге, сезінуге, болашақ әрекеттерін жоспарлауға үйрететінін дәлелдейді. Әдебиетті оқытудың мақсат-міндеттері коучингтің көздейтін құндылықтарымен үйлесіп, білім беру процесін мәнді, өмірмен байланысты әрі тұлғалық дамуға бағытталған құралға айналдырады.

Мұғалім Н коучингтік технологиялардың әдеби шығармалармен эмоциялық байланысты қалыптастыруда қандай қуатты құрал екенін көрсетеді. Ол оқушылардың драмалық шығармалармен жұмыс істеу кезінде кейіпкерлердің рөліне еніп, олардың сезімін басынан кешіру арқылы шығарманың терең мазмұнын жүрекпен қабылдайтынын атап өтеді:

«Кейіпкерлердің өмірін сүріп, эмоцияларын басынан кешіру өте пайдалы. Оқушылар сахналық қойылымды өте жақсы көреді, жандары сүйеді. Эмоциялары рөлге кіру арқылы ашылады».

Бұл пікір коучингтік әдістердің интерактивті, тәжірибеге негізделген формалары, әсіресе рөлдік ойындар, сахналық көріністер, импровизация секілді

элементтер арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектін, тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ерекше ықпал ететінін көрсетеді. Сондай-ақ, бұл тәсіл оқушыларға шығарманы жай қабылдаушы емес, оның белсенді қатысушысы ретінде тануға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқытудың тереңдігі мен есте сақтау деңгейін арттырады.

Мұғалімдердің пікірлері мен ұсыныстары негізінде қазақ әдебиеті пәнінде коучингтік технологиялармен оқытуға ең тиімді шығармалар адам психологиясы, тұлғалық даму, эмоционалдық сезімдер, шешім қабылдау және ішкі рефлексия тақырыптарын қамтитын туындылар екені анықталды. Мұндай шығармалар оқушылардың өзін кейіпкермен салыстыруына, өз эмоциясын тануына және өмірлік сұрақтарға жауап іздеуіне мүмкіндік береді.

Ең жиі аталған шығармалар:

«Менің атым – Қожа» (5 мұғалім). Балалық шақ, тәрбие, қателік пен жауапкершілік, ішкі диалог секілді өзекті тақырыптарды қамтитын бұл шығарма оқушыға өз әрекетін бағалауға, мінезін саралауға және өзін Қожамен салыстырып көруге мүмкіндік береді. Бұл шығарманы оқытуда коучингтің «ішкі диалог», «рефлексия» құралдарын қолдану өте қолайлы.

«Ақбілек» (5). Әйел психологиясы, әлеуметтік теңсіздік, ішкі қайшылықтар және өмірлік күреске толы бұл роман терең психологиялық талдауға жол ашады. Оқушылар кейіпкерді түсіну арқылы өзін тануға қадам жасайды.

«Ұшқан ұя» (3) және «Бақытсыз Жамал» (3). Екі шығарма да отбасылық құндылықтар, ерте жастан тәрбиелеу, тағдырдың бұйрықтарын, әлеуметтік жағдайлардың әсерін көрсету тұрғысынан маңызды.

«Ұлпан» (4) және «Шұғаның белгісі» (3). Қазақ әйелінің тағдыры, әлеуметтік қысым, ішкі күрес секілді мәселелерге толы романдар. Бұл шығармаларда кейіпкерге хат жазу, шешім қабылдау, «мен не істер едім?» сұрағын қою үлгісіндегі коучингтік әдістерді тиімді қолдануға болады.

Сондай-ақ, мұғалімдер О. Сүлейменовтің «Арғымақ», М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Көксерек», Т. Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала», І. Жансүгіровтің «Құлагер», Д. Исабековтің «Дермене» шығармаларын және батырлар жырын эмоцияны тану, қоғамдық моральдық мәселені түсіну, тұлғалық шешім қабылдау, ішкі мотивацияны сезіну бағытында жұмыс істеуге өте ыңғайлы деп танылған.

Коучингтік әдістерді қолдануға ыңғайлы шығармалар көбінесе психологиялық мәні жоғары, кейіпкердің ішкі әлеміне үңілуге мүмкіндік беретін, адам мен қоғам қатынасына мән беретін туындылар екені байқалады. Мұғалімдердің тәжірибесіне сүйенсек, мұндай шығармаларды оқытуда сахналық көрініс, рөлдік ойын, кейіпкерге хат, SWOT-талдау, эмоция картасы, «егер мен болсам» сынды коучингке тән әдістер тиімді нәтиже береді.

Сұхбат нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдер Абай шығармашылығы мен коучингтік технологиялардың арасында философиялық, тәрбиелік және

психологиялық деңгейде терең байланыс бар екенін мойындайды. 8 мұғалімнің ішінен 7-еуі Абайдың қара сөздері, 4-еуі өлеңдері коучингтік әдістермен оқытуға өте қолайлы екенін атап өтті. Бұл пікірлер Абай шығармаларын тек әдеби мұра ретінде емес, тұлғалық даму мен өзін-өзі жетілдіру жолындағы құндылықтар жүйесі ретінде қабылданатынын көрсетеді.

Мұғалім D айтуынша, коучинг пен Абай философиясының түйісетін тұсы – «Толық адам» тұжырымдамасы мен ой кеселдерімен күрес идеясы:

*«Абайдың шығармаларынан **толық адам**, **есті адам**, **жүректі адам** сияқты түсініктерді жинауға болады. Бұлардың әрқайсысын талдау арқылы коучингті тиімді қолдана аламыз. Мысалы, Via Negativa тәсілін – Абайдың **ой кеселдерінен қашық бол** деген сөзімен түсіндіруге болады»*.

Бұл пікір коучингтің негативті факторларды жою арқылы даму (Via Negativa) және іштей есеп алу, рефлексия жасау қағидаттарының Абай ілімінде ерте көрініс тапқанын дәлелдейді.

Мұғалім B Абай шығармаларын оқыту барысында басты қиындық – тіл мен мазмұнның күрделілігі екенін атап өтті:

«Абайды оқу кім-кімге болса да күрделі. Баланың ой-өрісін, заманын, жас ерекшелігін ескеріп, шығарманы жеңілдетіп, қазіргі заманға сай интерпретациялау керек», – дейді ол. Бұл ұсыныс герменевтикалық тәсілдер мен бейімделген мәтіндер арқылы Абай мұрасын бүгінгі оқушыға жақындатудың жолын көрсетеді. Мысалы, әзіл, өмірлік мысал, визуализация арқылы оқушының түсіну деңгейін арттыру ұсынылады.

Мұғалім H практикалық әдістерге назар аударады:

«Үш түрлі күнделік» әдісі мен «SWOT-талдауды» қолдану арқылы оқушы Абайдың қара сөздерінен маңызды үзіндіні таңдап, оның мағынасын түсіндіреді және авторға сұрақ қояды. Бұл арқылы оқушы өз танымына сәйкес Абаймен 'диалог' құрады».

Сонымен қатар, мұғалімдер коучингтік әдістерді қолдану үшін Абайдың өз шығармаларын терең білудің маңыздылығына назар аударады. Мұғалім G:

«Көп коучтер Абайға сілтеме жасайды. Бірақ оны шын мәнінде тану керек. Әйтпесе, ол жай атау үшін ғана қолданылатын сәнді сөзге айналып кетуі мүмкін», – деп сыни пікір білдіреді.

Осы зерттеу нәтижелері Абай шығармаларын коучингтік технологиялар арқылы оқыту – қазақ әдебиетін тұлғалық даму, психологиялық сауаттылық, рефлексия және өзін-өзі жетілдіру алаңына айналдырудың нақты жолы екенін көрсетеді. Бұл бағытта «Толық адам», «Есті адам», «Ой кеселдері», «Есеп алу», «Мақсат қою», «Жоспар құру» ұғымдарын жүйелеп, әдістемелік базаға айналдыру – келешекке арналған маңызды қадам.

Мұғалімдердің пікірлері қазақ әдебиеті пәнін эмоционалды интеллектті қалыптастыруда ең тиімді пән деп бағалайды. Сұхбат нәтижелеріне сүйенсек, әдебиет сабағы тек білім беретін емес, баланың ішкі жан-дүниесін байытып,

эмоцияларды тануға, түсінуге, қабылдауға және басқаруға үйрететін басты пән ретінде көрсетілген. Бұл бағытта коучингтік технологиялар маңызды құралға айналып отыр.

8 мұғалімнің 6-ауы қазақ әдебиеті пәнін эмоцияны үйрететін негізгі пән деп таниды. Мұғалім А бұл туралы былай дейді:

«*Әдеби шығармалар эмоцияға толы. Адамның тағдыры, өмірлік сынақтар, әртүрлі жағдайлардағы эмоциялардың пайда болуы – осының барлығы баланың эмоциямен жұмыс істеу қабілетін арттырады».*

Коучингтік әдістер – эмоцияны сыртқа шығару, оны тану, рефлексия жасау, өзгемен бөлісу, өзімен салыстыру секілді әрекеттерге негізделетін әдістер. Бұл әдістерді әдебиет сабағында қолдану – оқушыны терең сезінуге, жан-дүниесін ашуға мүмкіндік береді. Мұғалім D пікірінше:

«Эмоционалды интеллекттің төрт компонентін де толық қамтып, үйрететін пән – әдебиет. Әдебиет адамның өзін, қоғамды, ортамен әрекеттесу жолдарын түсіндіреді. Миға білім керек болса, жүрекке – эмоция керек. Бұл эмоцияны әдебиет қана бере алады».

Оқушылардың эмоционалды реакциясы, эмпатиясы – олардың шығарманы ішкі дүниесімен қабылдай алатынының белгісі. Мысалы, Мұғалім Н:

«Қ. Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» шығармасын оқығанда оқушылар көзіне жас алады. Бұл – оларда эмпатия бар екенін, кейіпкердің жағдайына шын жанашырлық таныта алатынын көрсетеді», – дейді.

Қазақ қыздарының тағдырына арналған шығармалар (Қорғансыздың күні, Бақытсыз Жамал, Қамар сұлу, Ақбілек, Қалың мал, Шұғаның белгісі) – ерекше эмоциялық әсер беретін туындылар ретінде аталады (4 мұғалім). Бұл шығармалар әлеуметтік әділетсіздік, тағдыр, әйел психологиясы секілді терең тақырыптарды қозғай отырып, оқушыларды аяушылық, әділеттілік, жанашырлық секілді сезімдерді бастан кешіруге жетелейді. Мұғалім А былай деп бөліседі:

«Бұл шығармаларды оқытқанда балалар эмоциялық тұрғыдан әсерленіп, қазақ қыздарының тағдырына жанашырлық танытады. Әсіресе, сахналық қойылым көргеннен кейін оқушылардың өмірге, тілге, ұлтқа деген көзқарасы өзгерді».

Сонымен қатар, мұғалімдер драмалық шығармалар, кейіпкерлерді салыстыру, сахналық көріністер, хат жазу, күнделік жүргізу сынды коучингке тән әдістерді эмоцияны тануға қолдануға болатындығын айтады. Мысалы, Мұғалім G:

«Шұғаның белгісі шығармасын оқығанда қыз балалар әсіресе уайымдап, түрлі эмоциялармен бөліседі. Бұл – жағымды және жағымсыз кейіпкерлер арқылы баланың ішкі сезімін ояту» – дейді.

Мұғалім В Ақбілек романы мысалында ЭИ-нің психологиялық аспектілерін ерекше атап көрсетеді:

«Ақбілектің өмірлік күресі, психологиясы, сенгіштігі – бүгінгі қоғамда да өзекті. Оқушы бұл кейіпкер арқылы өмірде сақ болуға, өз сезімін басқаруға, рухани шыңдалуға үйренеді».

Жалпы, зерттеу көрсеткендей, коучингтік технологиялар мен әдебиет сабақтарының үйлесімі оқушылардың эмоциялық интеллектін қалыптастыруда жүйелі, өмірлік маңызы бар әдіс ретінде бағаланады. Әдебиет – оқушыны тек оқуға емес, адам болуға, өзгеге жанашыр болуға, өзін түсінуге, өзгемен тең қарым-қатынас орнатуға үйрететін пән. Бұл үдерісте коучингтің құралдары – ішкі диалог, эмоционалды рефлексия, салыстыру, ашық сұрақтар мен терең мағыналы тапсырмалар ерекше маңызды.

Мұғалім D эмоционалды интеллекттің аясын кеңірек қарастырып, оны тек адамның ішкі күйімен ғана емес, табиғатпен үйлесімділік табу арқылы да байланыстыру қажеттігін атап өтеді:

«Әдебиеттің түбі екі нәрсе: өмір және табиғат. Өкініштісі, біз ЭИ-ні тек адамның ашу, күлкі, қуаныш, махаббат сияқты негізгі сезімдермен ғана түсініп, шектейміз. Алайда табиғатпен үйлесімділік табу, табиғатты түсіну де – ЭИ. Мысалы: «Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады…» деген де ЭИ. ЭИ тек оқушыларға ғана емес, барлық адамға қажетті».

Бұл пікір ЭИ-нің экзистенциалдық және рухани түсініктерін де қамтитынын көрсетеді. Әдебиетте бейнеленетін табиғат, үйлесімділік, маусымдық өзгерістер мен символизм – оқушыны тек эмоциялық тәжірибеге емес, әлемді тұтастай қабылдау қабілетіне, рухани дамуға жетелейді. Осы арқылы әдебиет сабағы эмоционалды интеллекттің кеңейтілген модельдерін дамытуға ықпал етеді.

Сұхбат барысында мұғалімдердің басым көпшілігі коучингтік технологиялардың қазақ әдебиеті сабағында ғана емес, тұтас оқу үдерісіндегі маңызды құрал екеніне сенімді. Мұғалімдердің 6-ы коучингтің болашағына толық сенетінін, 4-і бұл әдістерді барлық мектеп жүйесіне енгізу керек екенін атап өтті. Сондай-ақ, бұл технологиялар жеке оқушымен жұмыс, тұлғалық даму, өмірлік дағдыларды қалыптастыру, эмоционалды интеллект пен өзіндік рефлексия бағытында кеңінен қолданылуы мүмкін деп есептеледі.

Коучингті жүйелеу мен құрылымдау қажеттігі – мұғалімдер пікірінде жиі айтылған мәселе. Мысалы, Мұғалім D:

«Коучинг пен әдебиетті ұштастырудың болашағы өте кең. Бұл бір пәннің аясында шектелмейді. Негізі мектептің оқушыны өмірге дайындайтын институт ретіндегі функциясының бір бөлігі ретінде қаралуы тиіс», – деп атап көрсетеді. Бұл пікір коучингтік технологияларды жалпы білім беру стратегиясымен үйлестіре отырып енгізудің қажеттігін көрсетеді.

Коучинг оқушыны өмірлік дұрыс таңдау жасауға, өз орнын табуға, мақсат қоюға және шынайы ішкі мотивацияны анықтауға көмектесетін құрал ретінде бағаланады. Мұғалім С пікірінше:

«Коучинг барлық салаға керек. Ата-ана–оқушы–мұғалім үштігінде ең бастысы – оқушының тұлғалық дамуы. Бұл жерде коучинг әр оқушының жеке қабілетін ашуға көмектеседі».

Сондай-ақ, мұғалімдер коучингтік әдістерді *бірсарынды дәріс сабақтардан бас тарту, оқушылардың қызығушылығын арттыру, сыни ойлау мен коммуникация* дағдыларын дамыту үшін таптырмас мүмкіндік деп таниды. Мұғалім Н бұл туралы:

«Қазіргі балаларды жай сөзбен қызықтыру қиын. Коучингтік әдістер олардың өмірге бейімделуін, сенімділігін арттырады. Бұл әдістер арқылы оқушыларды пәндік олимпиадаға, жеке жарысқа да дайындауға болады».

Мұғалімдер коучингтің «эмоциясы білінбейтін, үндемейтін оқушылармен жұмыс істеуде», сондай-ақ «тәрбие мен білім беруді ұштастыруда» маңызды екенін де атап өтті. Мұғалім А пікірінше, коучингтік әдісттер арқылы гаджетке тәуелді, өз ойын жеткізуге қиналатын балалармен ашық, сенімді диалог орнатуға болады:

«Ауызша пікірлесіп, сұрақ қойысқан өте пайдалы. Балалармен сөйлесуге, олардың ішкі ойын тануға көмектеседі».

Бұдан бөлек, мұғалімдерге коучинг әдістерін енгізу үшін «әдістемелік негізді, концептуалды жүйені» дамыту қажет екенін де атап өтеді. Мұғалім В:

«Әдеби шығармаларды өмірмен байланыстыру үшін коучинг керек. Тіпті әдебиет мұғаліміне коуч немесе ментор мәртебесі берілуі тиіс. Себебі мектепте тәрбиемен айналысатын нақты тұлға жетіспейді» – деп, бұл технологияның «тәрбие саласындағы тапшылықты толтыру» мүмкіндігіне назар аударады.

Жалпы алғанда, мұғалімдердің пікірлері коучингтің болашағын *мектептегі педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі* ретінде көреді. Оның артықшылықтары ретінде:

- «баламен жеке жұмыс істеу мүмкіндігі»,
- «оқушының өмірлік мақсатын айқындауға көмектесу»,
- «пән мен өмір арасындағы байланысты нығайту»,
- «оқушылардың ішкі мотивациясын ояту»,
- «жүйелі түрде сұрақ қою арқылы терең ойлауға жетелеу»,
- «оқу процесінің эмоционалды және тұлғалық өлшемдерін арттыру» сынды аспектілер аталды.

Сондықтан да, ***коучинг*** – тек әдіс емес, ***білім берудің жаңа философиясы***, ал оны қазақ әдебиеті сабағында қолдану – *жеке тұлғаны қалыптастырудың тиімді жолы* ретінде кеңінен қолданыс табуы тиіс.

Мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттар коучингтік технологиялардың қазақ әдебиеті мен жалпы білім беру процесінде қолданылу мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетті. Сұхбатқа қатысқан педагогтердің басым бөлігі коучинг – тек оқытудың әдісі ғана емес, *оқушының тұлғалық, рухани және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін кең құралдар жүйесі* деп таниды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, коучингтік әдістер:

- оқушылардың *өзін-өзі тануына, мақсат қоюына, ішкі мотивациясын оятуына* мүмкіндік береді;

- әдеби шығармаларды өмірмен байланыстыруға, кейіпкерлер арқылы рефлексия мен ішкі диалог жасауға, эмоцияны тануға ықпал етеді;

- оқушыны жеке жарыстарға, пәндік олимпиадаларға, және өмірлік маңызды шешімдерді қабылдауға дайындайтын тиімді бағыт екені анықталды.

Мұғалімдер коучингтің болашағы тек әдебиет пәнімен шектелмей, оның мектептің тұтас тәрбие жүйесі мен оқу мәдениетіне енгізілуі тиіс екенін ерекше атап өтті. Бұл үшін *коучингті бір жүйелі концепция аясында ұйымдастыру, оқу бағдарламасына әдістемелік деңгейде енгізу*, сондай-ақ *мұғалімдерді арнайы оқыту* қажеттігі туындайды.

Қорыта айтқанда, коучингтік технологиялар білім беру үдерісінде адамгершілік, психологиялық, коммуникативтік және өмірлік дағдыларды қалыптастырудың заманауи, нәтижелі әдісі ретінде бағаланып отыр. Қазақ әдебиетін оқытуда бұл әдістер оқушыларды тек білім алушы емес, саналы, сезімтал, өмірге дайын жеке тұлға ретінде дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

3.4 Бақылаушы эксперимент нәтижелері және талқылау

Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде қорғауға бірнеше тұжырымдар ұсынылған болатын. Бұл зерттеу жұмысын жазу барысында коучинг ғылымы жайлы кейінгі жылдары жарық көрген көптеген ғылыми әдебиеттер, мақалалар, эмпирикалық зерттеулерге шолу жасалып, коучингтің қалыптасу тарихы, теориясы, методологиясы, білім саласымен, әдебиет пәнімен байланысы теориялық тұрғыдан негізделді. Мектепте қазақ әдебиеті пәнін оқытуда коучингтік технологияларды қолданудың моделі әзірленіп, ол тәжірибе жүзінде жүзеге асып, эксперименттің нәтижелерінде көрініс тапты. Осы кең көлемде жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелеріне сүйене отырып келесідей бірнеше **тұжырымдарды** атап өтуге болады:

1. Бұл уақытқа дейін әлемдік ғылыми басылымдарда білім берудегі коучинг тақырыбында жарық көрген ғылыми еңбектерге шолу жасалынып, коучингтік технологиялар жіктелді. Коучингтік технологиялар туралы ғылыми жарияланымдарға жасалған кешенді шолу жүргізу арқылы **коучинг әдіснамасы** және **әдістемесі** туралы кең ауқымдағы зерттеулер **жүйеленіп**, олардың **білім беру саласындағы қолданылу мүмкіндігі талданды**. Әлемдік әдебиеттерді зерттеу барысында *коучинг ұғымының психология, кәсіпкерлік, спорт, экономика, ақпараттық технологиялар, философия және ең алдымен – білім* беру сияқты бірнеше салаларда қолданылуы сараланды.

Коучингтің педагогикалық процеске ықпал ету әлеуетін негіздейтін бірқатар теориялық еңбектер қарастырылды. Мәселен, Сократтық сұрақ қою, менторинг және тьюторинг стратегиялары коучингтік әдістердің прогрессивті білім беру парадигмасымен үйлеседі. Сократтық сұрақ қою әдісі – оқушының ойлау еркіндігін

дамытып, оның рефлексия мен өзіндік шешім қабылдауына жол ашады. Бұл тәсілдің практикалық маңыздылығы қазіргі заманауи оқыту талаптарымен сәйкес келеді.

Коучинг психологиялық ғылыммен де тығыз байланысты. Атап айтқанда, позитивті психология, когнитивті мінез-құлық терапиясы (CBT) және өзін-өзі анықтау теориясы (SDT) секілді іргелі бағыттар коучингтің ғылыми негізін құрайды. Бұл бағыттар тұлғаның мотивациясын, эмоциялық интеллектін, өзіндік тиімділігін арттыруға септігін тигізетіні дәлелденді [81]. Коучинг психологиялық терапияның балама құралы ретінде стрессті басқару, менталды тұрақтылық, және тұлғалық даму салаларында да тиімді екенін көрсетті [84].

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде осы ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, коучингтік технологияларды жүйелеу міндеті қойылды. Ғылыми әдебиеттер мен түрлі ақпарат көздерінен барлығы 59 коучингтік әдіс анықталды. Бұл әдістер мазмұнына және қолдану саласына қарай бес негізгі салаға: білім беру, психология, кәсіпкерлік, экономика, спорт болып жіктелді.

Осы негізде жасалған 2-суретте әр коучингтік әдістің қай салада жиі қолданылатыны және оның қазақ әдебиеті пәнімен сәйкестік деңгейі көрсетілді. Ол үш деңгеймен бағаланды: «жоғары», «орташа» және «төмен». Әдістің педагогикалық ықпалын бағалау үшін екі сатылы сараптама жүргізілді – ғылыми әдебиеттегі сипаттамасы және ғылыми жетекшілер мен сарапшылардың пікірі. Қорытындысында 59 коучингтік әдістің әдебиет пәнімен сәйкестігі үш деңгейге жіктелді. Соның ішінде, қазақ әдібиеті пәнімен сәйкестігі төмен әдіс – 22, сәйкестігі орташа – 19, сәйкестігі жоғары әдіс саны – 18.

Әдебиетпен ең тығыз байланысты 18 әдіс негізінен білім беру және психология салаларына қатысты. Бұл – әдебиетті оқыту тек танымдық процесті ғана емес, оқушының эмоциялық, тұлғалық, рефлексиялық қабілеттерін дамыту міндетін де атқаратынын көрсетеді. Осылайша, ғылыми әдебиеттерге жасалған кең көлемді шолу **коучингтік әдістердің мазмұны мен формасын жүйелеуге**, әрі олардың **қазақ әдебиеті пәнінде қолданылу әлеуетін анықтауға** мүмкіндік берді.

2. Бұл уақытқа дейін әдеби шығармаларды психологиялық коучингтік сессия жүргізуде көмекші құрал ретінде пайдалану түсінігі болды. Бұл зерттеу керісінше **әдеби шығармаларды оқытуда коучингтік технологияларды пайдалану перспективаларын** көрсетті. Мәселен, әдебиеттің коучингтік процеске ықпал ету мүмкіндігін жан-жақты қарастырған Л. Голденсон (1992) коучинг пен менторингтің көркем әдебиетпен, өзін-өзі тәрбиелеу және адамгершілік құндылықтарды дамытуда ортақ тұстары бар екенін айтса, К. Истман (2019) әдебиетті коучинг құралы ретінде зерттеп, тиімділігін мысалдармен дәлелдейді [113], [64, б. 7-10]. Ол «Жүзуші» шығармасының сұхбат жүргізуге, «Александр көпірінің» – эмоцияларды зерттеуге, Антон Росицкий жайлы әңгіменің – физиологиялық тыныштық орнатуға септігін тигізетінін көрсеткен. «Changing lives through literature (CLTL)» бағдарламасы аясында Дж. Стейнбектің «Тышқандар мен

адамдар туралы», Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз», Дж. Лондонның «Теңіз қасқыры», Р. Бэнкстің «Қайғы», К.Кизидің «Көкек ұясының үстімен ұшқанда» туындылары АҚШ-тағы түзету мекемесіндегі қылмыскерлердің эмоциялық тұрғыдан дамуына оң әсер еткенін аңғартты [115, б. 682-690].

Бұл зерттеулердің барлығында әдебиет (әдеби шығармалар) коучингтік сессия жүргізудегі көмекші құрал ретінде қарастырылған. Алайда осы диссертациялық жұмыс аясында жүргізілген эксперименттік жұмыстар керісінше, әдеби шығармаларды оқытуда коучингтік технологияларды тиімді құрал ретінде қолданудың үлгісін көрсетті. Ол тек теориялық тұрғыдан талданып қоймай, эксперименттік зерттеу жұмысы барысында дәлелденді. Қазақ әдебиетін коучингтік технологиялар арқылы оқыту оқушылардың шығармаларға деген эмоциялық байланысын арттырып, ішкі рефлексия жасауына, өзін-өзі тануына әсер еткені байқалды. Мысалы, зерттеуге қатысқан оқушылардың арасында «Ақбілек», «Абай жолы», «Шұғаның белгісі», «Ұлпан» секілді туындыларды оқыған соң өз-өзіне деген сенімділік, мақсат қою мен табандылық қасиеттерінің артқанын атап өткендер көп болды. Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін коучингтік әдістермен оқыту оқушылардың танымдық және тұлғалық дамуына оң әсер еткені байқалды.

Оқушылармен және мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттар бұл бағыттың тиімділігін нақтылады. Әдебиетті коучинг әдістерімен оқыту – тек пәндік білім берудің емес, оқушының ішкі әлемімен жұмыс жасаудың құралы ретінде бағалануда. Мұғалімдер оқушылардың эмоциялық интеллектісінің, өзін-өзі басқару дағдысының, жауапкершілік сезімінің артатынын атап өтті. Осылайша, бұл зерттеу әдебиетті коучингтік процесте пайдаланудың жаңа бағытын – яғни, **коучингті әдебиетті оқыту құралы ретінде қолдану** идеясын ұсыну арқылы жаңа ғылыми-әдістемелік перспективаны көрсетті.

3. Коучингтік технологияларды қазақ әдебиетін оқытуда қолдану пәнді оқыту әдістері аясын кеңейтіп, практикалық тұрғыдан маңыздылығын арттырды. Бұған дейін коучингтік технологиялар білім беру саласының маңызды элементі саналғанымен, ол біртұтас педагогикалық үдерістің тек көмекші құралы ретінде қарастырылып келді. Жарияланған зерттеу жұмыстарының көбінде коучингтік технологиялар көп жағдайда білім беру институттарынан тыс (сыныптан тыс), көмекші құрал ретінде, үздіксіз білім беру үдерісінің жұмысын ілгерілететін қосымша әдістер ретінде көрсетілген. Мәселен, жеке коуч, коуч-психолог, тьютор, ментор сияқты коучинг түрлері білім беру саласында кейінгі 20-30 жылда кеңінен қолданылып келеді. Алайда, оның барлығы нақты бір пән негізінде емес, жалпы білім беру үдерісін жетілдіруші, білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруда, дамытуда қосымша құрал ретінде қарастырылады.

Қазақ әдебиетін оқытуға келетін болсақ бұған дейін коучингтік технологиялар нақты осы пәнді оқытуда қолданылатын әдіс ретінде қарастырылмады. Негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында да, мектеп бағдарламасының жоспарларында да коучинг

нақты бір пәнге байланбады, тек білім беру үдерісінің бір элементі ретінде қарастырылды. Соңғы онжылдықта Қазақстандық контекстегі коучинг және менторинг жайлы жүргізілген зерттеу жұмыстарына жүргізілген шолудан да **отандық білім беруде коучинг ұғымы әлі толыққанды кең таралмағаны, әсіресе нақты бір пәнді оқытуда әлі қарастырылмағандығы** байқалды. Көбіне бұл ұғым жалпылай қолданылатын әдістер қатарында қолданылады. Алайда, кейінгі жылдары орта білім саласында жүргізілген Жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты реформада да, қабылданған бірнеше заңнамалық құжаттарда да білім беру саласын жеке тұлғаны дамытуға бағыттау, кейбір коучингтік технологиялардың элементтерін білім беру үдерісіне кіріктіру кездеседі. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес мектепте Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың мазмұнына қойылатын келесі талаптарға сәйкес келеді: 4) пәннің мазмұнын құрайтын оқу материалдарын ұлттық рухани құндылық пен адамгершілік қағидаттары тәрбиесіне негіздеу; 6) қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологияларын, жаңа дидактикалық әдістерін қолдану, әртүрлі жобалар арқылы білім беруді (PBL) қарастыру [22, б. 109]. Одан бөлек Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін 5–11-сыныптарда оқытудың әдістемесі мен технологиялары бойынша ұсыныстарында да коучингпен байланысты бірнеше әдістер мен оқыту түрлері көрсетілген:

2. Шығармашылық және проблемалық оқыту әдістері:

- Классикалық проблемалық әдіс (Д. Дьюи бойынша).

- Зерттеушілік тәсіл: («Не білемін? Нені білгім келеді? Нені үйрендім? тұрғысынан өз әрекетін талдау).

3. Дамыта оқыту технологиялары:

- Оқушылардың өз іс-әрекетін жоспарлау және басқаруы.

4. Саралап оқыту технологиялары:

- Оқушылардың қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту.

5. Оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту технологиялары:

- Оқу проблемаларын шешудің тиімді жолдарын анықтау және таңдау әдістері.

- Оқушының жеке пікірін тыңдау, білімдерін әрі қарай дамыту.

7. Сын тұрғысынан ойлау технологиялары:

- Пікірталас, өзіндік жұмыс арқылы оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру.

8. Оқу әрекетін ұйымдастыру формалары:

- Жеке, топтық және ұжымдық форматтағы оқыту.

- Оқушыларды өзара оқытуға, бағалауға және пікір алмасуға үйрету.

9. Бағалау және кері байланыс формалары:

- Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.

10. Мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы:

- «Субъект-субъектілік» қатынас орнату [44, б. 86-94].

Коучингтік технологияларды қазақ әдебиеті сабағында қолдану пәнді оқытуда қолдануға болатын технологиялар спектрін байытып, оқытуға жаңа әдістер жүйесін қосты. Ол осы диссертациялық жұмысты жазу барысында анықталған «Коучингтік әдістер және олардың әдебиет пәнімен сәйкестігі» атты 3-суретте көрсетілді. Одан бөлек 5–11-сыныптардың барлық шығармаларының сәйкестігі анықталып, **«5-11-сыныпта қазақ әдебиеті пәні тақырыптарын оқытуда коучингтік әдістер қолдану моделі»** (4-сурет) құрылды.

Енді қазақ әдебиетінен сабақ беретін кез келген оқытушы коучингтік әдістерді өз тәжірибесінде қолдана алады. Бұл диссертациялық жұмыс және осы тақырыпта жарияланған ғылыми мақалалар мектеп мұғалімдеріне коучингтің теориясын түсінуге және практикалық маңызына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Одан бөлек мектеп қабырғасындағы басқа пәннің оқытушылары да бұл мысалға жүгініп, өз тәжірибесіне коучингтік технологияларды оқыту құралы ретінде пайдалану мүмкіндігі туындады.

4. Осы зерттеудің басты жаңалығының бірі – қазақ әдебиеті пәнін оқытуда коучингтік әдістерді жүйелі түрде қолдану мүмкіндігін негіздеу мен оны мектеп бағдарламасына кіріктірудің әдістемелік моделін ұсыну болды. Бұған дейінгі ғылыми еңбектерде әдебиетті коучинг құралы ретінде пайдалану ұсынылып келсе, бұл зерттеу **коучингті әдебиетті оқытудағы тиімді әдіс** ретінде қолдану мүмкіндіктерін көрсетті. Әдістемелік карта әдебиет пәнінің мазмұны мен құрылымын, білім беру мақсаттарын, оқушыда қалыптасасын дағдыларды коучингтік технологиялармен байланыстыру негізінде жасалды. Ол келесідей негізгі бағыттарда жүйеленеді:

а) ***Коучингтік әдістің базалық білім мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігі.*** Қазақ әдебиеті пәнінің мазмұны «Түсіну және жауап беру», «Анализ және интерпретация», «Бағалау және салыстыру» атты үш негізгі оқу мақсатына негізделеді. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін коучингтік әдістер шығарманың мазмұнына, пішініне, тіліне, композициясына, тарихи және көркемдік құндылығына байланысты тапсырмалар арқылы іске асады. Әдебиет сабағында коучингтік технологияларды қолдану оқушының өзін-өзі тану, өз ойын білдіру, мақсат қою, жоспарлау, рефлексия жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

ә) ***Коучингтік әдістердің әдеби шығармалармен байланысы.*** Зерттеу барысында 10-сынып бағдарламасына енген шығармалар мен олармен сәйкес келетін коучингтік әдістер салыстырылды. Мысалы, Абайдың «Сегіз аяқ», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңдері мәселеге негізделген коучинг арқылы оқытылады, бұл оқушының жаман әдеттерден арылу, өз әрекетін бағалау дағдыларын дамытады. «Он жетінші сөз» ішкі диалог пен өзін-өзі тануға негіз болады. «Отыз екінші» және «отыз үшінші сөздер» – нұсқаулық және жеке даму коучингі арқылы мақсат қою мен еңбектенуге бағыттайды. Ж. Аймауытовтың

«Ақбілек» романы эмоционалдық интеллект коучингі арқылы оқытылып, оқушының эмпатия, сабырлылық, ішкі күш, рефлексия дағдыларын қалыптастырады. Ш. Құсайыновтың «Томирис» драмасы мен Ж. Бөдештің «Жалғыз» поэмасы тұлғалық даму, «Мен» концепциясы, жалғыздық пен даралық ұғымдары негізінде жеке даму және өз-өзіне коучинг тәсілдері арқылы оқытылады.

б) **Әдістемелік карта құрылымы.** Әдістемелік карта төмендегідей үш негізгі элементтің бірлігінде құрылды:

- Әдеби шығарма мазмұны мен идеясы (тақырып, кейіпкерлер, идея);
- Қолданылатын коучингтік әдіс (мәселеге негізделген коучинг, ішкі диалог, менторинг, т.б.);
- Қалыптасатын дағды (мақсат қою, өзін-өзі тану, рефлексия, сенімділік, эмоционалды интеллект).

Мысалы, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқу кезінде оқушы шығарманың мәнін түсініп, жаман әдеттерден арылудың маңызын Via Negativa әдісі арқылы ұғынып, кейінгі әрекетін мақсат қою және сол мақсатқа жету стратегиясымен байланыстырады (Via Positiva). Мұндай құрылым сабақтың әр кезеңінде оқушының ішкі ресурстарын жандандырып, шығарманы тек мәтін ретінде емес, өмірлік тәжірибе ретінде қабылдауға жол ашады.

в) **Оқушыны тұлғалық тұрғыдан дамытудағы рөлі.** Әдістемелік карта оқушылардың тек әдеби білімін арттырумен шектелмей, олардың эмоционалдық, әлеуметтік, тұлғалық дағдыларын дамытуды көздейді. Коучингтік әдістер оқушының ішкі әлеуетін ашуға, өмірлік мақсаттарын айқындауға, өз ішкі даусын тыңдауға, рефлексия жасауға мүмкіндік береді. Бұл – қазіргі білім беру жүйесіндегі құндылықты оқыту ұстанымдарымен ұштасады.

Зерттеу нәтижесінде жасалған **коучингтік технологияларды қолдану картасы әдебиетті оқытудың мазмұны мен формасына тың серпін берді.** Бұл әдіс оқушының шығармашылық әлеуетін, дербестік пен жауапкершілігін арттырып, білім алуды өмірлік қажеттілікке айналдыруға ықпал етеді.

5. Білім беру процесін ұйымдастыруда коучингтік технологиялар бұған дейін «педагог-педагог», «директор-педагог», «директор-мектеп әкімшілігі» жүйесінде қолданылып келді. Коучингтік технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктерін анықтау арқылы білім беру процесінде **«педагог-оқушы» жүйесі қалыптасты.**

Эксперименттік топтағы оқушыларды оқытуда коучингтік әдістерді пайдалана отырып, олардың тұлғалық және танымдық даму деңгейін арттыратын әдістемелік іс-әрекеттер кешені жүргізілді. Бұл іс-әрекеттерге: рефлексияға негізделген сұхбат жүргізу, мақсат қою мен мотивацияны анықтау, эмоционалды интеллектті дамыту, өзіндік шешім қабылдауға бағыттау, өмірлік миссиясын табуға бағыттау кірді. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас симметриялы сипат алып, педагог коуч рөлінде әрекет етті. Бұл модель оқушыны тек білім алушы емес, сол білім арқылы өзін дамытушы белсенді субъект ретінде танытады.

Зерттеу барысында алынған сапалық және сандық деректер коучингтің «педагог-оқушы» жүйесіндегі әлеуетін көрсетті. Фокус-топ сұхбаттары мен сауалнама нәтижелері **коучингтік әдістердің оқушылардың өзін-өзі тануына, жауапкершілік сезімінің артуына, эмоционалды күйінің тұрақтануына және әдеби мәтінді терең түсінуіне** ықпал еткенін байқатты. Эксперименттік топтағы **оқушылар** әдеби шығармадағы **кейіпкердің сезімін түсінуге, өз тәжірибесімен салыстыруға, ішкі рефлексия жасауға** ұмтылған. Бұл олардың тек білім алушы ретіндегі емес, тұлға ретінде жетілу процесінде екенін аңғартты.

6. Коучинг әдісінің басты артықшылығы – оқушының жеке ерекшеліктеріне, тұлғалық болмысына, ішкі мотивациясына, эмоционалдық ахуалына бағытталған әрекет етуінде. Коучинг арқылы білім беру процесінде оқушы «пассивті тыңдаушыдан белсенді әрекет етушіге» айналады. Ол өзіне мақсат қойып, әрекет етіп, өз бетінше ізденуге, қорытынды жасауға дағдыланады. Бұл ретте оқушының өзіндік «Менін» тануы, ішкі мотивациясының оянуы, эмоционалдық интеллектісінің дамуы маңызды факторларға айналады.

Коучинг оқушының өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз қабілеттерін бағалап, мақсатқа ұмтылуына негіз болады. Зерттеу нәтижесінде коучинг әдістерін қолданған сабақтардан кейін оқушылардың бойында келесі өзгерістер анықталды: жауапкершілік, шешім қабылдау, сыни ойлау, коммуникативтік дағдылар және өзіндік мотивация. Қорытынды сауалнама нәтижесі бойынша коучинг жүргізілген сынып оқушыларының 76,5%-ы «өз пікірін ашық айта аламын» десе, бастапқы кезеңде бұл көрсеткіш 54,3% болған. Сондай-ақ, фокус-топта бір оқушы: *«Мұғалім маған сенетінін көрсетті. Мен де өзіме сенуді үйреніп келемін»*, – деп атап өтті. Бұл оқушының ішкі өсу процесін, өзін тұлға ретінде бағалай бастағанын дәлелдейді.

Коучинг үдерісінің негізінде оқушыны сұрақ қою арқылы өзіне үңілдіру, ішкі дүниесіне енуіне жол ашу жатыр. Мұндай тәсілдер арқылы оқушы рефлексияға, яғни өз тәжірибесіне баға беруге, одан қорытынды шығаруға үйренеді. «Мен кіммін?», «Мен қандай болғым келеді?», «Өмірлік ұстанымым қандай?» сияқты жаттығулардың нәтижесінде оқушылар тек әдеби кейіпкерлерді емес, өз өмірін де талдай бастайды. Бір оқушы жазғандай: *«Абайдың Құнанбаймен қарым-қатынасы менің әкеммен қарым-қатынасымды еске түсірді. Мен де түсінісуге тырысып көргім келеді».*

Коучингтік әдістер арқылы өткізілген сабақтар барысында мұғалімнің тапсырмасы да өзгереді. Енді ол оқушыға нақты жауап бермейді, керісінше сұрақ қоя отырып, өз бетімен ізденуге, ойланып шешім қабылдауға итермелейді. Бұл тұста Қ. Бітібаеваның «ой тастау – ойланту – ойлау» технологиясы коучингпен тығыз үндеседі. Әдіскер ұсынған технология да оқушыны белсенді субъект ретінде танып, мұғалімнің оқушыға ой тастау арқылы оны ойлануға, одан әрі өз ойын дамытуға бағыттайды. Бұл коучингтің «коуч – коучи» жүйесіне сәйкес, «мұғалім – оқушы» қатынасымен толық үндеседі.

Коучинг әдісін қолдана отырып оқушының ***эмоционалды интеллектісін*** жүйелі түрде дамытуға болады. Әсіресе, әдеби шығармаларды талдау арқылы оқушылар эмпатия, рефлексия, өзін-өзі тану, ішкі күйді түсіну сынды ЭИ компоненттерін меңгере бастайды.

Зерттеу аясында коучингтік әдістермен өткізілген әдебиет сабақтары оқушылардың эмоциялық реакциясын, рефлексия жасау дағдыларын айтарлықтай жақсартты:

1) Эмпатия деңгейі: бастапқыда 61,4% → 75,0% (+13,6%);

2) Эмоцияны басқару: бастапқыда 52,6% → 65,9% (+13,3%);

3) Қарым-қатынас жасау дағдысы: бастапқыда 56,3% → 68,1% (+11,8%).

Оқушылардың жазған «рефлексия күнделіктері», пікірлері, және бақылау парақтары бұл мәліметтерді нақтылайды. Олардың көпшілігі «сабақта өз пікірімді еркін айта алдым», «кейіпкердің орнына өзімді қойып көрдім», «өзім туралы ойлануға мүмкіндік алдым» деген мазмұндағы пікірлер білдірген.

Жоғарыда талданған нәтижелерге сүйене отырып, төмендегідей тұжырым жасауға болады:

1) Коучингтік технологиялар оқушының өзін-өзі тануына, ішкі әлеуетін ашуына, тұлғалық және эмоционалдық тұрғыдан жетілуіне нақты ықпал етеді.

2) Коучинг – «педагог-оқушы» серіктестігіне негізделген, жеке тұлғаның өсуіне мүмкіндік беретін әдіс.

3) Оқушы өзін тұлға ретінде сезінеді, эмоциясын басқаруға, басқаны түсінуге, ішкі ойлау қабілетін дамытуға машықтанады.

4) Осыған орай, коучинг – тек білім мазмұнын игеру құралы емес, тұлғалық даму құралы ретінде де айқын мәнге ие.

Үшінші бөлім бойынша тұжырымдар

Бұл бөлімде коучинг әдіснамасының тиімділігі мен қолдану мүмкіндігі педагогикалық тәжірибе арқылы тексеріліп, нәтижелері ғылыми тұрғыда талданды. Эксперименттік жұмыс жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушылары арасында жүзеге асырылды. Эксперименттің мақсаты – коучинг әдістерінің қазақ әдебиетін оқытудағы тиімділігін бағалау, оқушылардың танымдық, тұлғалық және рефлексиялық даму деңгейіне әсерін анықтау болды.

Зерттеу үш кезеңнен тұрды: анықтаушы, қалыптастырушы (қолдану) және бағалаушы. Анықтау кезеңінде коучингке негізделген авторлық бағдарлама құрылып, оқушылардың бастапқы білім деңгейі мен оқуға қатысу белсенділігі анықталды. Қалыптастыру кезеңінде коучинг әдістеріне негізделген сабақтар жүргізілді. Бұл сабақтарда оқушылардың әдеби шығармаға байланысты көзқарасын еркін білдіру, кейіпкердің әрекетіне талдау жасау, өз пікірін дәлелдеу, өмірмен байланыстыра отырып ой қорыту дағдылары дамытылды.

Қорытынды кезеңде алынған нәтижелер статистикалық тұрғыда талданды. Экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерді салыстыру арқылы коучинг

әдіснамасының тиімділігі дәлелденді. Атап айтқанда, **эксперименттік сынып оқушыларының танымдық белсенділігі, шығармашылық ойлау деңгейі, өзіндік пікір білдіру және әдеби шығарманы өмірлік тәжірибемен байланыстыра алу қабілеті едәуір жоғарылағаны анықталды.**

Сонымен қатар оқушылардың **сабаққа қатысуы, ынтасы, бірін-бірі тыңдау мен қолдау мәдениеті** де оң өзгерістерге ұшырағаны байқалды. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас серіктестік сипатына ие болып, **оқушылардың өз-өзіне сенімділігі артты**. Бұл – коучинг әдіснамасының тұлғаға бағытталған басты нәтижелерінің бірі.

Қорытындылай келе, үшінші бөлімде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қазақ әдебиетін оқытуда коучингтік технологияларды қолданудың практикалық тиімділігін нақты дәлелдеді. Коучингке негізделген әдістемелік жүйе оқушылардың танымдық, эмоционалдық және тұлғалық дамуына ықпал етіп, қазіргі білім беру талаптарына сәйкес келетін инновациялық оқыту моделі ретінде өзектілігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері бұл әдіснаманың кең көлемде білім беру практикасына енгізілуінің маңыздылығын айғақтайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту, оның рухани-адамгершілік болмысын қалыптастыру, шығармашылық әлеуетін ашу, сыни және креативті ойлауын жетілдіру, сондай-ақ өмірлік қажетті дағдыларды меңгерту. Әсіресе, Industry 4.0 дәуіріне сай құзыреттерді қалыптастыру аясында қазақ әдебиеті пәні тек көркем мәтінді талдауға бағытталған пән емес, сонымен қатар оқушының ішкі жан-дүниесіне әсер ететін, құндылықтық тәрбие мен эмоционалдық даму құралына айналуы тиіс.

Диссертациялық зерттеу осы кешенді практикалық міндеттерге жауап бере алатын тиімді әдіс – коучингтік технологияларды қазақ әдебиетін оқытуда қолданудың теориялық және әдістемелік негіздерін анықтауға бағытталды. Ғылыми жұмыста коучинг ұғымының біртұтас педагогикалық процестегі орны, маңыздылығы және дидактикалық мүмкіндіктері жан-жақты сараланып, оның әдебиетті оқыту үдерісіне интеграциялануының тиімді үлгісі ұсынылды.

Коучингтің теориялық негіздері әлемдік және отандық ғылыми әдебиеттерге кешенді шолу жүргізу арқылы жүйеленді. Психология, философия, білім беру, кәсіпкерлік, спорт салаларындағы коучинг тәжірибелері қарастырылып, соның ішінде позитивті психология, когнитивті мінез-құлық терапиясы (CBT), өзін-өзі анықтау теориясы (SDT) сияқты іргелі бағыттардың коучинг әдіснамасына әсері негізделді. Бұл теориялар **тұлғаның ішкі мотивациясын, рефлексиялық қабілетін, эмоционалды интеллектісін дамытуда маңызды** екені дәлелденді.

Зерттеу жұмысында ғылыми-әдістемелік айналымдағы **59 коучингтік әдіс анықталып**, олардың мазмұны мен қолдану аясына қарай бес салаға жіктелді: білім беру, психология, кәсіпкерлік, экономика және спорт. Әдістердің әдебиет пәнімен сәйкестігі сараптамалық талдау негізінде үш деңгеймен бағаланып, **18 әдістің қазақ әдебитеті пәнінің білім мазмұнын игеруде және пәннің сабақ мақсаттарына жетуде жоғары сәйкестік деңгейіне ие** екені айқындалды. Бұл әдістер әдеби шығармаларды терең түсіну, кейіпкер әрекеттерін саралау, өмірлік моральдық таңдау жасау және өзін-өзі тануға бағытталған тапсырмалармен ұштасты.

Бұған дейін әдеби шығармалар көбіне коучингтік сессияларда көмекші құрал ретінде пайдаланылса, бұл зерттеу керісінше – коучинг технологияларын әдебиетті оқыту әдісі ретінде қолданудың ғылыми және әдістемелік тұғырын ұсынды. Әсіресе, әдеби шығармалардағы моральдық-этикалық дилеммалар, кейіпкердің ішкі жан дүниесі, эмоционалды күйі оқушыға өзін тануға, рефлексия жасауға, өмірлік ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Практикалық және әдістемелік зерттеу нәтижелерінің қорытындысы ретінде **коучингтік технологияларға негізделген 5-11-сыныптарда қазақ әдебиетін оқытуға арналған әдістемелік модель** ұсынылды. Бұл модельде пәннің мазмұны

мен құрылымы, оқу мақсаттары және оқушыда қалыптасатын дағдылар коучингтік әдістермен байланыстырылды.

Зерттеу барысында жасалған әдістемелік карта оқушылардың тек әдеби білімін ғана емес, эмоционалдық, әлеуметтік және тұлғалық дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды біріктіреді. Бұл картада әр шығарма бойынша қолданылатын коучинг әдісі, оқу мақсаты және қалыптасатын дағдылар үштік байланыста ұсынылды. Мысалы, Абайдың «Он жетінші сөзін» ішкі диалог әдісімен оқыту – оқушыны өз болмысын түсінуге және өзіндік шешім қабылдауға баулиды.

Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс нәтижелері коучингтік технологиялардың білім мазмұнын игеруде, пәннің міндеттерін орындауда тиімділігін нақты дәлелдеді. Сабақ барысында **оқушылардың шығармашылық белсенділігі, әдеби мәтінді өмірмен байланыстыра талдау қабілеті, эмоциялық жауап беру және рефлексия жасау** дағдылары артты.

Сапалық және сандық деректер нәтижесі **оқушылардың эмоционалдық интеллектісінің айтарлықтай өскенін** көрсетті. Фокус-топтық сұхбаттарда **оқушылар өз ойларын ашық айтуға үйренгенін, әдеби шығарма кейіпкерлері арқылы өмірлік мәселелерді тереңірек түсінгенін, мұғалім тарапынан сенім мен қолдау сезінгенін** атап өтті.

Коучинг әдісі «педагог-педагог» не «педагог-мектеп әкімшілігі» жүйесінде ғана емес, енді **«педагог-оқушы»** жүйесінде де қолданыла бастады. Бұл – қазіргі заманғы педагогиканың «субъект-субъект» принципіне толық сәйкес келеді.

Коучингтік технологиялардың басты артықшылығы – оқушының жеке ерекшелігіне, ішкі қажеттілігіне бағытталған білім беру. Мұндай әдіс оқушыны оқу үдерісінің пассивті тыңдаушысынан белсенді қатысушысына айналдырады. Оқушы өзіне мақсат қояды, шешім қабылдайды, ішкі рефлексия арқылы өзін тануға ұмтылады. Осы арқылы ол тек пәндік білім ғана емес, **өмірлік құндылықтар мен адами қасиеттерді меңгереді**.

Диссертация жұмысы бойынша келесі қорытынды тұжырымдар ұсынылады:

1. Коучинг – оқушының өзіндік болмысын, мотивациясын, эмоциялық күйін тануға бағытталған білім беру әдісі;

2. Коучингтік технологияларды қазақ әдебиеті пәнінде жүйелі қолдану – оқытудың мазмұны мен әдістемесін жаңғыртудың тиімді жолы;

3. Әдеби шығармаларды оқушының тұлғалық, эмоциялық және моральдық дамуына ықпал ететін коучингтік құрал ретінде пайдалануға болады;

4. Коучингтік технологияларды қолдану негізінде қалыптасқан әдістемелік карта мен модель мұғалімдерге бұл әдістерді өз сабағында қолданудың тәжірибелік үлгісін құрайды.

5. Эксперимент нәтижелері коучингтің оқу үдерісіне оң ықпалын нақты көрсетті, оқушылардың тұлғалық, эмоционалдық және когнитивтік қабілеттерін арттырды.

6. Коучинг тек оқыту құралы ғана емес, тұлғалық даму философиясы ретінде әдебиетті оқытудың жаңа парадигмасын қалыптастырады.

Бұл диссертациялық зерттеу коучинг әдіснамасын қазақ әдебиетін оқытуда қолданудың ғылыми, теориялық және тәжірибелік негіздерін жүйелі түрде ұсыну арқылы гуманистік педагогика талаптарына жауап беретін, тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асырудың тиімді жолын көрсетті. Ол өз кезегінде білім беру жүйесіне жаңаша әдіснамалық бағыт ұсына отырып, әдебиетті оқытудың мазмұны мен формасын жаңа деңгейге арттыруы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Шваб К. Төртінші өнеркәсіптік революция (The Fourth Industrial Revolution). – Женева: Бүкіләлемдік экономикалық форум, 2016. – 184 б.

2 International Commission on the Futures of Education. Reimagining our futures together: a new social contract for education. – Paris: UNESCO, 2021. – 188 p.

3 Organisation for Economic Co-operation and Development. OECD Learning Compass 2030: A series of concept notes. – Paris: OECD, 2019. – 12 p.

4 Тоқаев Қ.-Ж. Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі // akorda.kz. 15.03.2024.

5 Yessenbekova U., Aldabergenova Z., Mamankul A., et al. The Impact of the Digital Format on Kazakh Youth's Information Consumption and Reading Culture // Publishing Research Quarterly. – 2025. – Vol. 41. – P. 113–131.

6 История философии: Учебник для вузов / Под ред. В.В. Васильева, А.А. Кротова, Д.В. Бугая. – 2-ое изд., испр. и доп. – М.: Академический проект, 2008. – 783 с.

7 Әлемдік педагогикалық ой сана. 10 томдық. 1-том: Ежелгі дәуір / Жетекшісі Ә.Н. Көшербаева. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 400 б.

8 Әлемдік педагогикалық ой сана. 10 томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. 4-том: Жаңа дәуірдегі педагогикалық ойлар (XVII-XVIII ғғ.) / Жетекшісі К.М. Қалиева. – 484 б.

9 Әлемдік педагогикалық ой сана. 10 томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2009. 6-том: XX ғасырдың бірінші жартысындағы педагогика ғылымы дамуының негізгі тенденциялары. / Жетекшісі К.С. Успанов. – 368 б.

10 Әлемдік педагогикалық ой сана. 10 томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011. 7-том: XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік ғұламалардың еңбектері мен ой-пікірлері. / Жетекшісі Г.К. Ахметова. – 328 б.

11 Фрейре П. Педагогика угнетённых / пер. с англ. Н. Демьяновой. – Москва: Радикальная теория и практика, 2019. – 256 с.

12 Әлемдік педагогикалық ой сана. 10 томдық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2009. 2-том: Шығыс әлемі (орта ғасыр) / Жетекшісі Ә.Н. Көшербаева. – 400 б.

13 Бим-Бад, Б.М. Педагогический энциклопедический словарь. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. – 528 с.

14 Сластенин В.А., Чижаков В.А. Методология и методы педагогического исследования. – М.: Академия, 2008. – 224 с.

15 Шадриков В.Д. Методология научного познания / В. Д. Шадриков. – М.: Логос, 2006. – 296 с.

16 Hurkova T., Lozenko A., Hroshovenko O., Tsapko A., Zubtsova Y., Onyshchenko N. Mentoring and coaching in the training of teachers for the new Ukrainian school // Revista Romaneasca Pentru Educatie Multidimensionala. – 2022. – Vol. 14, № 4 (Suppl. 1). – P. 171–186.

17 Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі: мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студенттерге арналған. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.

18 Айтенова Д.О. ЖОО-да Қарахан дәуірі әдебиетін жаңа гуманитарлық білім аясында оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері: философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Шымкент: Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 2024. – 173 б.

19 Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы: Қыздар университеті, 2015. – 242 б.

20 Сламбекова Т.С. Педагогика: жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. 1-кітап: Педагогиканың жалпы негіздері. – Алматы : ССК, 2020. – 268 б.

21 Сламбекова Т.С. Педагогика: жоғарғы оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. 3-кітап: Оқыту теориясы. – Алматы: ССК, 2020. – 266 б.

22 Орта білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 240 б.

23 Кун Т. Структура научных революций. / пер. с англ. – М.: АСТ, 2003. – 605 с.

24 Кови С.Р. Жасампаз жандардың 7 дағдысы: тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері / ағылш. тілінен ауд. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 352 б.

25 Абдимомынов Е.Б. Білім берудің қазіргі парадигмалары негізінде М. Әуезовтің әңгімелерін оқыту әдістемесі : философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация / Е.Б. Абдимомынов; ғылыми кеңесшілері: Сманов Б.У., Онал М.Н. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2024. – 130 б.

26 Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Рауан, 1997. – 272 б.

27 Балтабаева Н.С., Панзабек Б.Т. Қазақ әдебиетін оқытудағы көшбасшылықтың рөлі // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2022. – № 2. – Б. 98–107.

28 Pushpa V.K., Savaedi S.Y. Teaching poetry in autonomous ELT classes // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 98. – P. 1919–1925.

29 Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 қабылданған // https://adilet.zan.kz/kaz/docs. 17.09.2024.

30 Whitmore J. Coaching for Performance. – Nicholas Brealey Publishing, 2002. – 224 p.

31 Landsberg M. The Tao of Coaching: Boost Your Effectiveness at Work by Inspiring and Developing Those Around You. – London: Profile Books, 2003. – 126 p.

32 Kadyrova S. The role of the mentor in the first year of teaching // Nugse Res. Educ. – 2017. – Vol. 2. – P. 27-35.

33 Kairat G. Mentoring in Higher Education: The Case of Kazakhstan: PhD dissertation. – Budapest: Eötvös Loránd University, 2020. – 200 p.

34 Горелов, С.В. Основы научных исследований: учебное пособие / Горелов С.В., Горелов В.П., Григорьев Е.А.; под ред. Горелова В.П. – 2-е изд., стер. – М.-Берлин: Директ-Медиа, 2016. – 533 с.

35 Есова С., Субханбердина Y., Сейфуллина Д. Қазақ кітаптары (библ. Көрсеткіш, 1807–1917). – Алматы, 1986. – 285 б.

36 Бөжеев М., Қазбекова Д., Бегімбаева К. Революцияға дейінгі қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар. – Алматы, 1978. – 170 б.

37 Сәбитов Н. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші (1862–1917). – Алматы, 1948. – 186 б.

38 Жиреншин Ә. Қазақ кітаптарының тарихынан. – Алматы: «Қазақстан», 1971. – 178 б.

39 Смагулова Н.К. Алаш қайраткерлерінің әдістемелік ой-пікірлері // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. – 2022. – № 1. – Филология сериясы. – Б. 113–120.

40 Жарылғапов Ж.Ж. Жоғары мектепте ұлттық әдебиетті зерттеу мен оқытудың әдіснамалық мәселелері // Қарағанды университеті хабаршысы. – 2022. – № 2(106). – Филология сериясы. – Б. 134–140.

41 Мұқашева М.К. Орта білім беру жүйесінде қазақ әдебиетін Қ. Бітібаева технологиясы арқылы оқыту // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. – 2021. – № 3. – Б. 81–91.

42 Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (за 30 лет Независимости и 2021 год). – Астана: Министерство просвещения Республики Казахстан, Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2022. – 177 с.

43 Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 408 б.

44 «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» (5–11-сыныптарда), «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Геометрия», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерін (10–11-сыныптарда) оқытудың әдістемесі мен технологиялары бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021. – 278 б.

45 Laurea T. Teaching poetry in the EFL classroom. The motivational potential in the first two years of upper secondary education. – 2020. – 115 p.

46 Kheladi M. Investigating EFL Learners' Attitudes towards Literature Teaching Methods: Case of 2nd Year LMD Students at the University of Tlemcen, Algeria: Master's Thesis / M. Kheladi. – Tlemcen: University of Tlemcen, 2013. – 112 p.

47 5-9-сынып білім алушыларының икемді дағдыларын (soft skills) дамыту және бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 241 б.

48 Калдыбекова Р., Абдиманапов Б., Карменова Н., Бердыгулова Г. Оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын сұрақ қою әдісі арқылы қалыптастыру жолдары // Қарағанды университеті хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2023. – №1(109). – Б. 152–159.

49 Nieragden G. The soft skills of business English // The Weekly Column. – 2000. – Vol. 28. – P. 1–8.

50 Abisheva A.Y., Yeralina E.M. Soft skills of bachelor's degree students: analysis of sources by gender for employment // Central Asian Economic Review. – 2022. – №1. – P. 60–72.

51 Гоулман Д. Эмоциональный интеллект: почему он может значить больше, чем IQ / пер. с англ. А. Исаева. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2014. – 464 с.

52 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, Ана тілі, 1992. – 448 б.

53 Abdikadyrova N.R., Abdimomynov E.B., Mehme N.O. Teaching methods of M. Auezov's stories based on modern education technology // Bulletin of the Karaganda university. Philology series. – 2020. – Vol. 97, No. 1. – P. 122–144.

54 Кудряшев Н.И. Методика преподавания литературы. – М.: Просвещение, 1982. – 256 с.

55 Ильин Е.Н. Путь к ученику. – М.: Просвещение, 1988. – 176 с.

56 Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 200 б.

